



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№3 (29) 2015





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

3 (29) 2015

(мамыр-маусым)

3

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі – академик.

Есполов Т.И. - Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. - Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.,

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахәев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Еларалық Ш.Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филология мамандықтары» кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - директор института Искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор;

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик.

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.,

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Межгосударственный Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав. кафедрой филологических специальностей Института Филологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

**the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
academician of the NAS RK**

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the director of Art, Culture and Sport Institute of the Abai KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the Altynsarin National Knowledge Academy;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor, honored doer of the republic of Kazakhstyan, the member of the Nostradamus International Academy, academician.

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of the Abay KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair «Religious and Cultural Studies» of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the head of philological specialties of the Institute Philology of the AbaiKazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



Өткен 23 жыл – біз үшін ғасырға бергісіз жылдар. Кезең-кезеңімен жүргізілген тұрақты саясаттың арқасында біз бүгінгі белеске көтерілдік. Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес. Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылдық. Біз үшін көк аспанымыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ

*Қазақстан республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев
Қазақстан халқына үндеуі
25.02.2015ж.*

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің қызметкері, профессор

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Білімсіздің күні қараң. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген білімді ұрпақ өз Отанын даму жолында аянбай тер төгеді. Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда «алма піс, аузыма түс» деп жатудың өзі әбестік. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету әркімнің міндеті.

Бүгінгі жас болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Жастарды білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу білімнің тізгінін ұстату мемлекет пен қоғамның міндеті саналады. Осы тұрғыда профессор Әдібай Табылдың Қазақ Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің ұсынуы бойынша (№Ж-Т-Т-52\1.23,08.2013ж.) факультативтік немесе тәрбие сағаты формасына негізделген «Әдептік сабақтар» оқу құралының тәрбиелік мәні зор. Осы себепті, журналымыздың кезекті санына аталмыш кітаптан сабақ түрлерінен үзінді беруді жөн көрдік.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ ҚЫРЫҚ БІР ӘДЕБІ

Мақалада ұлттық әдеп дәстүрінің тәрбиелік мәні кеңінен ашылған. Ата-бабаларымыздың өмір тәжірибелерінен, халықтық әдет-ғұрып болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі-нұсқаларды өне бойы өнеге ету, ұрпақтарына үйретіп, тілек тілеп, жастарды жақсы жолға бастау керектігі жазылған.

Түйін сөздер: ұлттық тәрбие, әдеп, ұлттық дүние-таным, ата-дәстүр, өнер.

В данной статье широко раскрыта тема роль этики в национальном воспитание. А также истоки возрождения культуры в осознании народных традиций и народной этики, в соблюдении общечеловеческих ценностей, в возрождении чувства собственного достоинства, ведь у всех народов почиталось уважительность и честность, порядочность и тактичность, соблюдение норм поведения и общения.

Ключивые слова: Национальное воспитание, этика, национальные мировоззрение, обычай, искусство.

In this article is wide open topic of ethics in national education. And the origins of cultural revival in the awareness of folk traditions and folk ethics, compliance with universal human values, in the revival of self-esteem, because all peoples revered respectfulness and honesty, integrity and tact, compliance behavior and communication.

Keywords: national education, ethics, national worldview, custom, art.

1. Қыз абыройын берік сақтау. 2. Ұлттық салт-дәстүрден аттамау. 3. Үлкендердің жолын кесіп өтпеу, атын тергей атау. 4. Нәпсі-құмар болмау. 5. Жарыса сөйлемей. 6. Жалғыз қыдырмау. 7. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлемей. 8. Орынсыз нәрсеге ұрынбау. 9. Басқаларға қол тигізбеу. 10. Өтірік, өсек айтпау. 11. Суық жүріс, сумаң қылық жасамау. 12. Кісіге қарап, керіліп есінемеу. 13. Тал-

тайып отырмау. 14. Шалқайып жатпау. 15. Тамақты обырлана асамау. 16. Ұрлық-қарлық жасамау. 17. Ұятты мүшелерін ашып жүрмей. 18. Бұраңдап, қылымсымау. 19. Қызыл іңірде ұйқыға жатпау. 20. Түске дейін ұйықтамау. 21. Кісі алдында киім ауыстырмау. 22. Елді (өз елін, басқа елді) ғайбаттамау. 23. Ішімдік пен шегімдіктен аулақ болу. 24. Ұрыс-керістен аулақ болу. 25. Беттен алып,

бет жыртысудан аулақ болу. 26. Қарау болмау, ысырап жасамау. 27. Рахымсыз болмау, қатыгездік жасамау. 28. Түнде суға жалғыз бармау. 29. Жат жыныстылармен араласып жатпау. 30. Анамен ақылдасып отыру. 31. Әдепсіз сөз айтпау. 32. Жүріс-тұрыста, сөйлеуде әдептілік көрсету. 33. Адам мен жануарларды теппеу. 34. Кісіні қорлап, жәбірлемей. 35. Тәкаппарлық пен сиқымазақ жасамау. 36. Айғай-сүрең жасамау. 37. Шектен тыс сыланып, жағымсыз жасанбау. 38. Қызғаншақ, күншіл болмау. 39. Алдап-арбаудан аулақ болу. 40. Көрсеқызар болмау. 41. Қанағатсыз болмау.

Тапсырма:

1 Қазақ қызының 41 әдебін 8 сабаққа бөліп, әрбір әдепке бір-екі сөйлеммен түсінік жаз. Мысалы:

а) Қыз абыройын берік сақтау – Ақылсыздықпен абыرويدан айрылып қалмау. Үйленгенше жыныстық қатынас жасамау.

б) Ұлттық салт-дәстүрлерден аттамау – Қалыптасқан салт-дәстүрлерді, міндетті түрде орындау.

2. Қыздар әрбір сабақта тәрбиешінің сұрақтарына байланысты қыз әдебін қалай сақтап жүргенін ауызша айтады, тәрбиеші (оқытушы) балл қояды.

Атаны сыйлау әдебі

Ата – отбасындағы ең ардақты, құрметті тұлға. Ата мейірі немерелеріне, шөберелеріне нұр болып құйылады. Ең әуелі ата ұрпағының денсаулығына ерекше көңіл бөліп, қадағалап отырады. Баланың уақтылы тамақтануы, іс-әрекет тәртібін сақтауы, ойнауы, оқуы, өнермен шұғылдануы атаның зерлеуінде болады. Ата немересіне «Балақан-жалынды немерем, Қаласаң жанымды берер ем» деп жақсы көреді. Ақылды ата немересін өбектей бермейді, өнеге береді. Баланың әрбір әрекетіне байланысты «жылы шырай» көрсету, құптау, сүйіну, демеу, мадақтау – қуану атаның тірлігіндегі тәлімді көріністер.

Ата немереге өнегеге, өсиет айтумен бірге үмітті үлгі көрсетеді. Ол - әдебиетші, психолог, педагог, тарихшы, ақпаратшы, адалниетті, ақжарқын тұлға.

Ата оқытады, жаттатады, үйретеді, әдеп сақтауды талап етеді, өзі сауаттылық пен салтанаттылықты көрсетіп отырады. Ұрпағы атасының тәрбиелік нұсқаларын әдеппен іске асыруға міндетті.

Атаның балаға тәрбие берудегі бір игі қасиеті – баланың жақсылықтарын жарқын көрсетіп, қуаныш нұрын төгуі. Ол қасиет баланың үміт пен сенімін арттырып, іс-әрекетте, тіршілікте ол атаның қуанышын молайтып, құлшыну мен жігер-қайратын арттырып отырады.

Атада талап ету ізеттілікпен, мәжбүр ету мейірімділікпен орындалады. Ата немереге дауыс көтермейді, дабырамайды, баланы байыппен басқарып, бақытқа жетіп отырады. Атаны күту, сыйлау, құрмет көрсету-ата сыйлаудың әдептік парыздары болып табылады.

Мына тақпақты жаттап ал:

АТАМА БАС ИЕМІН

Атам маған күлімдеп:

-Айналайын, күнім! - деп,

Өсиетін айтады,

Өскенімді байқадым.

Асылын маған сақтайды:

-Алтыным! – деп, мақтайды.

Білімді де, мейірлі...

Білмес атам кеюді.

Жақсы болсам аташым

Беріп маған батасын,

Мейірлене сүйеді:

Атама бас иемін.

Тапсырма:

1 «Мен атамды сүйемін» деген тақырыпта шағын шығарма жаз.

Әжені сыйлау әдебі

Әже - әулеттің аруанасы, аналардың анасы, балалардың панасы. Әлемде әже мейірімінен артық мейірім жоқ. Әже немере тәрбиесіне минөт сайын көңіл бөліп, көзінің қарашығындай қадірлеп қарайды.

Ұлттық әдеп бойынша, әрбір немере - әженің жүрегі, жадыратқан жаны, өмірінің қызығы. Сондықтан әже бала тәрбиесіне олардың әке-шешесінен де артық, айрықша қа-

райды. «Сенің жеті балаңа жүрегімді жетіге бөліп беремін» дейтін менің балаларымның әжесі – Дәрдене анам.

Қазақта «өз балаңды өскенше көтересің, балаңның баласын өлгенше көтересің» деген мақал бар. Әрбір әже немересінің киінуіне, сүйінуіне, тамақтануына, жарактануына, өнерленуіне, шеберленуіне, ойнауына, ойлауына зер салып, зерлеп, қадағалап, қамқорлық жасап отырады.

Қазақ тарихында Абай дананы тәрбиелеген Зере әжені, Албан, Суан, Дулатты тәрбиелеген Домалақ ананы (Нұрилан) т.б. білеміз... Олар немерелерінің табиғатын, талабын, ақылын адамдығын жан-жақты жақсы біліп, аруаналық қадірлі қасиеттерімен, даналық, аналық мейір-шапағатымен әжелік тәрбиедегі өздерінің өрімді тәрбиесімен ұрпағын ұлылық дәрежеге жеткізіп кетті. Ұрпағы оларды әдеппен сыйлап, құрметтей білді.

Қазақ халқының салтанатты салты бойынша әулеттік сыйласымға ие болған әжелерді ата, ру, ұлт қадірлеген, оларды халық әулие тұтып, әдеппен сыйлаған.

Әжелер ұрпағынан ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, қадірлей білуді талап етіп отырған, өзі де өнеге көрсетіп, ұлттық әдептің үлгілерін үдере көрсетіп отырған.

Дүние тіршілігі, адамзаттың өсіп-өнуі аналарға байланысты. Сондықтан аналардың анасын сыйлау әдебі қазақ халқында қастерлі қалыптасқан. Әжені күту, денсаулығын қадағалау әдептері мен міндеттерін ұрпағы ұлағаттап орындайды.

Мына тақпақты жаттап ал:

АЛАҚАЙ

Әжем келді, алақай!

Әжеме кел, балақай!

Қолтығынан демейік,

Көрпе төсеп берейік.

Тынығып, әже, сергіңіз:

Ертең айтып беріңіз:

Сүйіп-сүйіп аламыз:

Сізге бала боламыз.

Тапсырма:

1 «Мен әжемді жақсы көремін» деген тақырыпта 5 сөйлемдік шығарма жаз.

Әкені сыйлау әдебі

Әке – отбасының тірегі. Әке тәрбиесінің бастауы – құрсақ тәрбиесі. Әке құрсақта жатқан баланың жақсы, қалыпты өсіп, дүниеге келуі үшін, оның анасының жанжүйесін жадыратып, қамқорлық жасауға міндетті. Ананың «жерігі» қансын, шаршамасын, уақытылы киініп, тамақтанып, көңілін көтерсін: музыка тыңдап, қызықты көріністерді көрсін, аналық міндеттерін орындап, тынықсын, шынықсын, оған қамқорлық жасаған әкені сыйлау әдебі ананы сыйлау әдебімен ұштасып жатады. (Әке тілін алу, оған көмектесу, әке қағидаларын орындау т.б.)

Дүниеге келген баланың анадан кейінгі ең жауапты қамқоршысы - әке. Баланың ұйқысы қанық, тамағы тоқ, тазалығы жақсы, көңілі тыныш болса, ол жыламайды, ашуланбайды. Егер бір себеппен бөбек ашулана бастаса, оның әдеппен тілін табу керек. «Жуатам» деп ұрысқан ата-ана (әке) зор қателеседі.

Баланың іс-әрекетін толымды ұйымдастыру үшін, ең әуелі оған ана тілін үйрету керек. Үйрету: қызықтыру, сөз мәнін тұшынту, талап ету, жаттату, жадын ұлғайту арқылы іске асырылады. Ең әуелі бала өзінің ана тілін жақсы үйреніп алсын, содан кейін ана тілі арқылы басқа тілдерді де үйренеді.

Балаға ұлттық дәстүрлерді, әдептілікті, сыпайылықты, ізеттілікті үйретіп, оны іс жүзінде орындауын жалықпай талап етіп отыру керек. Қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, шешендік, өнерпаздық сияқты ұлттық қасиеттерді баланың бойына сіңіріп отыру - әкенің әдеттік нұсқасы, әдептік парызы. «Әке көрген оқ жанады».

Отбасындағы қарым-қатынаста әрбір тұлғаның өз міндеті, әдебі, әдеті болады. Үлкенді сыйлау, әке-шешенің тілін алу мұрагерлік кәсіпті үйрену, әділетті, адал, шыншыл, батыл, сергек, қажырлы болу, тек пайдалы сөз айтып, қарым-қатынаста сөз мәдениетін үйрену баланың міндеті. Сол қажеттіліктердің орындалуын әдепті әке әрқашан талап етіп отыруға міндетті.

Әке ақылды, білімді, әдепті, ізгі ниетті, көпшіл, кішіпейілді болу керек.

Тапсырма:

Әкені сыйлау әдебі туралы өз пікіріңді жаз.

Ананы сыйлау әдебі

Мынау жарық дүниедегі өрнекті өркендеген өмір Құдіретті Күннің шуақ нұрынан, аяулы ананың ақ сүтінен жаралған. Дүниеге келтірген анамыздың аяулы саясында, саналы өмір деген мың толқынды дүбірлі дүниеде адамдығымыз айқындалып, кісілігіміз толысып тіршілігімізге сәйкес қымбатты ғұмыр кешеміз. Сондықтан да «Ана – біздің Күніміз, Біз - ананың гүліміз» деп мақтан тұтамыз.

Ана тәрбиесі от басын құруды ойлағанынан басталады. Болашақ ана кіммен отау құру керек екенін шешкенде, болашақ ұрпақты тәрбиелеудің қамын ойлайды.

Аяғы ауырлаған ана жатырдағы ұрпақтың қозғала бастаған кезінен (жатырда), оның қалыпты өсуіне қамқорлық жасай бастайды. Жерікті қандыру, шынығу, уақтылы тамақтану, кейімеу, таза ауада жүру, тазалық сақтау, көңіл көтеру т.б. әдепті әрекеттер әр шараның шаттығына себепші болады.

Дүниеге қалыпты келген нәрестенің жатағы жайлы, ұйқысы тыныш, тамағы тоқ болса, ол жыламайды. Ашусыз өскен баланың дені сау, көңілі көтеріңкі, өсуі қалыпты болады.

Бес айда белгілі, алты айда анық отыра бастаған нәрестенің отыруы, жүре бастауы, тіл үйренуі (ең әуелі ананың тілінде) бәрі де ананың тәлім – тәрбиелік тәсілдері арқылы жүргізіледі.

Тіл ширату, оқыту, жаттату, ой-қиялын дамыту, нышандарын байқау, дарынын дамыту, мініз-құлқын қалыптастыру, еңбекке үйрету, денсаулығын жақсарту, әдептілігін, әрін қалыптастыру, болашағына жол көрсету т.б. тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттердің тәсілдерін анаң жан-жақты білуге тиіс. «Ана көрген тон пішер».

Ана – педагог, психолог, жыршы, әнші, әдебиетші, тарихшы, аса қамқоршы, ерекше мейірімді тұлға. Баланың бақытты болып өсуі, көбінесе, анаға байланысты.

Өлпештеген ананы құрметтеу, сыйлау, анаға қамқорлық жасау т.б. міндеттердің әдепті орындалуы жеке тұлғаның әдептілігіне байланысты.

Мына тақпақты жаттап ал:

АНА – БІЗДІҢ КҮНІМІЗ

Түнде тынып, жатпаған,
Күндіз тыным таппаған,
Бізді күтіп, баптаған,
Ана – біздің Күніміз:
Ананың біз – гүліміз.

Тапсырма:

«Мен анамды сүйемін» деген тақырыпта 9-10 сөйлемнен құралған шығарма жаз.

Ағаны сыйлау әдебі

Қазақ халқында «аға – зордан, іні – бордан» деген мақал бар. Аға басқарушы, іні оның айтқанын орындаушы болуға тиіс. «Ағасы бардың жағасы бар» деп, іні ағаға сүйенеді, одан үлгі алады, жақсы ағаны сүйіп, оның тәлім – тәрбиесіне мойынсұнып, ағаға ұқсап өсуді арман тұтып, абыройлы жолға түседі.

Аға – қамқоршы, тәрбиеші, үлгі - өнеге көрсетуші. «Кіп-кішкентай інім бар – күлімдеген күнім бар» деп, аға ініні жанындай жақсы көріп, оған қамқоршылық жасайды. Тазалығына, іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, үлкендермен, айналасындағылармен, адаммен қарым-қатынасының әдетті, әдепті болуын үйретеді, талап етеді.

Ағаның ініге, қарындасқа деген тәрбиесі – инабаттылықтың, қайырымдылықтың, мейірімділіктің - әдептіліктің белгісі. Тәрбие тәлімгері үлгілі - өнегелі болуға тиіс. Ол үшін ардақты аға тәрбие тәсілдерін жан – жақты жақсы білуге тиіс. Іні мен қарындастың әдептілігін барлап, дарын – нышандарын танып, оны дамыта білу үшін де ағаның адами қасиеттері болуға тиіс.

Аға – ініге үлгі - өнеге көрсететін үлгілі, әдепті, білімдар, өнерпаз, мейірімді, қайырымды, іскер тұлға болуға тиіс. Ағаның әдепті жүріс-тұрысы, игілікті іс-әрекеттері, еңбегі, оқуы, шынығуы бәрі – бәрі өзінен кішілерге үлгі. Игілікке тәрбиелеу үшін тәрбие ісі сол игіліктерді ізгі ниетпен кішілерге көрсете білуі – қажеттілік.

Ініні, қарындасты тәрбиелеу үшін ағаның адамгершілігі мен кішіпейілділігі өте қажет. Өте қатал болып, өзінен кішілерді жасқан-

ту – ыңғайсыз тәсіл. Тәрбиелеу үшін тәрбиеленушінің жақсылықтарын тауып, кемшіліктерін мойындата білу керек. Өзін-өзі тәрбиелей білген аға – нағыз қазақи аға болады. Іні мен қарындас ағаны сыйлау әдептерін жан-жақты орындауға міндетті. Ағаны сыйлау, құрметтеу, аға тәлімін бұлжытпай орындау әдептілікті көрсетеді.

Мына тақпақты жаттап ал:

АҒАМНЫҢ ҮЛГІСІ

«Айналайын інім!» деп,
Ағам маған күлімдеп,
Тәрбиесін береді:
Мені жақсы көреді.

Еңбек етем, тынығам,
Ағаммен бірге шынығам:
Өз ісіне шебердің
Үйренемін өнерін.

Мейірімді ағамның
Мен үлгісін аламын.

Тапсырма:

1. «Мен ағамды жақсы көремін» деген тақырыпта шағын шығарма жаз.

Апаны (әпкені) сыйлау әдебі

Қазақ халқы апаның (әпкенің) рөлін жоғары қойып, оның тәрбиелік құзырларын қалыптастырған. Апа анадан кейінгі отбасындағы жауапты тәрбиеші болып есептеледі. Яғни отбасындағы тәрбиеде апа ана қалыптастырған тәлім – тірбиелік үрдістерді толықтыра жалғастырады.

Ең әуелі әпке (апа - еке) ананы сыйлау рәсімдерін жақсы меңгеріп, анаға ең жауапты қамқоршы болады, көмекшісі, сүйеніші, шәкірті, оқушысы, мұрагері болады.

Әпке ініге тіршіліктегі тірліктерді, сіңліге қол өнерін, сән өнерін, киім мен үй заттарын, тазалықты сақтауды үйретеді. Ол анаға көмекші бола жүріп өзі үйренген «қыз тірлігін» сіңлісіне үйретеді. Ең әуелі заттарды күтіп ұстауды, тазалықты сіңлісіне, інісіне үйретумен қатар, сіңлісіне тамақ дайындаудың, дастархан мәзірін жасаудың жолдарын үйретеді. Жаңа технологиялық тетіктерге байланысты үй шаруашылығын

істеудің жолдарын сіңлісіне де, інісіне де үйрету тәсілдерін әпке жақсы білуге тиісті. Электротехникаға байланысты барлық «шаруашылық» пен іс - әрекеттерді ең әуелі әпке үйренеді, оны өзінен кішілерге үйретіп, өмір қолданыстарын әдеппен талап етеді.

Әсіресе отбасындағы өнер өрнегі әпке арқылы өркендеп, отбасы иелерін қуанышқа бөлейді. Өзі үйренген өнерін сіңлісіне, інісіне үйрете білу - әпкенің әдептілік міндеті. Дарын – нышандарын айқындап, оны дамыта білуде әпке ата- анаға әрі көмекші болады.

Әпке өзінен кішілердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін, оқуын, ойынын қалт жібермей қадағалап, оларға жолбасшы, кеңесші, көмекші, әріптес, әдептес болады.

Кей жағдайларда тікелей ананың рөлін атқарған әпке отбасындағы «екінші ана» міндеттерін атқарады. Сондықтан оны отбасы иелері сыйлап, әдептілік көрсетеді.

Мына тақпақты жаттап ал:

ЕКІНШІ АНА

Өркендеген өнері,
Өз ісінің шебері,
Күндей жарқын күлкісі,
Күнде жаңа үлгісі.
Білім-ойы – тамаша,
Бізді күткен анаша.
Отбасының тірлігін,
Нығайтады бірлігін.
Әпке де бір анамыз:
Өнегесін аламыз.

Тапсырма:

1. Өз әпкең (апаң) туралы пікірінді жаз.

Өзін-өзі тәрбиелеу әдебі

Әрбір адам басқалардан (атадан, әжеден, әкеден, анадан, ағадан, әпкеден, жолдас - жораларынан, айналасындағылардан, қоғамнан) тәрбие алумен қатар, өзін-өзі және үйелмендердің бірін-бірі тәрбиелеуі арқылы адамдық санатқа ие болады. Өзін-өзі тәрбиелеу жалпы тәрбиеден бастау алады.

Бала өзін-өзі тәрбиелеу үшін ең әуелі өзінің кім екенін (кімнің баласы, ата тегі кімдер, ұлты, отбасында кім ?) жақсы білуге тиіс. Ондай танымды ата-аналар қалыптастырады.

Өзіндік тәрбие жан-жақты, толымды болу үшін, тәрбиеленуші алдымен «өзін-өзі танып» ана тілін, ұлттық әдебиеттің тәрбиелік, тәлімдік тұстарын танып білуге тиіс.

Әсіресе, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, әдеп, дәстүр, салт, салт – сананың ұлттық негіздерін танып-біліп, сол қалыптасқан тәлім – тәрбиелік негіздердің қолданысын үйрену керек. Әрине, өсе келе бала жалғыз өзі ұлт құндылықтарын ғана күйттемей, жалпы адамзаттық адами қасиеттерді таңдап, талғап игеруге тиіс. Бұл жерде «еліктеу» сияқты жұппалы әрекеттердің зияндық жақтарын ажырата біліп, адам баласының асыл қасиеттерін талғап, таңдап қабылдауы керек. Оны ұлттық құндылықтың құрамына сіңістіре, әдеппен пайдалану керек. Өзара тәрбие – отбасының асыл қасиеті.

Бала үлгі-өнеге, әдеп, рәсім арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге бейімделеді. Өзіндік тәрбиенің қозғаушы күші – ықыластық, ынталылық, ар-ұят, намыс, талап-талғам, жігер-қайрат жалпы тәрбие арқылы қалыптасады.

Бала өзін-өзі тәрбиелеуде ұлттық әдепті жоғары қоя білуі керек, «әдептен озбай»,

ұлттық үлгі-өнегені әдеппен бойына сіңіре білуі тиіс.

Мына тақпақты жаттап ал:

АТАҚТЫ БОЛУ - ӨЗІМНЕН

Талапты, білгір баламын:

Тасқындай берер талабым.

Жақсыдан үлгі аламын:

Жақсы жан, іскер боламын.

Қиында істі шыңдаймын:

Қиынды жеңем, - қыңбаймын.

Еңбектенемін – тынбаймын:


Ерлікпен істі құндаймын.

Арманмен, еңбек, төзіммен:

Атақты болу - өзімнен.

Тапсырма:

1. «Мен кім болам?» деген тақырыпта шығарма жаз.



Кімде-кім халқынан алмаса тәлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім

Жүсіп Баласағұн.

Ақын, «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы бөлімшесінің бастығы

Өмірдің мәні адам рухының үздіксіз дамуында жатыр десек, сондай рухы үздіксіз дамып, игі істері мәңгі жалғасын тапқан жан деп – Мақтай Рамазанұлын танимыз. Себебі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің нығаюына орасан еңбек сіңірген, қазақ ұлтының атпал азаматының жарқын бейнесі елдің жадында әрдайым сақталуда...

Көзіме оттай басылады
Салдырған өзің кең сарай.
Жырыма рухың қосылады,
Сағыныш шері тарқамай.

10.05.2015 жс.



ӘОЖ 8.82.4

Совет – Хан Ғаббасов

*Жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
ШҚО-сы, Зайсан ауданының құрметті азаматы,
Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты,
Халықаралық Нострадамус атындағы академияның
толық мүшесі – Академик.*

**ТІРШІЛІК ТЫЛСЫМДАРЫ
(НЕМЕСЕ, «МӘНГІЛІК ҚАЗАҚ КАЛЕНДАРЫНЫҢ» СЫРЫ)**

Мақалада автор профессор Уалихан Әбдібековтың зерттеулеріне тоқталып кеткен. Африкадан Қазақстанға қоныс аударғандардың генотипі қазақ генімен сәйкес келетіндігі анықталған. Сонымен қатар, ғалым Сайлыбай Бекболатовтың «Мәңгі қазақ календары» еңбегінің акмологиялық, яғни, жаратылыстану ғылымдарының тоғысуы негізінде пайда болғандығы жөнінде жазылған.

Түйін сөздер: *зерттеулер, генотип, ғылыми еңбек, акмология, европоцентризм.*

В статье говорится об исследованиях профессора Уалихана Абдибекова, схожесть генотипа переселенцев с Африки в Казахстан с генотипом наших предков. А также поднимаются вопросы по работе Сайлыбая Бекболатова «Мәңгі қазақ календары».

Ключевые слова: *генотип, ген, труд, календарь, предки, исследования.*

The article refers to the study by Professor Ualikhan Abdibekov, genotype similarity with African migrants in Kazakhstan with the genotype of our ancestors. And also raised questions regarding the Saylybaya Bekbolatova «Mangi Kazakh calendars».

Keywords: *genotype, gene labor, calendar, ancestors of the study.*

Адамзат тарихы бүгінге дейін жүйеленіп те... реттелмеген күйі, нақтыланбай отыр. Тіршіліктегі бар екі түрлі – РУХАНИ және ТАБИҒИ – делінетін ғылым салалары да, жетілуі мен даму жолдарында анықтық аз. Әсіресе - рухани ғылымның - бұрмалаулары аса көп. Өйткені, ЕВРОПАЦЕНТРИЗМ – әлемге өз өктемдігін жүргізу үшін, рухани ғылымның көптеген салаларына қиянат жасады. Мәселен, адамзат тарихы мен тәрбие-тағылымдарына тигізген қастандықтары әліде жалғасуда... Осындай бұрмалаудың - бодандығында қалған - көптеген халықтар әлі күнге дейін, ұлттық тарихы мен тәлім-тәрбиесінің (педагогика мен психология) мето-

дология – жүйе – негіздерін – жасайалмай отыр. Бүгінгі білім саласындағы пайдаланып жүрген, педагогика мен психологияның – методологиясы мен жүйесі және негіздері – жоқ, немесе жалған болғандықтан, ұрпақ тәрбиесіндегі қателіктер көбейіп барады. Елден ерек осы қасіретке белшесінен батқан Қазақ халқы – тегі (гені) – тілі – дәстүрі – діні жайындағы ақиқаттарын анықтап алалмай отыр. Әйтседе, тәуелсіздікпен келген соңғы жылдардағы... нақты ғылыми ізденістер, біраз деректердің бетін ашып жатыр...

I. Кеше ғана «Ақиқат» (2015, №4) журналында жарияланған мақаласында, профессор Уалихан Әбдібеков:

– «Соңғы 5-6 жылда әлемдегі тарихты адамның геномы немесе генетикалық әдісі бойынша зерттеуге кірісті. Зерттей келе, сол (Африкадан-Қазақстанға) қоныс аударғандардың – генотипі – біздің қазақ ата-бабаларымыздың – генімен – сәйкес келетіндігі анықталған. Екінші бір тәуелсіз дерек бойынша, С3-М217 гені осыдан 48-мың жыл бұрын қазіргі Қазақстан аумағында пайда болған. Бұл – ген – қазақ халқының 40-пайыздан астамын құрайтыны белгілі. Халқымыздың басым бөлігінде әмісе ұлы тайпаларымыздың барлығында бар, – деп түйіндейді.

II. Соңғы «Қазақия» (22.04.2015) газетінде Қ. Жүсіптің – Будда қазақ па?! – атты зерттеу мақаласында белгілі археолог Арман Умарходжиев – Непалға экспедиция ұйымдастырып – Будданың арғы тегі – сақ – екендігін ғылыми дәлелдеп, оның бүгінгі ұрпақтары шақбилерге генетикалық тестілеу жүргізген. Шақбилердің (сақь) тілі мен әдет-ғұрпы және ою-өрнектері ежелгі сақтармен ұқсастығы айтылады.

III. Қазіргі қазақ тілінің АЛЛА-ның үніне жақындығы, оның алғаш жаратқан тіршілік иесін – Адам – деп атауында болса, ал Адам-ата мен Хау-ананы жұмақтан шығарған жемісті – Алма – деуінен де, Қазақ халқының жер бетіндегі аса көне жұрт екені байқалады. Себебі, мынау - «Адам» және «Алма» – деген екі атау да, қазақтан басқа тілдерде айтылмайды.

IV. Европадағы – англосаксон – пурсак – норбег – ирлант – елдерінде айтыла бастаған, арғы тектерін сақтарға тіреуінде де ерекше мәні мен мағанасы болса керек.

Осынау күрделі деректерді келтіріп отырған басты себебіміз, біраз жылдардан бері тылсыммен тілдесуші – Сайлыбай Бекболатовтың – **«мәңгі қазақ календарын»** тыңдау үшін... былтыр 2014 жылы Англияға арнайы шақырып, 20-елдің ғалымдары бірауыздан мойындағандарының

белгісі ретінде **«сертификат»** табыстаса, ал өзіміздің республикада № 24785 «патентін» беріп мойындады. Ең ғажабы кеше ғана 28.04.2015 жылы, Кембриж университетінің «Халықаралық өмірбаян орталығы» жіберген - **«мәңгі календарь»** деп жазылған хрусталь белгіні ұстап қуанышқа кенелдік.

Ғалым Сайлыбай Бекболатовтың **«Мәңгі қазақ календары»** аталатын еңбегі көп адамдарға түсінуге қиын болғанымен, акмологиялық, яғни жаратылыстану ғылымдарының тоғысуынан пайда болғанын аңғару қиын емес. Жалпы, әр мемлекеттің календары әр түрлі болғандықтан, дүниежүзіне ортақ календарь табу аса бір келелі мәселе екені рас. Осы мәселені шешу үшін, тіпті 1923 жылы Женевада календар реформасына орай «халықаралық комитет» құрылғаны да белгілі. Тіпті, БҰҰ-ның қоржынына 400-ден астам әртүрлі жобалар да түскені тарихи шындық. Бірақ күні бүгінге дейін ешбір жоба қабылданған жоқ. Ал «мәңгі қазақ күнтізбесінің» басты мақсаты – тыныштық пен демалудың арақашықтығын анықтаумен қоса, тіршіліктің соңғы күнін белгілеуге де жәрдемдесу болып табылады. Сайлыбай Бекболатов бұл жаңалығын 2009 жылы ең әуелі, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрілігіне ұсынады. Министрілктен келген жауап:

«Сіздің ұсынған **«Мәңгі қазақ календары»** жобасы... жаратылыстану ілімдерінен басқа, діни мәтіндері «Библия», «Құран», «мифологиялық сюжеттермен қоса, сондай-ақ Қазақстан тарихы мен Халық фольклорының деректеріне сүйеніп жасалған. Әрине бұл жұмыс қызығушылық танытады, алайда, қоғамдағы тұрақталған жүйені бұзатындықтан, «күнтізбені» практикада қолдану мүмкін емес. Сондықтан бұл жұмысты ғылыми-танымдық кітап ретінде, әуесқой аудитория үшін ұсынуыңызға болады, – деген төрағаның орынбасары Д. Мырзақожаның жауабы келеді. Міне, біздегі ғылыми танымның көрінісі осындай...

Әйтседе, тіршілік пен уақыт тоқтамақ емес. Бұл «мәңгі қазақ календарын» айтқанда

сан-сала ғылымдардың сөз болатыны ұзақ әңгіме?! Суреттерімен басылған үлкен кітап екенін айта отырып, республикада түсіністік болмағанымен, міне бүгін Кембрижден келген «хрустальді кубоктің» бетіне жазылған - «Professor Sailybay Bekvolatov For services to Unified, Constant Calendar»

мойындаудың белгісін, ел-жұртымызға жария етуді жөн көрдік. Мұны Қазақ халқының адамзат мәдениетіне қосқан, аса зор жаңалығы ретінде қабылдау азаматтық парызымыз. Біткен іске ақ жол болсын!

Алматы – 29. 04. 2015 жыл.

ӘОЖ 37.012

Ш.И. Джанзакова

*Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Б.С. Нурмуханова

Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Психология және педагогика» мамандығының 2-курс магистранты

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ДАРЫНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАЛДАНУЫ

Мақалада балалардың дарындылығы мәселелері қарастырылған. Отандық және шетел ғалымдарының зерттеулеріндегі дарындылықтың ғылыми-теориялық аспектілері талданған. Дарындылықтың негізгі категориялары мен балалардың қабілеттілігінің сипаттамалары келтірілген. Баланың дарындылығы мен қабілеттілігі ұғымдары анықталған.

Түйінді сөздер: *жеке тұлға, дарындылық, қабілеттілік, талант, шығармашылық, ақыл-ой қабілеті.*

В статье рассмотрены проблемы одаренности детей. Анализированы научно-теоретические аспекты одаренности в исследованиях отечественных и зарубежных ученых. Приведены основные категории одаренности и характеристики способностей детей. Определены понятия одаренность и способность детей.

Ключевые слова: *личность, одаренность, способность, талант, творчество, умственная способность.*

The article deals with the problems childrens endowments. Analyze scientific and theoretical aspects of research endowments domestic and foreign scientists. The main categories of endowments and characteristics of children's abilities are given. The concepts talent and ability of children are defined.

Keywords: *personality, endowments, ability, talent, creativity, intelligence.*

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін орта мектептердегі негізгі мәселенің бірі - оқушының қабілеттілігі болып табылады. Оқушының қабілеттілігіне қарай білім беріп, дамытуға бағытталған білім мекемелерінің түрлерінің жеткіліктілігіне қарамастан (арнайы мектептер, жан-жақты білім беретін

мектеп гимназиялары мен лицейлер және т.б.) аталған мәселе кезек күттірмей шешуді талап етеді. Бұл аталған мектептерде қазіргі ғылыми әдістемелердің жекелей немесе толық болмауы баланың қабілеттілігінің толық ашылуына кедергі келтіреді. Біздің елімізде бұл мәселені шешудің бірден бір

жолы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен ашылған Интеллектуалдық мектептерді атауға болады. Бұл Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Аталған идеяны жүзеге асыру төмендегідей міндеттерді шешуді көздейді:

-баланың дарындылығы жөніндегі мұғалімнің психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру;

-дарынды балалар банкін құру;

-баланың дербес жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуын қамтамасыз ету;

-дарынды балаларды сүйемелдейтін оқыту мен тәрбиелеу технологиясын жасап, оны білім беру жүйесіне енгізу;

-дарынды балалармен жұмыс істеуге арналған мұғалімдер даярлау.

Шетел және отандық әдебиеттердегі дарындылық мәселесіне ғылыми теориялық шолу. Қоғамның шығармашыл дарынды адамдарға мұқтаж болғанына қарамастан, психологияда таланттылар мен қабілеттілерді зерттеу XX ғасырдың ортасынан бастау алады. Бұл мәселе психологияда таланттың табиғаты мен оның дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар туралы мәліметтердің жинақталуын қамтамасыз етті.

Әдебиеттерді талдау дарындылық мәселесін зерттеуге арналған айтарлықтай танымал идеяларды ерекшелуге мүмкіндік берді:

-адамды сатылап дамыту техникасына үйрету (Энгельмеер П.К. және т.б. [1]);

-адамзаттың мәдени мұраларын меңгеру жолымен адам қабілеттерін дамыту (Выготский Л.С. және т.б.) [2];

-оларды нақты іс-әрекетке жұмылдыру жолымен қабілеттерін дамыту (Теплов Б.М. және т.б.) [3];

-индивидуумның дамуына сараланған тәсілді қолдану.

Бұл мәселені зерттеуде Б.М. Тепловтың «Қабілеттілік және дарындылық» деп аталатын еңбегінің ролі ерекше болды. Автор аталған еңбегінде адамның дарындылығы мен шығармашылық қабілетін практикалық іс-әрекетте дамытуға болады деген ой түйіндейді.

Кейіннен психология ғылымында баланың дарындылығы туралы жаңа ұтымды идеялар дүниеге келе бастады:

-субъектінің қандай да бір іс-әрекетке бейімділігін алдын-ала болжау идеясы (Лук А.Н. [4]);

-«проблемалық оқыту» идеясы (Матюшкин А.М. [5]);

-адамға шығармашылық іс-әрекет жағдайларын құру арқылы оны дамыту (Талызина Н.Ф. және т.б.);

-баланың ақыл-ойын дамытуды сатылап қалыптастыру идеясы (П.Я Гальперин);

-баланы өзін қызықтыратын іс-әрекеті арқылы дамыту (Скаткин М.Н., Лернер И.Я. және т.б.).

Баланың дарындылығын зерттеу мәселесі шетелдерде, оның ішінде, АҚШ және бірқатар Европа елдерінде қарқынды түрде жүргізілді.

1972 жылы АҚШ-тың білім жөніндегі комитеті дарындылық туралы төмендегідей анықтаманы жариялады: тәжірибелі мамандардың бағалауы бойынша, дарынды және талантты балалар деп өзінің айтарлықтай қабілеттілігімен төмендегі іс-әрекет салаларының бірінен жоғары жетістіктерін көрсете алатын балаларды атауға болады:

-қарым-қатынас және жетекшілік;

-көркем өнер;

-спорт;

-интеллектуалды;

-академиялық;

-шығармашылық немесе өнімді ойлау.

Дарындылықтың негізгі категорияларын 1972 жылы Марлэнд ұсынды, олардың ішінен:

-жалпы интеллектуалдық дарындылық;

-ерекше дарындылық;

-қандай да бір нақты іс-әрекет түрімен баланың айналысуын құптау;

-шығармашылық немесе өнімді ойлау;

-жетекшілікке қабілеттілік;

-көрнекілік және атқарушылық іс-әрекетке қабілеттілік;

-психомоторлық қабілеттіліктерді ерекшеледі.

С. Марлэнд балаларды: бір сабақ түріне қабілетті және жалпы дарынды балалар деп бөлді; талантты қабілеттілік, жеке тұлғалық дамудың тенденциялары ретінде қарастырды.

Ресейлік ғалымдар дарындылық мәселесін қабілеттілік психологиясы ретінде қарастырды.

С.Л. Рубинштейн мен Б.М. Тепловтың еңбектерінде дарындылық, қабілеттілік және талант ұғымдарын іс-әрекеттің бірыңғай негізі бойынша жіктеді:

- адамның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері негізінде берілгендері бойынша іс-әрекетте қалыптасатын қабілеттілік;

- адамның басқаларынан ерекшеленетін, іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын дербес психологиялық ерекшеліктер;

- ерекше дарындылық іс-әрекетте табысқа жетуге мүмкіндік беретін сапалы өзіндік ерекше қабілеттердің үйлесімі;

- жалпы дарындылық – кең ауқымды іс-әрекетке қабілеттілік.

Бұл тәсіл В.Д.Щадриковқа [6] дарындылықты қабілеттіліктің тұтастай іс-әрекеттегі көрінісі, әрі іс-әрекеттегі қабілеттіліктің жинақталған жалпы қасиеті ретінде сипаттауға мүмкіндік берді.

Қазіргі психологияда «дарындылық» терминін когнитивті қабілетке жатқызады, ал талант дамудың басқа жалпы тұстарын қамтиды.

Матюшкин [5] зерттеп жасаған шығармашылық дарындылық тұжырымдамасы адамның шығармашылығы мен шығармашылық дамуын сипаттайтын дарындылықтың құрылымдық элементтерін қарастыруға мүмкіндік берді. Автор жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті – дарындылықты дамытудың негізі деп көрсетеді. Ол шығармашылық әлеует баламен дүниеге келеді де, есеюіне қарай дамып отырады; оның шамасы әр балада олардың дербес ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі деңгейде байқалады.

Шығармашылық дарындылық тұжырымдамасы дарындылықты кез келген мамандықтағы: ғылым мен өнердегі шығармашылықтың жалпы алғы шарты және жеке тұлғаның шығармашылығының қалыптасып, дамуының алғы шарты ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Л.С. Выготский, А.Р. Лурия [2] «дарындылықтың табысты дамуы үшін эмоцио-

налды бай мәдени орта құру қажет» деген тұжырымды ұстанады, бұл ортада баланың дарындылығы жақсы нәтижеге қол жеткізетіндей іс-әрекетте оның мотивациясы арқылы көрінуі тиіс. Баланы мәдениетке, мәдени ортаға жұмылдыру арқылы оны терең түсініп, өзінің қызығушылықтарын дамытуға мүмкіндік алады. Мұндай тәсілдің негізгі идеясы – баланың мәдени дарындылығын қалыптастыру болып табылады. Мәдени дарындылық дегеніміз – орта немесе жоғары деңгейдегі табиғи дарыны бола тұрып, оны ұтымды пайдалана отырып, мәдени тұрғыдан дамымаған адам тек туа біткен қасиетінің арқасында жетістіктерге жетуі мүмкін.

Дарынды балаларды зерттеп, дамытуға бағытталған тәсіл Н.С. Лейтестің [19] еңбектерінде қарастырылған. Ол дарынды балалардың ақыл-ойының дамуын әдеттегі оқушылардың жас ерекшелігімен салыстырады. Автордың пікірінше, жалпы дарындылық жалпы қасиеттердің жиынтығы болып табылады. Жалпы деп адамның ақыл-ой қабілеттерін (арнайы қабілеттерден айырмашылығы, мысалы, музыкаға, спортқа) айтады, өйткені олар әртүрлі іс-әрекет түрінде кеңінен байқалады және осы мағынада сабақтың барлық түріне ортақ болып табылады. Сондықтан ақыл-ой дарындылығы (немесе жай дарындылық) жас ерекшелік нормаларынан айтарлықтай асып түсетін интеллектуалдық даму деңгейімен сипатталады.

Н.С. Лейтес [7] «дарынды бала» терминінің өзін қанағаттанарлық деп қабылдамау керек деп көрсетеді, өйткені мұнда туа біткен қандай да бір табиғи дарындылықтың бар екенін көрсетеді де, дарындылықты дамытуда биологиялық детерминацияның басты ролін жоққа шығару мүмкін болмағандықтан, анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктердің берілуі өздігінен баланың болашағын анықтамайды: қабілеттіліктің қалыптасып дамуы әлеуметтік салада өтеді.

Н.С. Лейтес [7] дарынды балалардың үш категориясын ерекшелейді:

1. Физикалық жасынан бірнеше жылға артық дамыған, қарқынды ақыл-ой дамуына ие балалар. Оларға жоғары деңгейдегі ақыл-ой белсенділігі, танымдық қажеттіліктің қанықсыздығы тән.

2. Ерте жастан ақыл-ой ерекшелігімен дараланған балалар – олардың әдеттегі жалпы интеллект деңгейінен ғылым мен техниканың қандай да бір жеке саласы бойынша ерекше орналасу байқалады. Олар осы жағынан өзінің қатарластарынан оқудағы табыстылығы жағынан әлдеқайда асып түседі, бірақ бағдарламаның басқа бөлімдері оларға қиындықтар тауғызуы мүмкін.

3. Жеке реттелмеген қабілеттері бар балалар.

Шетелдік және отандық әдебиеттерге жасалған зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, дарындылық ұғымына төмендегідей анықтама беруге болады: іс-әрекетті орындауда табыстылықты қамтамасыз ететін ерекше сапалы үйлесімі болып табылады. Бұл анықтама «дарындылық» пен «қабілеттілік» ұғымдары арасындағы өзара байланысты тағайындауға мүмкіндік береді.

Қабілеттілік жеке тұлғаның дербес психологиялық ерекшелігі, ол қандай да бір өнімді іс-әрекеттің табысты орындалуының шарты болып табылады. Қабілеттілік іс-әрекетті меңгеру процесінде байқалады, ол индивидтің сол іс-әрекетті ұйымдастыруы мен жүзеге асыру тәсілдерін жылдам, түбегейлі, оңай, әрі мықты меңгеруі болып табылады.

Қабілеттілік жеке тұлғаның жалпы бағытымен тығыз байланысты және орнықтылығымен сипатталады. Қандай да бір іс-әрекетті орындау барысындағы бірдей жетістіктердің нәтижесінің негізінде әртүрлі қабілеттіліктер жатуы мүмкін. Бір нәрсеге қабілеттілік әртүрлі іс-әрекет нәтижелерінің табыстылығының шарты болуы мүмкін. Бұл қабілеттіліктердің мүмкіндігін кеңейтуді қамтамасыз етеді. Қабілеттілікті қалыптастыру атадан берілген қасиеттер негізінде жүзеге асуы мүмкін деп болжанады.

А.Я. Пономарев [8] қабілеттіліктің сипаттамасынан:

-адамның дербес қасиеттерін ашуға бағытталған сапалы талдау, ол адамның нақты іс-әрекет түрін тиімді жүзеге асыру үшін қажет;

- қабілеттіліктің көріну шамасын сипаттайтын сандық талдауды ерекшелеп көрсетеді.

Қабілеттіліктің даму деңгейі мен дәрежесі таланттылық пен данышпандықты көрсетеді. Бірқатар зерттеулерде аталып көрсетілгеніндей [9,10,11,12,13], мектеп жасында дарынды балалар жалпы оқушылар санының 2-5% құрайды деп есептейді.

Дарындылықтың төмендегідей негізгі құрылымдық компоненттерін ерекшелеуге болады:

-анатомиялық-физиологиялық берілгендер;

-жоғары сезімталдылықты сипаттайтын, сенсорлық-перцептивтік бөліктер;

-жаңа жағдайларды бағалауға, жаңа мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін интеллектуалдық және ойлау қабілеттері;

-ұзақ доминанттық бағдарлауды анықтайтын эмоционалдық – еріктік құрылымдар;

-жаңа образдарды өндірудің жоғары деңгейі;

-танымдық мотивацияның танымдық ролі;

-зерттеу шығармашылық белсенділік (жаңаны ойлап табу, мәселені қоя білу және оны шешу);

-төл, стандартты емес шешімдерге қол жеткізу;

-болжам жасай білу мүмкіндігі;

-жоғары эстетикалық, адамгершілік және интеллектуалдық бағалауды қамтамасыз ететін идеал эталондар құруға қабілеттілік.

Шығармашылық ойлаудың дивергенттілігі (оған төрт негізгі сипаттама сәйкес келеді: жылдамдылық, икемділік, қайталанбайтын қасиет және дәлділік) тәрізді дарынды баланың интеллектуалдық сапасын қоршаған ересек адамдар жиі ауытқу ретінде бағалап жатады. Дарындылықтың сыртқы көрінісі әртүрлі тұлғалық қабілеттерде әртүрлі болуы мүмкін. Олар балалық шағында байқалуы мүмкін, әсіресе, сөйлеу мен ойлаудың жылдам дамуы, ойлау әрекеттерін жылдам, әрі дәл орындау тәрізді, өнерге ертеден қызығушылық (спорт, музыка, көркем сурет жә-

не т.б.), шығармашылыққа ұмтылыс, баланың танымдылығы, жаңалықты сезінудің ең төменгі деңгейінде пайда болатын өте жоғары танымдылық белсенділік, әдеттегіден жаңаны табу болып табылады. Дарынды баланы ерекшелейтін қасиеттері - белсенді сөздік қорының байлығы, сөздерді байланыстырудағы жылдамдылық пен оның төл нұсқалылығы. Дарынды балалар тек өзінің қатарластарын басып, озып қана қоймай (ша-

мамен екі жасқа), сонымен бірге, көптеген ересек адамдарды да басып озып жатады.

Дарынды баланың басты ерекшеліктерінің бірі өзгелерге ұқсамайтын, стандартты емес шешім қабылдай білетін ойлау қабілетінде болып табылады. Өзгеше ойлау қабілеті жөнінен олар алдымен шығармашылық қабілеті арқылы бағаланады. Өзгеше ойлай білу ақиқатты мойындау, дұрыс пікірді шынайы түсінген жағдайда дүниеге келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Энгельмейер П.К. Теория творчества. – СПб., 1910.
- 2 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991.
- 3 Теплов Б.М. Избранные труды. Т.1. – М., 1971.
- 4 Лук А.Н. Мышление и творчество. – М., 1994.
- 5 Матюшкин А.М. Творческий потенциал одаренности: структура и развитие// Психология сегодня. Т. 2, – М., 1996.
- 6 Шадриков В.Д. Деятельность и способности. – М., 1992
- 7 Лейтес Н. С. Умственные способности и возраст. – М., 1971
- 8 Пономарева А.Я. Психология творчества и педагогика. – М. 1976.
- 9 Белова Е.С. Одарённость малыша: раскрыть, понять, поддержать. – М., 1998
- 10 Гильбух Ю. З. Внимание: одаренные дети. – М., 1991
- 11 Клименко В. В. О природе таланта. Т.1. – М., 1994.
- 12 Клименко В. В. Психологические тесты таланта. – Харьков, 1996.
- 13 Хеллер К.А., Перлет Дж., Спервальд В. Лонгитюдное исследование одаренности // Вопросы психологии. – М., 1991, №2.



Елдіктің өзегі – білік, кілті – тіл, қадір-қасиеті – кісілік

Жүсіп Баласағұн.

Қ.М. Ромашев

*ветеринария ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры*

ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Мақалада келтірілген Ұлы Отан соғыс жылдарындағы жауынгердің көрсеткен ерлігі, қаһармандығы, күш-қайраты арқылы бүгінгі жас ұрпақтардың бойындағы ұлттық патриотизмді қалыптастыру. Қазақ халқы мемлекеттің иесі ретінде қоғамдық жауапкершілігін мойындай отырып, Қазақстандық патриотизм қалыптастырудың ұйымдастырушысы қызметін атқаруы тиіс. Ол үшін қазақ және Қазақстанды мекендейтін басқа да ұлттардың отбасыларындағы қалыптасқан ұлттық патриотизмнің Қазақстандық патриотизмге ұласуын қамтамасыз ету. Өйткені, ұлттық патриотизм мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шешуші факторы болып табылады.

Түйін сөздер: *Ұлы Отан соғысы, Кеңес үкіметі, жауынгер, Польша, Чехословакия, Берлин.*

В статье рассматриваются вопросы формирования патриотизма у молодого поколения на примере героизма участника Великой Отечественной войны. Казахский народ, признавая свою общественную роль как основы государственности, должен стать ядром формирования казахстанского патриотизма. Для этого необходимо обеспечить превращение национального самосознания, сформировавшегося в семьях казахов и представителей других этносов страны в казахстанский патриотизм. Потому что этот патриотизм является решающим фактором государственной безопасности.

Ключевые слова: *Великая Отечественная война, Советская власть, воин, Польша, Чехословакия, Берлин.*

The article is devoted to the formation of the patriotism among the younger generation on the example of the heroism of the veteran of World War II. Kazakh people, recognizing of own social role as the basis of statehood should become the core of the formation of Kazakhstan patriotism. It requires a transformation of the national identity which is formed Kazakhstan patriotism in the families of Kazakhs and representatives of other ethnic groups in the country. For this patriotism is a crucial factor of national security.

Keywords: *Great Patriotic war, Soviet Government, soldier, Poland, Czechoslovakia, Berlin.*

Қазірге жас ұрпақ-болашақ елдің иесі болу үшін ұлттық патриотизммен тәрбиеленуі қажет. Әр ұрпақ өзінің тарихи шыққан тегінің, өскен ортасының, рухани түп тамырын білуге міндетті. Өйткені, өзінің өткенін білмеген, қоршаған ортасын танымаған адам басқалай жетілсе де, рухани түрде кемелдене алмайды. Сол үшін әрбір жас ұрпақ халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, өнерін ұғынып, ерлік, жауынгерлік тарихын біліп, батырлардың жанкешті қаһармандықтарын танып өссе, бұл оның өзгермейтін өмірлік ұстанымы болып қа-

лыптасады. Өйткені, еліміздің әрбір парасатты ұрпағы, ең алдымен, өз халқының өткенін білуі қажет. Ата-бабаларымыз бұл «Мәңгілік-Ел» болуымызды біздерге оңайшылықпен қалдырып кетпеді. Олар жандарын қиып, қандарын төгіп жүріп келешек ұрпақ-біздердің қамымызды ойлап бақты. Сондықтан, биыл жүрекке діріл, көңілге үрей ұялатқан Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл болады. Бұл соғыс Кеңес одағының барлық ұлтына төнген қайғы-қасірет болған. Қаншама өрімдей жас батырлар қыршынынан қиылды. Алапат соғыс

ешкімді де аяған жоқ. Отаның қорғауға аттанған қаншама ұлдары мен қыздары туған еліне оралмады. Көп боздақ оққа ұшты, қаншамасы мүгедектің күйін кешті. Жат елде жер жастанып мәңгі бақи қалып қойғандары да қаншама.

Біз елі үшін қасық қаны қалғанша арпалысқа түскен батыр бабалардың ұрпағымыз, сондықтан қайда жүрсек те, біріміз Алматыда, екіншіміз Қостанайда, әкеміздің қан майданда көрсеткен ерлігін, анамыздың елдегі тынбай еңбектенген қажыр-қайратын, тамшылап жерге тамған маңдай терімен атқарған еңбегін еске алып, биікке көтеруге, ұмытпауға тиістіміз. Соғыс жылдарында ата-бабаларымыздың көрсеткен ерлігі, қармандығы, күш-қайраты келер ұрпақтың бейбіт өмір сүруіне, бүгінгі Егемендікке жол ашты. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де сол күндердің жемісі.

Кейінгі ұрпағы немерелері, шөберелері біле жүрсін, тәрбие тәлім алсын деген ниетпен, көптің бірі болып Ұлы Отан соғысына аттанып, ерлігімен көзге түскен майдангер әкем Мұқамедқали Ромашев жайлы жазбақпын. Әкем 1924 жылы Қостанай облысында, қазіргі Қамысты ауданында дүниеге келген. Он сегіз жасқа енді толған шағында, 1942 жылы өз еркімен соғысқа аттанған. Жаяу әскердің құрамында болып, сұрапыл соғыстың небір қиыншылығын басынан өткерген.

Елдегі кәрі-құртандар мен қабырғасы қатпаған жас балалардың да шекесі қызған жоқ. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп бел шешпей еңбек еткен олар соғысқа кеткен ең жақындарын аман оралуын тілей жүріп, бар ауыртпалықты өздері көтерген. Солардың бірі болып елде еңбек істеген анам Раушан Ғалымжанқызы да болды. Ақырында елдің етегін жасқа толтырған атың өшкір соғыс та Жеңіспен аяқталып, әкем Ромашев Мұқамедқали, ерен соғыста көрсеткен батырлығы үшін кеудесі орден-медальға толып еліне оралған. Ол кісі бес рет жарақат алған, соңғы жарақатын 1945 жылы сәуір айында Берлин қаласы үшін шайқаста алған. Ромашев Мухамедқали «Қы-

зыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» медалымен марапатталған. Әкемнің 1945 жылы наурыз айында Алытдамм қаласы үшін шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Жоғары Бас қолбасшы Сталиннің атынан алғыс хат алғаны бізге мәлім.

Әкем майданда көрсеткен ерлігі үшін бірнеше медаль ордендермен марапатталған олардың реті төмендегіндей: Польшаны, Чехословакияны азат етуге қатысқаны үшін, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» 1941-1945 ж.ж. Германиямен Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін, «Ұлы Жеңістің 20 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 25 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 30 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 35 жылдығы» медальдарымен және «Ұлы Отан соғысының 2-ші дәрежелі» ордені.

Соғыстан кейін өз өмірінің көп бөлігін ауыл шаруашылығына арнады. «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек даңқы үшін», «Еңбектегі озаттығы үшін» медальдармен марапатталды. Соғыс жылдары аралығында Коммунистік партия ұйымында кандидат қатарында болған. 1948-1961 жылдары Буденов және Ключков ауыл-селолық Советке депутат болып сайланған.

Әке-шешем төрт ұл және бір қыз баланы тәрбиелеп өсірген.

Биылғы-Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерей тойы қарсаңында әке рухына тағзым ете отырып, сол кісінің сонау қиын кезеңдердегі өмірінің мән-мағынасын терең түсінуге ұмытылып басымды ием.

Қазір әкемнің ұрпақтары, оның майдандағы ерлігінен өнеге алып, ордендері мен медальдарын көріп мақтан тұтамыз. Құжаттары Қостанай қаласында тұратын кенже ұлы мен келіні Бақыт және Махиранын отбасында құнды жәдігеріндей әлі күнге дейін сақтаулыда. Әкемнің алған наградалары біз үшін үлгі, өнеге, қуаныш әрі мәртебемен мақтаныш. Сондықтан да жүрегіміздің түбінде: «Біздің де әкеміз Ұлы Жеңісті жақындатқан жауынгер еді», – деген мақтаныш сезім ұялайды. Сондықтан құрметті ағайын және Егеменді елдің ертеңі өскелең жас ұрпақтары бүгінгі бейбіт өмірдің, қадір-қасиетін бағалап жүрейік. Егемендік жолында қаншама азаматтарымыз жанын қиды, небір боздақтар қыршынынан қиылды. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектін

күшімен ата-бабаларымыз осындай ұлан-ғайыр жерімізді болашақ ұрпақтарына аманат етіп қалдырды. Жері үшін, Елі үшін шапқыншыларға тойтарыс беріп отырды. Өткенсіз бүгін жоқ. Өткенімізді таразыға салып, келешекке сеніммен қарау-біздер үшін табиғи нәрсе. Өзіміздің қайдан шыққанымызға көз жіберіп, біз кімбіз? қайдан шықтық? осынау Алтайдан-Атырауға дейін жерінің үсті де, асты да қазынаға, байлыққа толы сайын даланы бізге аманат етіп қалдырған бабаларымызды еске алу, бай тарихымыздан шым-шымдап сыр тартып, өткен тарихымызды білу, оны ой-санамыздан өткізу біздерге міндет, елдігімізге сын. Әсіресе, өткен тарихымыз арқылы өскелең жас ұрпағымызды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу керек-ақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Елімізге бойында ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дамыған, егеменді елімізге аямай қызмет ететін ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет», – деп жас ұрпақ бойындағы ұлттық патриотизмді қалыптастыруға айрықша көңіл бөлу керек деген. Ал қазақстандық патриотизм Қазақстанда тұратын азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Ел тарихын білу-ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирас қоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор. Біздің Қазақ ұлттық агралық университетін ветеринария факультетіндегі тәрбие жұмысының басты мақсаты: Отанға

деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімі қалыптасқан ел мүддесіне деген саңлы істерге, мемлекетті нығайтуға, оның ұлттық мүдделерін сақтауға және тұрақты дамуына қызмет ететін патриот жастар тәрбиелеу. Тәрбие-сан ғасырлар бойы халықтың жинақтап, іріктеп, сұрыптап алған озық тәжірибесі мен құнды қасиеттерін жас ұрпақтардың бойына қалыптастыру. Тәрбиесі мықты ұйымдасқан елдің рухы биік. Ол мемлекеттің іргесін ешкім шайқалта алмасы анық.

Қорытынды келе айтарым, әр ата-ана, ұстаз елдің ертеңін ойлап, ел болашағы саналатын бүгінгі жастардың тәрбиесіне жұмыла кірісуі тиіс. Себебі бағыт-бағдар беріп, ұлтжанды болашақ ұрпақты тәрбиелеу оңай іс емес. Ұлттық тәрбие халықтың өмірін, рухын және тілдерінен тұратын ішкі заңдарын, оның ұлттық мінезін, болмысын көрсетпек. Сондықтан, ұлтты оятудың негізгі тетіктерін анықтап, біліп алған дұрыс. Ол тетіктерге біріншіден – мемлекеттік нышандарды дамыту, тілі, діні, тарихы, салт-дәстүрі арқылы отаншылдық рухын ояту керектігін ұсынамыз. Ұлттың мәңгілік болуы халқын, жерін, елін сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде болмақ. Бір Ел, Бір Тағдыр демекші, ұйыған отбасымыздай мемлекетіміздің жастары беделді, өсуіне, тәрбиеленуіне сенімдімін. Қазақ елінің болашағы жарқын, ұлтжанды, өнегелі ұлт екендігі жоғарыда айтып өткендей ғасырдан ғасырға жалғасын рух, қайсарлы жүрек отты, жігерлі мінез қанымен келіп, одан әрі осындай Қазақстандық патриотизмдік тәрбие шындалса нұр үстіне нұр болар еді. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қостанай таңы, облыстық газет 27 наурыз 2015.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Алматы, 2010.
- 3 Ұлттық тәрбие, №6 2011.

ӘОЖ 371.3

*Садыкова А.Е., Советканова Д.М.
Педагогика ғылымдарының магистрлері*

НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мақала еліміздегі білім беру жүйесіндегі оқытудың түрлері мен әдістері туралы жазылған. Негізгі орта мектеп оқушыларын парталарда отырудың заманауи ерекшеліктері ұсынылған. Сондай-ақ, білім берудегі ынталандырудың жолдары мысалдар арқылы жан-жақты сараланып, берілген.

Түйін сөздер: орта білім, негізгі мектеп, оқушы, мұғалім, оқытудың жаңа әдістері.

В статье рассматриваются вопросы о методах обучения и их классификации. Особенности усаживания детей за партой в основной школе. А также проведен анализ по использованию методов поощрения в учебном процессе как метод стимулирования поведения и деятельности ребенка.

Ключевые слова: среднее образование, основная школа, ученик, формы обучения, преподаватель.

In article questions of methods of training and their classification are considered. Features a usazhivaniye of children behind a school desk at the main school. And also the analysis on use of methods of encouragement in educational process as a method of stimulation of behavior and activity of the child is carried out.

Keywords: secondary education, main school, pupil, forms of education, teacher.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында интеллектуалды әлеуетті қалыптастыруға мүмкіндік жасау болып отыр. Оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану – заман талабынан туындаған құбылыс. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде, әрине, мектептің алатын орны ерекше.

Бұл орайда Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабындағы «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» дегенді атап көрсетсек болады. Сондықтан да, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр-

ған жайы бар. Соның негізінде, еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп атайды.





Мұндай инновациялық процесс аясында осы күндері көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Олар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырса, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Себебі, негізгі мектеп

оқушыларының зейіні әдемі түстерге, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болып келуде. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Оқушыға толықтай, кең білім алуына жан-жақты жағдай жасап, мүмкіндік беруіміз қажет. *Ол үшін, ең алдымен, сабақ өтетін аудиторияның ыңғайына назар аударғанымыз жөн.* Аудитория

үйренушілердің еркін түрде жұмыс жасауына қолайлы болуы керек. Мәселен, аудиторияда тиімді жұмыс жасауға ыңғайлы (сынып бөлмесінде, кабинетте) компьютер, LCD – проектор, интербелсенді тақта, флип-арт (плакаттар), маркерлер болғаны әбден дұрыс. Содан кейін әр сабақта үйренушілер шағын топтар құрамын бірнеше рет өзгертуі ықтимал, сол себепті де, парталар мен үстелдер олардың емін-еркін қозғалуына кедергі болмау жағына мән беруіміз тиіс. Парталарды қоюдың да көптеген тәсілдері бар. Ең бастысы үйренушілердің бәрі де бір мезгілде сабақ жүргізушіні көре отырып, топ ішінде жұмысқа белсене араласуға мүмкіндік алуы керек. Парталарды орналастырудың үлгілері 1-кестеде берілген.

1-кесте

1.Бетпе-бет отырыс	2.Қарама-қарсы отырыс
	
3.Үш жақты отырыс	4. Дөңгелек үстел
	

Бұл кестеден парталарды орналастыруда дәстүрлі әдістен өзгеше айырмашылықты байқаймыз. Дәстүрлі отыру ережесінде бір партада екі оқушы қатар отырып, жүздері тақта жаққа қарайтындықтан, алдында тек мұғалімді ғана көреді де, сыныптастарымен қоян-қолтық араласуына кедергі келтіріледі. Бұдан келіп, оқушылардың бір-бірімен сабаққа қатысты тиімді қарым-қатынастың жасалмауына әкеліп соғады. Оқушының жан-жағына жалтақтап қарауына рұқсат етілмейтіндіктен, өзінің жеке игілігіне ғана жұмыс жасауына дағдыландырамыз. Ал, соңғы парталарда отырған оқушыларға көп назар аударылмайтындықтан, өздерін төмен бағалайтын болады.

Жаңа әдіс бойынша, бетпе-бет немесе қарама-қарсы, дөңгелек үстел үлгісінде отырғызсақ, оқушылардың бір-бірімен пікір алмасып, жаңа тақырыпты өзара талқылауларына жағдай жасайтын боламыз. Мұндай кезде бір мезгілде мұғалімді де, сыныптастарын да көре алады. Топ ішінде немесе жұптық тапсырмаларды орындауға қолайлы болғандықтан, ұжымдық жұмыс жасауға икемделеді. Алдыңғы қатарда немесе ең артында отыру дискриминациясы да орын алмайды.

Топқа бөлгенде әр топта үлгерімі озат, жақсы, нашар оқушылар қатар отыратындай араласып келуін ескеру қажет. Әсіресе,

5-сыныпқа келген оқушыларды бастауыш мектепте өткен негізгі пәндер бойынша тестілеуден өткізіп, нәтижесінде бірнеше топқа бөлу тиіс. Мұндағы мақсат:

- үлгеріміне қарай бөлмеу;
- ұжымда жұмыс жасауға бейімдеу;
- бір-бірімен сабақтан тыс уақытта ғана емес, оқу процесінде қарым-қатынас орнатуға жағдай жасау.

Екіншіден, оқытудың жаңа әдістерін қолданғанымыз абзал. Және бұл әдістер кей мектептерде қолданылып та жүр. Бірақ, азбен ғана шектелмей, еліміздің барлық орта білім орындарында қолданылса, бүгінгі оқушының ертеңгі ел тізгінің ұстар абзал азамат болып қалыптасуына немесе өмір атты үлкен соқпақта адаспай жол табуына мүмкіндік туғызар едік. Жаңа оқыту әдістерінің әрқайсының өзіндік ерекшеліктері жас жеткіншек бойында талап пен жігер қалыптастырып, таланттылықты ашуда өте жоғары рөлге ие. Енді осы әдіс-тәсілдер ерекшеліктерінің бір-нешеуіне тоқталатын болсақ.

Дифференциалды оқыту әдісі. Адам баласы көреді, естиді, сезеді (сипап сезу, иіс сезу, дәм сезу). Осы мүшелер арқылы қабылданған ақпарат мида репрезентативті жүйеге айналады. Ақпарат ең алдымен көрініс арқылы (визуалды қабылдау жүйесі), есту арқылы (аудиалды қабылдау жүйесі) және сезім (кинестетикалық жүйе) арқылы қабылданады. Оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктері әртүрлі: аудиалды, визуалды, кинестетикалық. Осы ерекшеліктеріне байланысты сабақ барысында жеке-жеке тапсырма беру білім беру процесін жеделдетеді.

Өзін-өзі бағалау. Біріншіден, оқушы өзін көркем шығарма кейіпкерімен салыстыру арқылы тұлғаның қандай қасиеттері мен әрекеттерді жоғары бағалайтынын анықтайды. Екіншіден, өзінің тұлғалық қасиеттерін тану бағыты бойынша мазмұндық рефлексиясын дамытады. Үшіншіден, қазіргі жағдайға, болашаққа бағдарын тану негізінде оқушылардың құндылықты рухани бағдары анықталады. Ол үшін мы-

надай диагностикалық тапсыралар беріледі: бірінші бағыт бойынша, «Өзіңді көркем шығарма кейіпкерімен салыстыр» және «Айнамен жұмыс» әдістемесі. Екінші бағыт бойынша, өзінің тұлғалық қасиеттерін, дағды, қызығушылықтарын бағалауға, қалыптастыруға арналған «Мен кіммін?» әдістемесі мен «Басқалардан менің ерекшелігім қандай?» диагностикасын өткізу. Үшінші бағыт бойынша адам өміріндегі құндылықтар туралы ой қозғау мен аяқталмаған сөйлемдерді толықтыруға арналған өзін-өзі жетілдіруге ынтасын арттыруға бағытталған жеке тапсырмалар беріліп, топтық жұмыс ережелерін құрылады.

Деңгейлеп оқыту негізінде:

- сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлу болмайды;
- оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне үйретіледі;
- мұғалімді фасилистаторлық (кеңесші, ұйымдастырушы) іс-әрекетке бейімдейді.

Оқушыларды деңгей бойынша сатылай оқыту:

1. Репродуктивтік (қарапайым) деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Әрбір оқушы 1 деңгейді орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаға құқылы. 1 деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады;

2. Алгоритмдік (базалық) деңгейде оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмаларды орындау кезінде күрделі материалдарды реттеуі және жүйелеуі керек;

3. Эвристикалық (орта) деңгейде оқушылар ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар орындайды;

4. Шығармашылық (ортадан жоғары) деңгей – олимпиадалық есептер, шығармашылық тапсырмалар, біліктілік пен дағды қалыптастырып, бағалау, өз бетімен талдау жасау, зерттеу жұмысын жүргізуге баулиды.

Құрастырмалы-модульді жүйе үш негізгі деңгейге бағытталған. Олар:

1. Міндетті деңгей – белсенді сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдерді меңгеру көлемінде сипатталады.

2. Болжамдық деңгей – тақырыпшаны меңгеру, сұрақтар қоя білу, белсенді сөздерге сүйене отырып суреттей алу, мәтін мағынасымен мазмұндас түсінігін айта алу, жаңа мәтін құрастыра алуға үйретеді.

3. Шығармашылық деңгей – тақырып бойынша түсінігін айту, талдау жасау, ауызша әңгімелер, диалог, монолог, суреттеу, жоба, есеп құрастыра алуға дағдыландырады.

Ойын технологиясы аты айтып тұрғандай ойын формаларына негізделеді. Мәселен:

1. Фронтальді форма – әр ойыншы ортақ мәселені шешуге өз үлесін қосуға мүмкіндік алады. Қиындықтар ұжымның барлық мүшелерінің күшімен шешіледі, бұл шығармашылық қабілеттердің белсене түсуіне ықпал етеді.

2. Жеке форма – оқушының іс-әрекеті басқа қатысушылардың әрекетінсіз жүзеге асады. Бұл жағдайда оқытушының өзінің көмегін үлгерімі төмен оқушыларға «мөлшерлеуге» және белсенді оқушыларға қосымша тапсырма беруге мүмкіндігі бар.

3. Индивидуальді форма – өз бетінше, ерекше тапсырмаларды орындау (алдын-ала дайындалған карточкалар және т.б.)

4. Топтық форма – микротоптардың өзара әрекеттестігін болжайды. Тапсырмалар бірдей немесе әркелкі болуы мүмкін. Бұл форманың тиімділігі:

- топтың әр мүшесі белсенді қатысады;
- ұжымдық шығармашылық іс-әрекетке бейімделеді;
- пікір-сайысқа қатысуға машықтанады;
- өзінің көзқарасын айтуға дағдыланады;
- әңгімелесушімен немесе қарсыласымен мәмілеге келуге үйренеді.

5. Диалогты (жұптық) форма – нәтижесінде өзара ақпарат алмасу, өзара түсінушілік қалыптасады.

Үшінші және әрдайым есте болатын жағдай, ол – білім алушыларды оқуға, білімге деген қызығушылығын оятып, ын-тасын арттыру мәселесі.

Ынталандырудың бірнеше түрлері бар. Олар:

Біріншіден, 5-9 сынып оқушыларына арнап Дарынды Оқушылар Ассоциациясын

құру. Оның құрамына тек озат оқушыларды қабылдау. Одақтың мақсаты – оқушыларды оқу процесінен бөлек қоршаған ортамен, басқа сынып оқушыларымен, ұстаздармен етене жақын араласуына жағдай жасау. Өзінің идеяларын іске асыруға мүмкіндік беру, ой бөлісуге бейімдеу. Түрлі мәдени-ақпараттық шараларға қатысуға жол ашу және басқа оқушыларды жақсы оқуға қызықтыру.

Екіншіден, көтермелеу (поощрение).

- әр аптаның соңында марапаттау (кішігірім сыйлық немесе мақтау қағазы);

- мектеп газетінде сол оқушы туралы мақала жариялау;

- тағы сол сияқтылар.

Үшіншіден, мұғалімнің кей өкілдіктерін (полномочия) оқушыларға бөліп беру:

- мектеп колонкасын жүргізу;

- сыныптың интернет-блогын ұйымдастырып, алып жүру;

- пиар (сынып сағатына қызықты адамдарды шақыру) құқықтарына иелік ету.

Төртіншіден, еркін сабақ ұйымдастыру. Бір апта ішінде өзін жағымды жағынан көрсеткен оқушыларға (сабақта және қоғамдық жұмыстарда) бір сабақты өз қалауы бойынша өткізуге мүмкіндік беру (лекция, дискуссия, видеороликтер қарау).

Бесіншіден, сабақтан тыс уақытта өзін көрсете білген оқушыларға мақтау қағазын беру (тіпті сенбілік болсын).

Алтыншыдан, сыныпта құрмет тақтасын жүргізу. Жетістікке жетсе сол құрмет тақтасына суреті ілініп, аты-жөні жазылады. Бірақ келесі жолы төмен көрсеткішке ие болса, орнын басқа оқушы иемденеді.

Жетіншіден, оқу кабинеттерінде Smart Board интерактивті тақталарын орналастыру. Технологияның оқу процесіне әсерін зерттеушілердің айтуы бойынша, интерактивті тақтаның арқасында оқушылардың нәтижелері жоғарылаған. Сыныптағы дискуссия дамып, сабақтар көңілді өтетін болған.

- *оқушылардың қолынан бәрі келеді:* үлкен экран бәріне бірге жұмыс жасауға мүмкіндік береді, оқушылар тақтада қолмен не маркермен жазуға, суреттер салуға, қажет ойларды ерекшелеуге, өзінің ойына сақтап қалуға мүмкіндік алады;

- *әртүрлі оқыту стилін қолдануға мүмкіндік береді: визуалды, аудиалды, кинестетикалық.* Оқушылар үлкен түрлі-түсті суреттер мен диаграммаларды көріп, әртүрлі қырынан бұрып қарай алады. Материалмен физикалық тұрғыда байланысты болады: әріптерді, сандарды, сөздер мен суреттерді өз қолымен ауыстырып, жаңа тақырыпты толық ұғынады;

- сыныптағы аудиторияның назары түгелдей тақтада болады: интерактивті тақта оқу-

шыларды сабаққа белсене қатысуға үйретеді, оқушыларды басқа елдің мәдениетімен таныстыру үшін кез келген елге интерактивті саяхат жасауға болады. Пифагор теоремасын түсіндіргенде үшбұрышты әр қырынан айналдырып, «тірі» геометрия сабағын өткізуге мүмкіндік пайда болады.

Ынталандыру әдістерін жіктелуі мен оларды іске асыру жолдары келесі кестеде берілген (2-кестеге қараңыз).

2-кесте

№	Әдіс	Іске асыру жолдары
1	<i>Мадақтау</i>	қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, мақтау қағаздары, сыйлықтар
2	<i>Жазалау</i>	қосымша міндеттер таңу, кей құқықтардан айыру не шектеу, моральдық сөгіс не айып тағу, жактырмау, ескерту, сөгіс жариялау, алдын-ала сақтандыру, айыпқа сай талап қою
3	<i>Жарыстыру</i>	бәсекелестік, бедел
4	<i>Субъектив-прагматикалық әдіс</i>	Ғылыми зерттеулер мен практика нақтылағандай, бүгінгі жастардың ерекшелігі - өмірге деген прагматикалық (пайдакүнемдік) қатынасы. Осыдан қазіргі заман оқушысы өзіне, өз жолдастарына оқу маған не береді, неге, қай уақытта ол қажет, одан түсер пайда қандай деген сауалдарға жауап іздейді. Педагогикалық процестегі жетістік әр оқушының қабілетіне байланысты болады, әрі ол табысты қолға түсіру бала даралығына орай келеді. Субъектив-прагматикалық әдістің нақты іске асыру жолдары төмендегідей: -тараптар міндеттері анық көрсетіліп, оқытушы мен оқушы арасында жасалған келісім-шарт (контракт); -оқушы және ата-аналар ортасында келісіммен түзілген жеке өзіндік жетілу бағдарламасы (өзіндік тәрбие мазмұны); -жеке қызығушылықты арттыру үшін оқушылар қалаулары бойынша түзілген төлемді оқу-тәрбие топтары; -құқық бұзуға бейім балалармен тәрбие-сақтандыру жұмыстарын жүргізуге арналған «тәрбиешілік топтары»; -ең соңғы техникалық құралдар және электронды-есептеу машиналары жәрдемімен оқушылардың үлгерімін, мінез-құлығын, әлеуметтік дамуын үздіксіз бақылауға алу, яғни мониторинг жүргізу; -техникалық құралдармен жинақталған сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижесі негізінде оқушының жеке-дара даму бағытын анықтап, тұлғаның қажетті қасиет-сапаларын алдын-ала жоспарланған арнада тәрбиелеудің «сценарийін» түзу; -ұдайы өткізіліп тұратын ойын, жарыс, курстарға байланысты әрбір оқушының тәрбиелік, әлеуметтік кемел, азаматтық дәрежесін анықтау үшін ұйымдастырылатын тест-байқаулар; -тәртіп бұзушыларды жазалау мақсатында қолданылатын айыппұл төлету, құқықтары мен еркіндігінен айыру, әлеуметтік-қоғамдық басымдықтарын (привелегии) алып тастау және т.б. секілді шараларды пайдалану.

Жалпы ынталандыруда мұғалімнің есте ұстайтын негізгі ережелері:

- оқушыларды мақтауға тұрарлық ісі үшін мақтау
- сындарлытүрде сынау
- әрқайсының дамуына көмектесу
- оқушыларды маңызды мәселелерді шешуге тартып отыру
- нақты және орындалатындай мақсаттарды белгілеу
- адал және татулық қарым-қатынасты ұстану.

Қорытындылай келгенде, мұндай жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту негізінде білуге ғана емес, үйрене білуге деген құмарлығын оятып, әрқайсының бойларында білім алуға құштарлығын қалыптастырамыз. Жаңа оқу әдісі оқушылардың бойында:

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді;
- шешендік өнерін жетілдіреді;
- сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады;
- шығармашылық ойлау қабілеті дамиды және т.с.с.

Сонымен, жаңа оқу әдістерін жүзеге асыру

жолдары, біріншіден, сабақты ұйымдастыру кезеңдерін дұрыс іске асыруға мән беруден басталады екен. Яғни, бұл әдістер аудиторияны жаңа талаптарға сай қажетті ақпараттық құралдармен қамтамасыз ету, парталардың дәстүрлі орналасуынан өзгеше стильде болуы, оқушыларды топтық ұжымда жұмыс жасауға дағдыландырумен ерекшеленеді. Бұл болашақ студенттік шаққа дайындықтың бір бөлігі болып табылады.

Екіншіден, сабақты жаңа технология бойынша жүргізу. Мәселен, негізгі мектеп оқушыларын дифференциалды оқыту әдісі, өзін-өзі бағалау әдісі, деңгейлеп оқыту, құрастырмалы-модульді жүйе, ойын технологиясы, т.б. әдістер бойынша оқыту тиімді әрі нәтижелі деп саналады.

Үшіншіден, қазіргі кезде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, күнделікті оқуға ынта-жігерін оятудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттігін қанағаттандыру. Қазіргі мектептерде ынталандырудың мақтау-мадақтау, жазалау, құрметтеу, субъектив-прагматикалық, т.б. әдістерін қолдану тиімді екені іс жүзінде дәлелденген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2007.
- 2 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013.
- 3 Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2004. - 420б.
- 4 Нуриев М.А. Оқытушыларды даярлау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. // Ұлттық тәрбие. – 2011, №1 (4).
- 5 Коменский Ян Амос: Учитель учителей («Материнская школа», «Великая дидактика» и др. произв. с сокращ.). – М.: Карапуз, 2009, - 288 с.



ӘОЖ 37.376

Б.А. Тұрғынбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология мамандықтары кафедрасы,
п.ғ.д., профессор*

Ғ.Қ. Бейсенбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс
магистранты*

ШЕТЕЛДІК НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАРАСТЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды айта отырып, оларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің қатарына бала тұлғасын толық қалыптастыру, танымдық әрекеттерін дамыту, оларды қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде ортаға қосылуы жайлы, сондай-ақ, шет елдік нормативтік құжаттарды қарастыра отырып, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтендіру, қоршаған ортаға бейімдеу, оларды қоғамның толық мүшесі ретінде қарау жағдайы қарастырылған. Біріккен Корольдіктегі мүгедектерге жұмыс берушілер тарапынан жасалған жағдайлар туралы, Канадада мүгедектерді кемсітпеу жайында, Индияда мүгедектерді жұмыспен қамту және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Герман Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғау және АҚШ-тағы мүгедектерге көмек көрсетудің қалыптасқан жүйесімен танысасыздар.

Түйін сөздер: *мүмкіндігі шектеулі бала, әлеуметтік бейімдеу, маргинализация, психология.*

В статье рассматриваются о детях с ограниченными возможностями, помимо основных обязанностей, как обучение и воспитание, полное формирование личности ребенка, развитие познавательной деятельности, об их присоединении как равноправные члены общества, а также рассмотрев иностранные нормативные документы социализация детей с ограниченными возможностями, приспособление в окружающую среду и рассмотрение их как равноправные члены общества. Ознакомление сформированной системой оказания помощи инвалидам в США и защита прав личности с ограниченными возможностями в Германской Республике, о защите прав инвалидов и их трудоустройство в Индии, не унижение инвалидов в Канаде, об осуществленных условиях инвалидам от стороны работодателей в Объединенном Королевстве.

Ключевые слова: *детей с ограниченными возможностями, социальной адаптации, маргинализации, психология.*

This article are considered about children with restricted opportunities, besides fundamental obligations as tutoring and education, the complete formation personality of the child, development of cognitive activity, about their accession as equal terms of society, and also having considered foreign normative documents socialization of children with restricted opportunities, the adaptation in a surrounding medium and their consideration as equal terms of society. Acquaintance by the created system of assistance to disabled people in the USA and protection the rights of the person with restricted opportunities in the German Republic, about the rights protection of disabled people and their employment in India, not humiliation of disabled people in Canada, about the carried-out conditions to disabled people from the party of employers in the United Kingdom.

Keywords: *children with disabilities, social adaptation, marginalization, psychology.*

Қоғамның ауқымды орын алып отырған ең өзекті мәселердің бірі мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мәселесі. Олардың өмірге даярлық процесі тар шеңберде өтетіндіктен, бұл тұлғалардың әлеуметтенуі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелерімен байланысты он шақты нормативтік құқықтық актілер жұмыс істейді. 2005 жылы 13 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы Қазақстан Республикасының Ата Заңына негізделеді. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мәселесі әлемдік деңгейдегі өзекті проблемалардың бірі деп артық айтпаған болар едік.

Сондықтан да шет елдік заңдық нормативтік құжаттарға талдау жасауды жөн көрдік.

Шетелдегі қазіргі заң және әлеуметтік саласында еңбек ету мүмкіндіктері шектеулі тұлға деген ұғымдар жиі пайдаланады. Ол бұрынғы «мүгедек» терминінің орнын басады, өйткені «мүгедек» деген адамның жұмысқа жарамауын, қабілетсіздігін білдіреді.

Сондықтан мүмкіндіктері шектеулі тұлға, еңбек ету мүмкіндіктері шектеулі тұлға, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлға терминдері біршама тиімді және адам намысын қорламайтын болып саналады.

Мүмкіндігі шектелген балалар - әртүрлі кемістіктің салдарынан әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасы қиынға соғады, болып жатқан өзгерістер мен талаптарға көңіл бөлу қабілеті төмендейді. Олар өз мақсаттарына жетуде ерекше қиындықтарды сезінеді де, белсенділігі төмендеп, жағымсыз реакциялар пайда болып, тәртіптерінде ауытқулар пайда болады. Әлеуметтік бейімдеу кемтар балалардың қоғамдық ортамен белсенді араласуына мүмкіндік туғызып, жалпы жағдайын жақсартады.

Әлеуметтік бейімдеу (латын тіліне *adapt* - үйрену, бейімделу) – жалпы қоғамдық талаптар жүйесіне сәйкес кемтар балалардың арнайы топтарына арналған немесе жеке бас талаптарына сәйкес ережелерге бейімдеп үйрету деген [1].

Біріккен Корольдікте мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салынатын 1995 жылы заң жұмыс берушілерге «ыңғайлы құрылғыны енгізуді» міндеттейді. Бұл міндеттеме жұмыс берушінің «кез келген үй-жайының сипаттамасы», «аталған мүгедекті тұтастай алғанда басқа адамдармен салыстырғанда ыңғайсыз жағдайда қалдыратын» ретте қолданылады. Мұндай жағдайда «жұмыс беруші барлық жағдаяттарды қисынды түрде ескере отырып, аталған жоспарлаудың немесе сипаттаманың мұндай салдарларға әкелуіне жол бермеу үшін шаралар қабылдауға міндетті» болады. Атап айтқанда:

- Үй-жайға құрылғы енгізу;
- басқа қызметкерге мүгедектің кейбір қызметін тапсыру;
- аталған тұлғаның жұмыс кестесін өзгерту;
- мүгедекті басқа жұмыс орнына ауыстыру;
- мүгедекке оңалтудан, медициналық куәландырудан немесе емделуден өтуі үшін жұмыс уақытында жұмыстан қол үзе тұруына мүмкіндік беру;
- аталған тұлғаны даярлық курсына жіберу немесе бағыттау;
- жаңа құрал-жабдық сатып алу немесе бұрыннан барын түрлендіру;
- нұсқаулықты немесе нормативтік құжаттарды өзгерту;
- емтихан немесе аттестация өткізу рәсімдерін өзгерту;
- жазбаша мәтінді оқи алатын тұлғаның немесе ымдау тілін білетін аудармашының қызметін көрсету;
- қолдау көрсету;

Канадада мүгедектердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған ауқымды заңнама бар. Атап айтқанда, бұлар: Зағиптар туралы акті [2]; Мүгедектер туралы акті [3]; Мүгедектерді кәсіби оңалту туралы акті [4]; «Канададағы адам құқықтары туралы» заң [5].

Канада заңы мүгедектерді кемсітуге тыйым салады және мүгедектерге тауарлар

мен қызмет көрсетулер, тұрғын үй, жұмыс және т.б. берген кезде кемсітуден қорғауды дамытуды көтермелейді. Бұл заңдарда мүгедектерді оңалтудың ақпараттық қызметін, кәсіптік даярлау жөніндегі қызметті, түзеу-медициналық қызметті, мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдармен қамтамасыз ету қызметін құру мәселесі көрсетілген. Канададағы білім беру жүйесі мүгедектерді мектептен университетке дейінгі барлық деңгейде оқыту мүмкіндігін заңды түрде көздеген.

Герман Федеративті Республикасында азаматтық құқығында жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде мүгедектерге залал келтіруге тыйым салынған. Алайда Германия Ата Заңында бірдей өмір жағдайын немесе бірдей мүмкіншілік белгілеу үшін мүгедектерге артықшылық беру немесе жәрдем көрсету талаптары жоқ. Бұл мәселелер «қарапайым заңнаманың» құзыретіне кіреді, онда олар «өз мүмкіндігі шеңберінде және әлеуметтік мемлекет принципі ескеріле отырып» шешіледі.

Германияда мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың үш нысаны, атап айтқанда, әлеуметтік сақтандыру, өтемақы және көмек түрлері айқын көрінетіндігін айтып өту керек. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері: 1974 жылғы «Мүгедектер туралы»; 1974 жылғы «Оңалту жөніндегі бірыңғай шаралар туралы»; 1979 жылғы «Қоғамдық көлікті пайдалануда мүгедектерге жәрдем көрсету туралы»; 2000 жылғы «Мүгедектер арасындағы жұмыссыздықпен күрес туралы»; Әлеуметтік заңнама Кодексі заңдарымен реттеледі.

Көрсетілген актілерде мүгедектер құқықтары мен оларды оңалтуды қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты, соның ішінде олардың сайлау құқығына, оқуға, білім алуға, қоғамдық көлікті пайдалануға, жұмыс орнындағы арнаулы құрал-жабдықтарға, еңбек нарығында олардың жағдайын жақсартуға, тұрғындардың осы санатының жұмыссыздығын төмендетуге кепілдіктер бар [6].

Индияда 1995 жылғы «Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету туралы, мүгедектердің құ-

қықтарын қорғау туралы және толық қатысуы туралы» заңы неғұрлым кең көзқарасқа негізделген: оған бір мезгілде әртүрлі салалардағы кемсітуге тыйым салатын ережелер, мемлекеттік және жеке меншік мекемелері үшін қызметкерлерді іріктеу бағдарламасында мүгедектерге белгілі бір орындар берілетін квота жүйесін пайдалану арқылы мүгедектердің мүддесіне сай пайымды кемсітуді қамтамасыз ететін ережелер кіреді. Бұдан басқа, онда мүгедектерді жұмыспен қамтуды көтермелейтін мекемелерге арналған ынталандыру шаралары көзделген және оларға салықтан босату, жәрдемақылар бөлуде жеңілдіктер беріледі делінген [7].

«Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету туралы, мүгедектердің құқықтарын қорғау туралы және толық қатысуы туралы» заңы мүгедектер саласындағы саясатта көптеген шаралар қабылдауға ұлттық деңгейде де және мемлекеттік деңгейде де тұтас бір органдарды бекітуге және мүгедектікті ескерту және білім беру салаларындағы теңдікке мүмкіндік берді, атап айтқанда, ол пайымды кемсіту шараларымен, әлеуметтік қамсыздандырумен, көлік құралдарына мініп-түсумен және қоғамдық ғимараттарға кіріп-шығумен, мүгедектермен айналысатын мекемелерді құрумен, мүгедектер мәселесі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен және т.б. кепілдендіруге тиіс.

Конвенция ережелеріне сәйкес адамға «ыңғайлы құрылғы» жасап беруден бастарту мүгедектік белгісі бойынша кемсітумен бірдей болатынын айта кету керек. Яғни, кемсінудің кез келген анықтамасында осы заңда «ыңғайлы құрылғыдан» бас тарту кемсіту актісі болып табылады.

Мүгедектерді қолдауда ең дамыған елдердің бірі Америка Құрама Штаты. АҚШ-та «Инклюжен» деп аталатын бағдарлама жұмыс істейді. Оның негізі «Оңалту актісімен» (1973 ж., №93-112 заң) және мүгедек балаларды оқыту заңымен (1974-1975 жж.) салынған, сол уақыттан бері бұл бағдарламаға бірнеше толықтырулар мен өзгертулер енгізілген. 20-ғасырдың

80-жылдары Америкада түрлі деңгейдегі мүгедектердің қажеттіліктерін есепке ала отырып, жаңа ғимараттар салу мен ескі ғимараттарды қайта салу процесі басталды. Бұл мақсаттың орындалуы үшін үкімет қосымша қаржы қаражатын бөлді, сонымен бірге осы қабылданған стандарттардың орындалуын бұзғандарға қатаң жаза қолданылды. Азаматтардың мүгедектерге қарым-қатынасын өзгерту үшін психологтар мен басқа да мамандар ойластырған және әзірлеген жұмыстар жүргізілді. Осылайша, мүгедектер қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық саласына қол жеткізіп, оларды дені сау адамдардың қабылдауы оң өзгеріске ұшырады.

Білім алуға кіріктіруге қатысты қиындықтар бағдарламаларды жасауда, қызметкерлер дайындауда, мүгедек балаларды дені сау балалардың қабылдауының психологиялық үлгісін жасау кезінде туындады. «Инклюжен» үлгісі Даун синдромы бар бала дағдылы мектепте оқи алады деп түсіндірілді. Әрине, ол үшін оған бөлек бағдарлама, өзінің жеңілдетілген тапсырмалары дайындалады. Көбінесе бағдарламаның табысты жүзеге асуы мұғалімге байланысты.

Бұл үлгідегі білімді қолдау үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың сәтті оқытылғаны туралы бірнеше фильм түсірілді. Алайда, АҚШ-та арнайы мектептерден де бас тартпайды, бірақ та баланы онда басқа амал қалмағанда ғана орналастырылады.

АҚШ әлеуметтік қамтамассыздандыру жайлы сөз қозғағанда, мүгедектерге медициналық көмек көрсетілетінін, жәрдемақы мен өтемақы төленетінін, тұрғын үй тұрмыстық құрылғылармен қамтамассыз етілетінін және оқу мекемелеріне, бассейнге т.б. орындарға жеткізілетінін, оны әлеуметтік қызметтер жүзеге асыратынын айтпай кетуге болмайды. Үйде қызмет көрсететін әлеуметтік қызмет түрлері де пайдаланылады.

АҚШ-та мүгедектерге көмек көрсетудің қалыптасқан жүйесі жұмыс істейді, ол тыныс-тіршіліктің барлық саласын қамтиды және ерекше мұқтаждығы бар адамның қо-

ғамға мүмкіндігінше барынша кірігуіне жағдай жасайды, сонымен бірге қоғамның да мұндай жандарды қабылдауын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік жұмыстарды жүзеге асыру кезінде кешенді тәсіл және бағдарламаларды жасауда білімнің түрлі саласында жұмыс істейтін тұтас бір мамандардың қатысуы маңызды рөл атқарады.

АҚШ-тың Еңбек департаменті келтірген деректер бойынша мындаған мүгедектер өздерін шағын бизнес иелері ретінде табысты көрсете білген. Себебі, мүгедектердің жұмыс күші ретінде талап етілуі төмен, олар жеке-еңбек қызметімен шұғылдануға мәжбүр. АҚШ-та 2000 жылғы санақ бойынша мүгедектердің ішінде жеке-еңбек қызметі және шағын бизнесті ұйымдастыру тәжірибесінің болу көрсеткіші (12,2 пайыз) мүгедек емес адамдармен (7,8 пайыз) салыстырғанда жоғары болған [7].

Кеңес дәуірінде дефектологияда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамның бір мүшесі ретінде тәрбиелеу концепциясы негізделі бастады. Осының арқасында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген мемлекет пен қоғамның қарым-қатынасы бір жүйеге келе бастады.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың ата-аналары балаларын мектепке әкеле салысымен — ақ қоғамның «патерналистік» көзқарасымен кездесіп қала берді, шындығы, қазіргі күннің өзінде білім беру жабық интернаттар түріндегі мекемелерде ұйымдастырылған. Яғни, ол кемтар балалардың әлеуметтік өмірге қатысуындағы мүмкіншіліктерінің еріксіз шектелуіне әкеледі. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар қарапайым мамандықтарды игеруі, құқықтарын қорғау саласы нашар болғандықтан маргинализация жағдайын туғызады. Маргинализация дегеніміз әлеуметтік ортада қатынасу мүмкіндіктерді амалсыз шектеуді білдіретін ұғым, нақты әлеуметтік рөлдерді таңдау, әлеуметтік қызметтерді орындау, әлеуметтік және мәдени ақпаратқа қол жеткізу т.б.

XX ғасырдың екінші жартысында, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бүкіл әлемде

демократиялық, ұлттық-бостандықты жариялайтын қозғалыстар басталады. Екінші дүниежүзілік соғыстың салдары өмірдегі ең жоғары құндылық-адам өмірі мен бостандығы екенін көрсетті. Сол кезде 1948 жылдан бастап «Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы» қабылданғаннан кейін, бүкіл әлем адамгершілік бағытын көздейтін халықаралық құқықтық құжаттар құра бастады. Осылайша қоғамдық пайдалы еңбек пен адамдардың әлеуметтік құндылығы – қазіргі әлеуметтік оңалтудың басты мақсаты болып саналмайды. Ең негізгісі ол рухани-этикалық және әлеуметтік-экономикалық ығыстыруды жою, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды маргинализациялау шараларын алдын алу. Осыдан мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін әлемдегі қалыпты тұлғалар бейімделген заңға емес, өздерінің жеке бас жағдайларына сай заңдарға ғана бағына алатындай, тепе-теңдік мүмкіндігі туады.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтендіру үшін мынадай шарттарды орындағанда нәтижелі болады.

- Тұлғаларды белсенді мәдени-қоғамдық істерге араластыру;
- Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың ішкі егемендігін қалыптастыру;
- Жоғары оқу орындары оқытушыларының толеранттылығы, мейірімділігі және мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жасаудың әдістері мен технологияларын білуі.

Әлеуметтенудің мәні адамның қоғамға бейімденіп, жекеленуі болып табылады. Тұл-

ғаны әлеуметтендіруде тек қана қоғам емес, ең бірінші әрбір адам белсенді рөл атқаруы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі тұлға еркіндікті, әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ортада толыққанды және лайықты өмір сүруіне көмектесетін ерекше күтім, білім және қажетті дайындық алуға құқылы.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қоғамға қосудың екі жолы бар екенін атап өтуге болады:

1) Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамға қосуды және қоғамның мүгедек балаларды өздеріне қабылдауға деген дайындығын қарастырады.

2) Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоршаған ортаға бейімделуін қарастырады. Бұл кезде мүмкіндігі шектеулі тұлға қоғамға қосылудың объектісіне айналады, яғни олардың әлеуметке үйлесімді түрде ену мүмкіндіктерін шектейді.

Әлеуметтік ортаға енгізу - әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы - ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау.

Әлеуметтендіру бұл процесс белгіленген әлеуметтік жағдайларды жеке тұлғаны қалыптастыру, әлеуметтік тәжірибелерді меңгеру процесі, бұл кезде адам сол ортада, топта қабылдаған мінез-құлық ережесіне қалыптасып кетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ұ.Нұрманбетова, Қ.С. Тебенова, Н.Н. Омарова. Мамандыққа кіріспе (дефектология) – Қарағанды, 2007.

2 <http://www.forumatgreenwich.co.uk/>

3 Guest D. Emergence of Social Security in Canada. – Vancouver, 1997.

4 Clark C. Canada is Income Security Programs. – Ottawa, 1998.

5 Dyck R. The Canada Assistance Plan: The Ultimate in Cooperative Federalism// Perspectives on Canadian Health and Emerging Trends/ Ed.by C.Meilicke, J.Stroch. – Michigan, 1980.

6 Германиядағы мүгедектердің құқықтары мен жеңілдіктері.//Partner.-2006.-№7(106).

7 Әлеуметтік оқшауланудан – теңдікке қарай. Мүгедектердің құқықтарын жүзеге асыру.//Парламентарийлерге басшылыққа алуға: Мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық конвенция және оған Факультативтік хаттама. №14-2007.

Т.А. Баракбаева

Ж. Дағжан

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының оқытушылары

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

Мақалада діни экстремизм және терроризм мәселелерін алдын-алуда жастармен ақпараттық-түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы қарастырылады. Діни экстремизм мен терроризм қауіпсіздік жаһандық сипатта орын алып, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әр мемлекет ұлттық мүдделерін қорғау деңгейін арттыру тәуелділігіне айналды.

Түйін сөздер: жастар, ислам, дін, терроризм, секта, экстремизм.

В данной статье рассматривается важность проведения среди молодежи разъяснительно-информационных и воспитательных работ в борьбе с религиозным экстремизмом и терроризмом. Угроза религиозного экстремизма и терроризма приобрела глобальный характер, повышая зависимость уровня защищенности национальных интересов каждого государства от состояния международной безопасности.

Ключевые слова: молодежь, ислам, религия, терроризм, секта, экстремизм

This article discusses the importance of youth advocacy, information and educational work in the fight against religious extremism and terrorism. The threat of religious extremism and terrorism has become global, increasing dependence of the level of protection of national interests of each state of the state of international security.

Keywords: youth, Islam, religion, terrorism, sect extremism

Бүгінгі таңдағы әлемдік деңгейдегі түйткілді мәселелердің бірі – діни экстремизм мен терроризм мәселесі болып отыр. Қауіпті діни экстремистік топтармен және терроризммен күресу жеке мемлекеттік қана емес, дүниежүзілік басты проблема. Себебі, діни экстремистік және террористік ұйымдардың басты қауіп төндіретін нысаны мемлекет тәуелсіздігі мен ұлттық қауіпсіздік болып табылады.

Біздің қоғамда да еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін діни сенімге еркіндік берілген соң діндарлыққа бет бұру, сенім жолына түсу жағынан жастар жағы белсенді болды. Соңғы 2012 жылғы статистикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша, жастар қоғамдағы дін рөлінің артуын жағымды құбылыс деп бағалаған [1]. Жастардың үштен екісі өздерін діншіл деп санайды, ал бесінші бөлігі дін мен дінге сенушілерге дұрыс көзқараста

болған. Дінге сенушілердің басым бөлігі ислам және православие дінін ұстанушылар болып табылады. Ислам діні көп ғасыр бойы ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі дініміз болғандықтан, ислам дініне бет бұрушылар қазақ жастары арасында күннен күнге көбеюде. Алайда, жастарымыздың дәстүрлі діннен адасып қара пиғымды секталардың құрбаны болып, террорист атанды. Дін, діни экстремизм, терроризм мәселелеріне жастардың қатысы не деген сұрақ туындауы мүмкін. Түрлі діни ағымдар мен секталар және діни экстремистік, террор ұйымдарына адам күші қажет. Ал, бұл ұйымдардың аса қызығушылық танытатыны жастар тобы. Жастар деп ЮНЕСКО 15 пен 25 жас аралығындағы буынды анықтады. ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7-шілдедегі қабылданған заңы бойынша «жастар – бұл он төрт пен жиырма тоғыз

жас аралығындағы ҚР тұрғындары». 2013 жылдың басында жасалған зерттеулер бойынша, Қазақстанның 14 пен 29 жас аралығындағы тұрғындарының саны 4 млн. 656 мың адам болған [2]. Яғни бұл сандар арқылы 17 439 271 Қазақстан халқының айтарлықтай бөлігі жастардан құралғандығын көрсетеді. Яғни, жастық дегеніміз балалық пен ересектік арасындағы тұлғаның психологиялық, биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан аса сезімтал кезеңі. Қоғамның бұл тобы басқа буын өкілдеріне қарағанда жаңа көзқарасты қабылдауға және жаңашылдыққа бейім келеді. Бұл топ күшін дұрыс бағыттаса әрі қолдана алса қоғамда жақсы өзгерістер жасауға болады, ал теріс пиғылда, мәселен, мемлекеттік төңкеріс жасау, саяси көтерілістер ұйымдастыру секілді мақсатта үлкен күш болатынын дүниежүзі тарихынан көре аламыз. Әсіресе, ұйымдастыру қолайлылығына орай ең ыңғайлысы студенттер болып саналады. Әлемнің көптеген елдерінде алғашқы террор амалдары университеттерде басталғанын еске алсақ болды. Түрлі діни ағымдар мен секталар және діни экстремистік, террор ұйымдарының жастарға қызығуының басты себебі – жастардың аса сезімтал келуі, логикалық талдау қабілетінің жеткілікті деңгейде болмауы, жастық шабыт пен қауқарының мықты болуы, ұмтылысшыл, көзді жұма тәуекелге бас тігетін мінезі. Бұл ұйымдар жастармен байланысында батырлық, қайраттылық, жанкештілік сияқты ұғымдар мен құндылықтарды тиімді пайдаланады. Олар жастардың осындай таза ұғымдарды лезде қағып алатынын жақсы біледі. Өздерін дәлелдегісі келетін кейбір жастар теріс пиғылдағы осындай топтардың торына түседі де кетеді.

2012 жылдың 25 қазанына дейін өткен діни ұйымдарды ресми қайта тіркеу нәтижесі бойынша Қазақстанда бүгінгі күні 17 конфессиядан тұратын 3088 діни ұйымдар мен филиалдар тіркелген. Жаңа діни ағымдар дегеніміз «Дәстүрлі емес культтер», «Жаңа ғасыр діндері», «Неодіндер»,

«Конфессиялық емес», «Канондық емес діндер», «Баламалық культтер», «Жастар діні» деп аталған Еуропа мен АҚШ-та XX ғ. 60-70 жылдарында кең таралған діни құбылыстар қатарын атайды. Яғни, олар қолдан жасалған діндер. Мемлекеттік деңгейде мұндай ұйымдармен күресуде басты қатаң заң ғана тосқауыл қоя алады. ҚР «қоғамдық бірлестіктер туралы» заң жобасына сәйкес, экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделмеген әскерилендірген құрылымдарды құруға тиым салынса, «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңмен ҚР аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тиым салынады.

Бұл ұйымдармен күресуде Қазақстанда өкімет тарапынан қомақты қаржылар бөлініп, қауіпсіздік күшейтіліп, саясаттанушы, дінтанушы ғалымдар түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Десе де, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шараларының қарапайым әрі маңызды жолдарының бірі бұл – ЖОО-ң студенттерімен ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады. Бұл тарапта еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған мыңдаған жастарға білім беріп отырған Ұлттық Университеттердің орны ерекше. Мәселен, он сегіз мың студент жастарға білім беріп отырған, өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол, еліміздің көшбасшы білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті бұл мәселе бойынша көптеген маңызды шаралар атқаруда. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелер жөніндегі басқармамен бірлесе отырып, ҚазҰУ-да студенттермен түрлі кездесулер ұйымдастырылып, ақпараттық парақшалар мен кітапшалар таратылып, психологиялық тренингтер ұйымдастырылып, топтық тәрбие сағаттарында да бұл тақырыпқа көбірек назар аударылуда.

Сонымен қатар, ҚазҰУ-дың ішінде жұмыс істейтін Діни сараптама орталығы да бар. Басты мақсат – студенттерге дәстүрлі дініміз жайлы жан-жақты дұрыс ақпарат беріп, теріс жолдағы діни ағымдардың жетегінде кетпеуінің алдын алу.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары келесідей болып табылады.

1. Мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне сай дін туралы кітапшалар, балаларды оқуға қызықтыратындай түрлі бейнелі суреттермен безендірілген үнпарақтар жасалуы қажет. Мәселен 1-сынып оқушылардың ми қабылдауын ескеріп, тез ұғынуы үшін ертегі күйінде кітапшалар тиімді келеді;

2. Жалпы орта білім беретін мектептерге аптасына бір рет мешіт имамдарымен, діни сауаты бар мамандармен кездесулер ұйымдастырылуы қажет. Бұл шара негізгі орта мектеп оқушыларына тиімді болып табылады;

3. Жоғары сынып оқушыларына аптасына 2 сағат сабақтан кейін тура дінді насихаттайтын, тәрбиелі сұхбаттар берілген бағдарламалардың бейнебаяндарын көрсетіп, соңынан өзара пікірталастарды ұйымдастыру қажет.

4. Мектеп бітірген түлек жоғары оқу орнының студенті атанған кейін де бұл діни насихаттаулар үзілмеуі тиіс. Жоғары оқу орнында кураторлық сағаттарда іс-шараны жүзеге асыруды ұтымды пайдалануға болады. Куратор әрбір өткізетін сағатын діннің тақырыптарын жоспарлап, насихаттаудың түрлі тәсілдерін қолдану қажет. Мәселен, студенттерге театр актерларының қатысуымен сахналық қойылымдар көрсету. Көріністе адасқан және тура жолдағы адамның іс-әрекетін сомдау басты назарға алынады. Осы көріністерді сомдаған актерлар көрермен жастардың саналарына қоғамның басты мәселелерін нақты және түсінікті түрде сіңіре білуі тиіс;

5. Қоғамдық орындарда, атап айтқанда көшеде және қоғамдық көліктерде билбердтар ілініп, қысқаша бейнебаяндар көрсетіліп тұрғаны абзал.

Кураторлардың өткізетін сағаттарында ақпараттар төмендегі үлгідей мазмұндалуы

қажет. Яғни, дәстүрлі емес діни ұйымда ерекшеліктерін айқындап көрсететін белгілерін атау. Студенттер діни емес ұйымдардың ерекшеліктері:

-Кішіпейілділік және тәуелсіздік сияқты құндылықтарды қолдай отырып, өз көзқарастары мен идеологияларын таратуға тырысады;

-Әлеуметтік тұрғыдан өзара көмек және қолдау көрсету;

-Кез келген аймақтағы мұқтаждық, жұмыссыздық, сауатсыздық және панасыздық секілді әлеуметтік экономикалық мәселелерді пайдалану;

-Осы аймақ халықтарын, олардың басынан кешіріп отырған қиын жағдайларды пайдалана отырып, өз қатарларына тартуға тырысады;

-Жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайлары нашар, ұлттық және рухани құндылықтарынан хабары жоқ жастарды өздері үшін мақсатты түрде миссионерге айналдыру;

-Мемлекеттік төңкеріс, қайта құрулар болып жатқан елдерде жан-жақты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Жас білім алушыларға сұрақтар қоя отырып, жауабын табуға итермелеу. Мәселен, жаңа ағымдарды неге секталар деп атайды және оны анықтайтын қандай өлшемдер бар? деп сұрап, куратор секта туралы толық мағлұмат береді. Бұл сұрақтың мазмұны келесідей сипатталады. «Секта – бұл бұл топ мүшелерін физикалық және психологиялық тәуелділікке түсіруді мақсат ететін ұйым. «Секта» (латынша *secta* – өмір сүру бейнесі, ілім, бағыт, мектеп) сөзінің екі этимологиясы бар: *sectare* – қыю, бөлу немесе *sequi* – біреудің соңынан еру, мойынсұну, біреуге қызмет ету [3]. Секталар – бұл күшті ұйымдастыру жүйесі бар, тұрақты мүшелері бар институт, сонымен қоса, әлем мен адам болмысының барлық салаларын қамтитын, жан-жақты дамыған діни ілімі бар ұйымдар. Бұл ұйымдағы адамдар сыртқы ортамен қатынасы толығымен немесе жартылай ажыратылады. Сектаның негізгі белгілері жайлы айтатын болсақ олар: санаға әсер

ету, өлшемсіз қаржылық сұраныс, бұрынғы қарым-қатынастан бас тартуға мәжбүрлеу, денсаулыққа зиян келтіру, балаларды азғыру, қоғамға қарсы идеаларды тарату, қоғамдық тәртіпті бұзу, ұйым басшыларының немесе мүшелерінің тергеуге түсуі, ұйымның экономикалық кірісін жасыру, мемлекеттің басқару жүйесіне кіруге талпыныс жасау болып табылады. Ал олардың көздейтін негізгі мақсаттары әлемдік деңгейде атақ-абыройға ие болу, өздеріне жаппай мүшелер жинау, ең бастысы – ақша табу. Бұндай ұйымдардың нақты басшылары кім екендігі және қайдан басқарылатындары, кімнің мүддесіне жұмыс істейтіндері де белгісіз, әрі құпия болады. Олар сонысымен де қауіпті. «Экстремистік ұйымдар», «террор» деген ұғымдар қазіргі заманда ислам дінімен байланысты көп айтылып жүр. Яғни діннің атын жамылған терроризм. Террордың сөздік мағынасы «қорқыту, үрейлендіру, шошыту, қаймықтыру» дегенді білдіреді. Террор – дүйім жұртты үрейлендіру, қоғам мен тұлғалардың психологиясына соққы беру және түрлі амалдармен адамдардың зәресін ұшыру [4]. Бұл біздің күнделікті жиі пайдаланатын сөзімізге айналды. Террор дегеніміз адамдарды қаймықтыру, билеп-төстеу арқылы оларға белгілі бір идеология мен ұстанымды мойындату үшін лаң салу дегенді білдіреді. Адамдардың себепсіз террордың құрбаны болатыны, біріншіден – террордың мақсатының орындалғаны, екіншіден – ешкімнің бас амандығы жоқ деген соз. Өйткені қай жерде, қашан және кімдерге террор жасалатынын көп жағдайда біле алмаймыз. Террорлық қылмыстың басқа түрлерінің ендігі бір парқы – мейірімсіздігі, қатыгездігі және қиратушы күшінің шексіздігінде. Террор ұйымдары бірінші сатыда мемлекет билігін әлсіретуді және халықтың мемлекет ин-

ститутына деген сенімін әлсіздендіруді көздейді. Олар ел басқарушы лауазым иелерінің ылғи да кемшілігін халыққа хабарландыру арқылы жекелеген мемлекет қайраткерлеріне сенімсіздік туғызады. Бұның барлығы орталық мемлекет билігін зақымдауды көздейді. Ішкі тыныштығы кеткен, азаматтарының ауыз бірлігіне нұқсан тиген қоғамды террордың мақсаттарына айдап салу, елде ішкі қырқыстар мен бүлік шығару оңай болады». Діни дәрістің мазмұны түсінікті әрі қызықты болған жағдайда жастардың назарын аудара аламыз.

Қорытындылай келе, түрлі діни ағымдар мен секталар және діни экстремистік, террор ұйымдарына қарсы тұруда халықты ақпараттандыру, жастар тәрбиесіне мән беру, дәстүрлі дініміз бен ұлттық құндылықтарымызды және салауатты өмір салтын дәріптеу болып табылады. Бұл ретте мектеп іргесінен жоғары оқу орнына дейін үздіксіз діни білім бергенде ғана біз оңды көзқарастағы тұлғаны қалыптастыра аламыз. «Ақпарат ғасыры» және «психологиялық соғыстар ғасыры» аталған қазіргі ХХІ ғасырда Бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана алуымыз керек. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, жоғарыдағы жағдайлар бізді ойландыруы тиіс. Біздің ойымызша, басты қолға алынатын түйткілді мәселелер бұл: дәстүрлі ислам дініміз қандай екендігін түсіндіру және дәстүрлі дініміздің тәрбиелік жағын оңтайлы пайдалана білу, секта және дәстүрлі емес діни ағымдар мен экстремистік топтар жайлы қоғамға жан-жақты ақпарат беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Себебі, көп мәселе білімсіздіктен туындайды. Білім – бұл сыртқы жағымсыз күштерге қарсы тұратын басты иммунитет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://easttime.ru/news/kazakhstan/molodezh-kazakhstana-statistika-rasskazyvaet>
- 2 https://ru.wikipedia.org/wiki/Население_Казахстана
- 3 Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Борбасова Қ.М., Затов Қ.А. Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер: оқу құралы/– Алматы: Қазақ Университеті, 2013. - 326 б.
- 4 Ғ.Есім, Артемов А.И. Қанаев С., Біләлова Г. Дінтану негіздері: оқулық. – Алматы: «Білім», 2013.

ӘОЖ 37.02

А.С. Сатыбаева

№39-қазақ орта жалпы білім беру мектебінің география пәнінің мұғалім Ақтөбе қаласы

Н.Б. Маханова

ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада география сабағында оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолдары қарастырылған. География пәніне танымдық қызығушылығын қалыптастыру үдерісі және оның үлгерімімен өзара байланыстылығы көптеген факторлар әсерінен болады, бірақ олардың ең маңызды - әдістемелік тәсілдер болып табылады. Алдыңғылардан жаңа буын стандартының ерекшеліктері беріледі. Қазіргі заманғы білім берудің негізгі мақсаты, автордың пікірі бойынша, студенттердің әмбебап білім беру іс-шараларын қалыптастыру болып табылады. Есеп таныстыру: оқу жаттығу әдістерін пайдалана отырып, нысандары студенттердің орындауында шығармашылық жұмыстардың пайдалану бар. Оқу жоспарының табысты меңгеру үшін өлшемдерінің бірі лексика жұмыс, жаңа географиялық ұғымдар мен терминдер жүйесін жүргізу. Студенттер тек ұғымдардың мазмұнын білу керек емес, бірақ, сондай-ақ, оларды жіктеу, оларға маңызды және түрлі мүмкіндіктерін ажырата алатын болуы керек. Қорытындылай келе, ойын іс-маңыздылығын атап және танымдық қабілеттерін және студенттердің түрлі дағдыларын шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау.

Түйін сөздер: *география, пәнге қызығушылығын арттыру, әдістеме, тәсіл, заманауи білім беру.*

В данной статье рассматриваются пути повышения интереса учащихся на уроках географии. Процесс формирования познавательного интереса к предмету география и его взаимосвязь с успеваемостью происходит под влиянием многих факторов, но наиболее существенные из них это – методические подходы. Выделяются отличия стандартов нового поколения от предшествующих. Главной целью современного образования, по мнению автора, является формирование универсальных учебных действий учащихся. Применяя развивающие методы обучения, происходит использование творческих работ, которые выполняются учащимися в формах: доклада, презентации. Одним из критериев успешного усвоения учебной программы является владение системой новых географических понятий и терминов, работа словарем. Учащиеся должны не только знать содержание понятий, но и уметь различать их существенные и варьирующие признаки, классифицировать их. В заключение отмечается важность игровой деятельности, создающей условия для творческого развития, развития мыслительных способностей и различных навыков учеников.

Ключевые слова: *география, повышение интереса к предмету, методика, подходы, современная образования.*

This article discusses ways to increase interest in the subject of geography. The process of formation of informative interest to the subject of geography and its relationship with academic performance is influenced by many factors, but the most important of them is - methodological approaches. Stand out features of the standard of the new generation of its predecessors. The main goal of modern education, according to the author, is the formation of universal educational actions of pupils. Applying educational training methods, there is the use of creative works that are performed by pupils in the forms: report presentation. One of the criteria for the successful assimilation of the curriculum is to hold the system of new geographical concepts and terms, vocabulary work. Pupils should not only know the content of the concepts, but also to be able to distinguish them significant and varying features to classify them. In conclusion, highlights the importance of gaming activities and to create conditions for creative development of cognitive abilities and different skills of pupils.

Keywords: *geography, increasing interest in the subject, methodology, approaches, modern education.*

Қазіргі ақпараттанған заманда оқушыларды ғылым, білім үйренуге деген қызығушылығын арттыру қиын болып отыр. Өйткені, жас жеткіншектер жоғары технологияларды қолдану, ғаламтор арқылы видео ойындар, ғаламтордан бейнебаяндар көру, әлеуметтік желілердегі жеке сайт парақшаларына суреттерін енгізу, қатарластарымен желілік хат алмасуларға құмар болып алды. Сондықтан соған сай оларды білімге ерекше әдіспен қызықтыру, көбінің түсінуіне, қабылдауына жеңіл тиетін қарапайым тілмен және күнделікті өмірден мысал келтіре отырып, сабақты жеткізе алуымыз қажет. Мұғалім оқушылардың қолданысындағы техникалық құралдардан хабардар болып, жаңалықтардан қалыс қалмай, оқушылардың ой-пікірімен бөлісіп, үлгіріп отыру тиіс. Сонда ғана білім берудің тиімді жақтарын алып, оқушылардың сабаққа деген ізденісі мен қызығушылығын дамытамыз.

Бұл жөнінде француз жазушысы, ойшылы Жан Жак Руссоның «Егер де сіз маған айтсаңыз, мен сол айтқанды сол сәтте ұмытып қаламын, егер де сіз маған жазып берсеңіз, мен оқып, оны да ұмытып қаламын, ал, егер де сіз мені сол нәрсеге қызықтырсаңыз, мен бұл нәрсе туралы алдағы уақытта білетін боламын және жадымда мәңгі ұстаймын», – деп айтқан сөзі білім беруде не нәрсені болмасын тәжірибе жүзінде көрсетіп, қызықтыра білген дегенге саяды [1]. Әдетте адам көзбен көріп қана емес, сол затты ұстап сезіне білгеннен кейін ғана қызыға бастайды. Ақпаратты жеткізгенде жай түсіндіріп қоймай, ынталандыру қызықтыру тәсілімен және сұрақ-жауап арқылы, тыңдаушының қызыққан бағытына қарай сабақты жүргізу керек екендігі дәлелденіп отыр.

Оқушының білім алуға қызығушылық қасиеті болмаған жағдайда, мұғалім тақырыпты түсіндіріп, оқушы дайын білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі, мәселелерді өз бетінше шешуі, логикалық тұрғыда ойлануы төмен болады. Соны-

мен қатар, ақпараттарды, тұжырымдар мен анықтамаларды тек ұсынумен шектелетін болса, оқушы олардың мәнін түсінбей, автоматты түрде жаттап алады. Бұдан оқушының ізденушілік қасиеті мен ынта-зейінінің төмендеуі орын алады. Соған байланысты, қазіргі күнде білім қорына қарай бағаланбай, оны іс жүзінде жүзеге асыра алу маңызыдылығы артты.

Бұл туралы Елбасы Назарбаев Университетінде өткен «Қазақстан – білім қоғамы жолында» атты дәрісінде: **«Бұл заман – білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Сол білімді әдетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады»,** – деп, атап көрсеткен болатын. Сондықтан да, оқушыларға сабақты дәстүрлі әдістермен емес, ақпаратты қазіргі түсінікпен қабылдайтындай етіп беру керек [2].


Қазіргі кезде дәстүрлі түрде сабақ берген кезде оқушылардың қабылдау ерекшелігін ескермей, ақпараттарды, таныс емес жаңа терминдермен сабақ түсіндіріледі. Оқушылардың ынтасын арттырып, қызығушылығын ояту үшін түсінікті, пайдалы білім бере алуымыз тиіс [3]. Сабақты түсіндірген кезде мысалды күнделікті өмірден алып, жас ерекшелігіне байланысты қарапайым тілмен жеткізетін болса, баланың сабаққа қызығушылығы артады, пәнді оқу барысында қиын еместігін сезінеді, алған білімін алдағы өмірінде қалай қолданысқа енгізуін қажеттілігін ұғынады.

Қызықты әңгімемен оқушыларды баурай отырып, өз бетінше іздену жұмысымен айналысуға бағыттай аламыз. Мәселен, география пәнінен сабақ беру барысында осы әдістерді қолдансақ болады. География пәнінің мазмұнында техникалық терминдер, жаңа сөздер 9-сыныптарға арналған «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік география» оқулығында кездесе бастайды. Мысалы, «Құрылыс материалдар өнеркәсібі» тақырыбы бойынша оқулық мазмұнында «Бұл кәсіпорын салаларын-

да цемент, асбест және оның өнімдері, каолин, төсеніш материалдар, радиатор мен конвенторлар, санитарлық-құрылыстық фаянстер, керамикалық қаптайтын материалдар, кірпіш, рубароид, линолеум, әр түрлі толтырғыштар, тоқыма және жылу сақтайтын материалдар, үй құрылыс үшін панельдер шығарады» деп берілген [4]. Бұл үзіндіден материалдар қандай мақсатта? қолданылады,

оның қасиеттері қандай екені түсініксіз. Сол терминдерді түсінбегеннен кейін, сабақ қиын болып көрінеді де, оқушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуіне әкеліп соғады. Бұдан байқайтынымыз, сабақты түсіндірудің ерекше әдісін талап ететіндігі. Дәстүрлі әдіс бойынша тақырыпты төмендегі көмекші сурет (1-суретке назар аударыңыз):

1-Сурет



Осылайша, құрылыс материалдардың түрлерін суретпен бөліп көрсетсек, оқушылардың қабылауына жеңіл әрі түсінікті тиетіні анық.

«Құрылыс материалдар өнеркәсібі» тақырыбын түсіндірген кезде жаңа құрылыс туралы терминдерді түсіну, аттары мен сапасына қарай оларды ажыратып, қандай мақсатта қолданылатыны жөнінде сабақ

үстінде мәлімет берілген соң, төмендегідей ойынмен жалғастырылады.

Ойынның негізінде қоғамдағы құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындармен танысады. Соның негізінде құрылыс материалдарды түрлерін қандай мақсатта қолданатынын үйренеді. Ал, кәсіпорынның сипаты туралы мағлұмат үлгісі төмендегідей (1-кестеге қараңыз)

1-топ

№	Мазмұны	Мағлұмат
1	Құрылыс материалдар өнеркәсібінің қай тобы	Ұстастыратын материал
2	Кәсіпорынның аты	Киіз үй
3	Кәсіпорынның мекен-жайы	Өскемен, А. Байтұрсынов көшесі, 4.
4	Қоғамда қажеттілігі	Үйдің конструкциясына, жол салуға, бетон жасауға
5	Шикізатты алатын жері	Өскемен
6	Өндіретін заттың түрі	Цемент
7	Тауар өткізу жолдары (жарнама)	Теледидар арналарында жарнама
8	Өнімді жеткізу жолдары (көлік түрі)	Поезд, автокөлік.
9	Басқа кәсіпорындардан ерекшелігі	Цемент жаңа үлгідегі технологиямен жасалынған

2-топ

№	Мазмұны	Мағлұмат
1	Құрылыс материалдар өнеркәсібінің қай тобы	Материалды-құрылыс заттары (металды)
2	Кәсіпорынның аты	Шаңырақ
3	Кәсіпорынның мекен-жайы	Алматы
4	Қоғамда қажеттілігі	Үйді қоршауға, үйдің шатырына
5	Шикізатты алатын жері	Алматы облысы
6	Өндіретін заттың түрі	металжабынқыш
7	Тауар өткізу жолдары (жарнама)	Қоғамдық көліктердің
8	Өнімді жеткізу жолдары (көлік түрі)	Поезд, автокөлік.
9	Басқа кәсіпорындардан ерекшелігі	Клиенттің арнайы тапсырысы бойынша жасалады.

Оқушыларды үш топқа бөлеміз, оның екі – тобы кәсіпорын, бір тобы – клиенттер болып жіктеледі. Әрбір топ өз кәсіпорыны туралы жарнама жасап, клиенттерді қызықтыру керек. Өз кәсіпорынының жақсы жақтары, өнімді не үшін қажетті екенін, қай кезде пайдаланатыны туралы ақпарат береді. Осы ойын мүмкін болса компьютер сыныбында өткізілгені дұрыс. Өйткені, екі топқа тапсырманы беріп, дайындалуына 15 минут берілген кезде, ғаламтордың көмегімен керек мәліметті іздеуге қосымша көмек болады. Қай топқа көп клиент қызықса, сол топ жеңіске жетеді.

Жоғарыдағы қарастырған әдістермен қатар, заманауи техникаларды қолданып сабақты қызықты етіп өткізуге болады. Солардың бірі, география пәніне қатысты үрдістерді анимациялап көрсету, тіпті кино фильмдер мен диафильмдер үзінділерін MPEG, AVI типті файлдар ретінде сақтап, оларды гипер мәтінді формат арқылы электрондық оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік әдістемелік деңгейін арттырады. География сабағын қызықты өткізудің негізгі талаптарының бірі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс - тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып оқытуына

байланысты. Оқыту қызметінің мақсаты бір ғана міндетті нәтижеге жету емес, ол әрбір оқушының іскерлігі мен мүмкіндігін дамытуға жағдай жасау. Оқуға қызықтырудың басты элементтерінің бірі нәтижеге жетуге ынталандыру.

Қорытындылай келе, 9-сыныптарға арналған «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік география» сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін, жоғарыда аталып кеткендей, сабақты қоғаммен байланыстырып, еліміздегі және шетелдегі кәсіпорындармен хабардар етіп, және тақырыпқа сай әлемде болып жатқан қызықты оқиғаларды мысалға келтіре отырып, түсіндіру керек. Үлгі ретінде «Құрылыс материалдар өнеркәсібі» тақырыбына оқушылардың қызығушылығын арттырып, тақырыпты оңай түсінуі үшін берілген ойын әдісінен оқушылардың құрылыс материалдар өнеркәсібінің қандай салалармен тығыз байланыстығы, бұл өнеркәсіп шикізаттарына не жататындығы және еліміздің қай аймақтарында кездесетінін, не үшін қолданатындығын хабардар болады. Осы сияқты бағыттағы білім беру арқылы, оқушыларды келешек өмірге шынайы дайындай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. (Әдістемелік нұсқау) – Алматы, 2002.

2 http://akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-prezidentinin-nazarbaev-universiteti-studentterialdynda-soilegen-sozi_1346990218

3 Ұлттық тәрбие: Таңдамалы лекциялар курсы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. -276 б.

4 В. Усиков, Т. Казановская, А. Усикова, Г. Зәбенова. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. 2 басылымы, өңделген – Алматы: Атамұр, 2009. -176 б.

ӨОЖ 37. 015

Ж.Б. Қдыралиева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ expertі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ ЖАСТАРҒА БЕРЕРІ МОЛ

Мақалада бүгінгі жастардың патриоттық сезімге ұлттық құндылықтар арқылы тәрбилеу мәселесі көтерілді. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды нақыштау өзекті болып отыр. Ұлттық мәдениетті, өркениетті, балаға жастайынан сіңірту арқылы өзін-өзі тануға, жеке, саналы азамат ретінде қалыптасуына септігін тигізетіні жөнінде сөз қозғалды.

Түйін сөздер: *жас ұрпақ, ұлттық мәдениет, білім, тәрбие.*

В статье написано о воспитании молодежи патриотизму, то есть о методах и способах использования обычаев и традиций. Одним из существенных условий развития современного образования является актуализация системы народного образования. Национальная культура становится первым шагом для ребенка в освоении богатств мировой культуры, присвоении общечеловеческих ценностей формирование собственной личностной культуры.

Ключевые слова: *молодежь, национальная культура, образования, воспитания.*

The article is written on the education of the youth patriotism, that is, the methods and ways of using the customs and traditions. One of the essential conditions for the development of modern education is the actualization of the public education system. National culture is the first step for the child in the development of the wealth of world culture, awarding universal values formation of his own personal culture.

Keywords: *youth, national culture, education.*

Кең құшақты қазақ даласында бабалар дүбірі мен даналар үнімен, ата-бабалар салт-дәстүрімен тәрбие алып өскен – қазақ балаларымыз. Өз ұлтымыздың ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрімізді ұмытпай, одан әрі дәріптеу біздің борышымыз. Салт - әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі ретінде қалыптасқан.

Ата-салтты қадірлеген, құрметтеген адамның ішкі рухани байлығы, әдептілігі сыртқа күн нұрындай сәуле шашып тұрғандай сезіледі. «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» демекші, әдептілік негізі иманды, кішіпейіл, көпшіл, инабаттылықтан бастау алады. Сондықтанда, бүгінгі күні жастарды әдепті, ілтипатты, адамгершілікті етіп тәрбилеу әлімсақтан мирас болып келе жатқан ата-салтымызды санасына сіңдірту өте маңызды болып табылады [1]. Сан ғасыр-

ларды бағындырып келе жатқан сондай салтымыздың бірі ұлттық тойлар (түрі көп), оның ішінде үйлену тойын мысалға алсақ болады. Екі жастың бас қосып, отбасын құруы ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша құдаласудан басталады. Қазақтар, әдетте «тең-теңімен, тезек қабымен» деген қағида бойынша ежелден сыйласатын, аралас-біліс, әлеуметтік деңгейі өзімен шамалас адамдармен құдаласатын болған. Қазақта құда болудың бірнеше түрі болған. Осындай т.б. жағдайларға байланысты құдалықтың «бел құда», «бесік құда» және «қарсы құда» деген негізгі түрлері қалыптасқан. 1960-жылдардан бастап үйленіп, тұрмыс құру көбіне жастардың өз қалауларымен жүзеге асырылды. Сондықтан, өз еркімен бас қосуына байланысты болатын құдалық түрі халық арасында «құдай қосқан құда» деп атала бастады. Бұлайша үйленудің өзі екі түрлі болды. I) Құдаласу жолы бойынша жасалып, алдымен қалыңдық жағының «ұзату тойы», одан кейінгі «үйлену тойы» немесе «келін түсіру тойымен» жалғасатын үйлену салты. II) Белгілі себептерге байланысты туындаған «алып қашу» немесе «қашып кету» арқылы үйлену салты. Бұл салт негізінен екі жақты көптеген салмақтан құтқарудан туындаған деуге негіз бар. Ол шындығында қызды күшпен алып қашу емес, келісілген жағдайда атқарылатын шара. Мұндайда, жігіт жағы қызды кіргізіп алған соң, құдалар ауылына «аяққа жығылып, кешірім сұрап, рұқсатын алуға» 2-3 адам «хабаршы» келеді. Үйленудің бұл түрі кейде ата-ананың, әсіресе, қыз жағының екі жастың үйленуіне қарсы болған жағдайында да жасалады. Алайда, екі жастың ниетін біле тұрса да құдаласудың бірқанша ырым-кәделерінен азат болу мақсатында ата-ананың осындай жолға баратыны кездеседі. Қыздың кетіп қалуының ерікті немесе еріксіз түрде болғандығын білу үшін қыз жағынан «қуғыншы» келеді. Ол көбінесе қыздың жеңгелері, туыстары болып келеді. Мұндайда көбіне екі жақтың өзара тіл табысып, мәмілеге келуімен аяқталып жатады. Алып қашу алдын-ала қа-

растырылған болса, үйлену тойы сол күні атқарылып кетіп те жатады. Ал, дайындық болмаған жағдайда бірнеше күннен кейін де той жасалады. Тойда көптеген дәстүрлер орындалады, солардың біршамасы бүгінгі күнге де келіп жетті, «шашу, шашу», «бет ашар», «құда түсу» т.б. Мысалы, Шашуды сол кезде апалар тілектерін тілеп, тойға қатысушылар келін мен жігіттің маңдайынан иіскеп, құттықтайды. Шашудың мәні – *Көк Тәңірінен «нұр жаусын»* деген ізгі тілек тілеген магиялық сипатта болып, үлкендер мен кішілердің жапа-тармағай таласуы арқылы елді қызыққа бөлейтін көңілді салт болып қалыптасқан. Шашуға ертеректегі күміс тиындар шашу салты Орталық және Батыс Қазақстан өңірлерінде бірлі-жарым кездеседі. Осылайша, думанды той өткен соң ертеңінде таңертең ерте тұрған келін алдымен үлкен үйдің түндігін ашады да, отын жағып қазан көтереді. Сөйтіп, келін өз отауының шаруасына араласып, жаңа орта, жаңа қауымның мүшесі санатына қосыла бастайды. Ұзатылып барған жерінің туыс-туғандарымен танысатын «отқа шақырылып», «есік көрсету» кездерінде, үйлену тойында киген сәукелесін жас келін екенін білдіріп, киіп барып та жүреді.

Қызы мен күйеу баласы келгенде қыздың төркіні жақын туыстарын жинап, мал сойып, тілеу істейді, төркіндеп барған қызын, күйеу мен жиенін қыздың барлық туыстары үйіне шақырып қонақ болғызады. Ол «қыздың төркіндеуі» деп аталады. Бір ай болып, қайтарларында төркіні қызына бұзаулы сиыр, құлынды бие, бір түйе береді. Жиен «қырық серкеш, шұбар тайын» алып қайтады. Сөйтіп, екі жастың үйлену тойының атқарылуы барысында саналуан әдет-ғұрып, жосын-жоралғылар мен ғұрыптардың атқаратын дәнекерлік қызметтері ерекше көрінеді [2].

Ал, бүгінгі күнгі той мәселесіне тоқталар болсақ, той адамдардың жарысы секілді, бір-біріне бәсекелестікпен, байлығын, мүмкіндігін, бірінен бірі асып түсіп мақтану, «Мен кімнен кеммін?», – деген ойлар, әдеп-

сіз қылықтар, жалдамалы қыздардың биі, заңғырған адамды есеңгіретіп жіберетін музыкалар сәнге айналып бара жатқандығы, қарынды ашытады. Ата-бабамыз қанша малын шашып тойлатса да, өрескіл әрекеттерге барған емес. Тойдағы жағымсыз жәйттардың орын алуы жастардың тәрбиесіздігінде, ата-анасының баласына деген тәрбиесіне көңіл бөлмегенінде болуы мүмкін. Бұл жөнінде Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова: «Бүгін бізге батыстың желімен домалай беретін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылға қарсы тұра алатын, тамыры ұлт рухына терең бойлаған білікті ұрпақ керек. Қазақ қыздарының нәзіктігі мен ибалылығы жоғалып барады. Жат қылықтарға әуес ұрпақ өсіп келеді. Осының бәрі қоғамымыздың ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қаншалықты зәру екенін байқатады. Ұлттық тәрбиеден алыстаған сайын, көлденең кесіп-тардан шыға алмай келеміз. Сондықтан, жас ұрпақты толыққанды қазақ отбасында тәрбиелеудің маңызы зор» [3], – деп бүгінгі таңдағы жастардың өрескіл іс-әрекеттерге қандай себеппен баратындығы жөнінде, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген сынды, жастарға қазақи салтымыздың маңызы зор екендігін басып, орынды пікір айтқан. Кезінде аталарымыз балаларына алдымен отбасындағы тәрбие өнегесін үйретіп, одан кейін «Е, Құдайым, бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең бір-бірлеп ала бер» деп ұрпағының санасыздығынан түңілген. Ұлттық салт-дәстүрлеріне елуден астам тәрбие үлгілерін қолданған, әдеп, ырым-тиым, жөн-жосық, қалып-қағида ережелерін жасаған. Ұлы Абай бабамыз «баланды бес жасқа дейін хандай сыйла, он екі жасқа дейін құлыңдай жұмса, он үш жастан кейін ақылшыңдай кеңес» деп айтқан. Ескілер жастарға сенім артып, оның есеюіне, отаншыл, көпшіл, халықшыл, ұлтжанды болып тәрбиеленуіне мақал-мәтелдер арқылы ықпал еткен. Сол арқылы тәлім-тәрбие, дұрыс жолға бағыттаған.

Ұрпақтың санасыз болып, елдің намысын, арын қорғай білмейтін, мансапқорлыққа,

бәсекелестікке бейім, батыс стиліне еліктеп, адамның миыма қонымсыз жәйттардың орын алып жатқандығы, ұлттық сана-сезімнің, халықтық тәрбиенің төмендеп бара жатқандығын көрсетеді. «Ештен, кеш жақсы», демекші аталмыш келеңсіздіктің алдын алу, болдырмау, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу бүгіннен басталуы қажет. Ол үшін ең алдымен шыр етіп дүние есігін ашқаннан нәресте бойына тарихи құндылықтарымызды «бесік жырынан» бастап ертегі, қазақи аңыздар, жырлар т.б. салтымызды дәріптейтін әңгімелермен тәрбилеп бойын сіңірту міндетті. Тіпті, нәрестені тәрбилеуді құрсақтан бастап, отбасы ошақ қасы екендігін біліп дүние есігін ашқаны абзал. «Жақсы сөз – жарым ырыс» – демекші, отбасында барынша балаға ғибратты әңгімелер мен өмірде оң пайдасын тигізетін даналардың нақыл сөздері, ең бастысы ұлттық құндылықтарды дәріптейтін асыл сөздермен сусындатып өсіру міндетті. Сонымен қоса, мектепте «ұлттық сана», «ұлттық құндылық», «сана-сезім», «салт-дәстүр» т.б. сияқты психологиялық тұрғыдан семинар сабақтарын, сынып сабақтарында жетісіне бір-екі рет жүргізіп тұрса, рұқсат беріп жатса, сабақ ретінде енгізсе нұр үстіне нұр болар еді. Сонда айтылған жүз сөздің оны баланың есінде қалып, оны өмірде өнеге ете білсе, баланың жаман қылықтарға бармауына септігін тигізер еді.

Қорытындылай келгенде, қазақ халқының салт-дәстүрі атам заманнан келе жатқан ұлтымыздың өзгеше қасиетін сақтайтын, жалғастыратын, рухани жан-дүниесін онан ары байытатын мәдени құндылықтардың бір түрі десек артық айтқандық емес. Той мәселесіне келгенде, қазақ халқында қандай той болмасын (тойдың түрі көп) - ол қарапайым халықты ұйымшылдыққа, береке-бірлікке, сауық-сайранға, өнер-білімге, ұлттық дәстүрімізді дәріптеп, ойын түрлерін дамытуға жебейтін әмбебәп қимыл. Әрине, бүгінгі өскелең ұрпақтың бірең-сараңы салт-дәстүрді ұстанбағанымен, кейбір элементтерін қолданатыны теріске шығара алмаймыз. соңғы кезде болып жатқан келеңсіз жәйттер, мәдениеттен алшақ ойындар, қыздардың адам шошытар биі т.б адамдардың

бір-біріне бәсекелестікпен, байлығын, мүмкіндігін, бірінен бірі асып түсіп мақтану барысындағы ойдан арылып, сол тойды мәнді де, мазмұнды тұстарын ойластырып, адамға жаңа ой туындайтын әдепті ойындарды қолданса, мәдениетті дәрежеде өткізу жолдарын қарастырса тойдың шырқы жаңғырар

еді. Бабалардан мұра болып келе жатқан тектілік, әдептілік қасиеттерін ұмытпасақ, бәрі де өз жөнімен ел тұрмысының жаңа мазмұнын жақсартуға үлес қосары да сөзсіз. Ата салтын құрметтеу, өз ұлтымыздың, жас ұрпақтың болашағы үшін керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Якупова А.Н., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Сеитова Ж.М. Салт-дәстүрдің ұйымдастырылу жолдары мен орындалу тәртібі.

2 Айгүл Әжіғалиева «Ұлттық құндылықтар отбасынан басталады» Егемен Қазақстан <http://egemen.kz>

3 А.Е Манкеш «Отбасының тәлім-тәрбиелік рөлі» Ұлттық тәрбие №4 (24) 2014

ӘОЖ 372.881.1

З.Ш. Ағыбаева

*Алматы облысы, Қаратал ауданы, Тастөбе ауылы
Жамбыл атындағы орта мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН «ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ»

Интеллектуалдық ойын «Қызықты қазақ тілі» ашық сабағын мұғалімдерге көмек ретінде ұсынып отырмыз. Ашық сабақтың мақсаты мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыра отырып, жастардың ой-өрісін, ізденістері мен тапқырлық қырларын дамытуға ықпал ету жайы айтылған. Отанға деген сүйіспеншіліктерін, мемлекеттік тілге қызығушылықтарын арттыру, ұшқыр ойды дамыту, дүниетанымдық көзқарастарын дамытуға ықпал ету жайы қарастырылған.

Түйін сөздер: интеллектуалдық ойын, мемлекеттік тіл, мұғалім, оқушы, ашық сабақ, дамыту.

Учителям в помощь представляем открытый урок, интеллектуальную игру «Қызықты қазақ тілі». Целью урока является: повысить статус государственного языка, повысить интерес языку, развить интеллект, находчивость, мировоззрение молодежи, любовь к родине.

Ключевые слова: интеллектуальные игры, государственный язык, преподаватель, ученик, открытый урок, развитие.

Teachers are to help introduce open lesson, intellectual game «kizikti Kazakh tili». The aim of the lesson is: to raise the status of the state language, the language to increase interest, to develop intellect, resourcefulness, worldview of youth, love of country.

Keywords: intellectual games, the official language, teacher, student, outdoor lesson development.

Сайыстың мақсаты: Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыра отыра оқушылардың ой-өрісін, ұшқырлығы мен тапқырлығын дамытуға ықпал ету.

Сайыстың міндеттері:

А) білімділік: Оқушылардың әр салада білімдерін кеңейту, білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Оқушыларды

қазақ тілінен басқа пәндерден алған білімдерін өмірде қазақ тілінде пайдалануға үйрету.

Ә) дамытушылық: Оқушылардың ауыз-екі сөйлеу тілдерін дамыту, шығармашылықтарын арттыру, ой-өрісін дамытуға ықпал ету;

Б) тәрбиелік: Елбасын, Отанға деген сүйіспеншіліктерін, мемлекеттік тілге қызығушылықтарын арттыру, ұшқыр ойды дамыту, дүниетанымдық көзқарастарын дамытуға ықпал ету.

Сайыста қолданатын әдістер: ой шақыру, көрнекілік, интерактивті әдістер

Пәнаралық байланыс: география, тарих, әдебиет, дүниетану.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, компьютер жабдықтары, слайдтар.

Іс-шараның барысы.

Ойынға қатысушылармен танысу.

- Құрметті мұғалімдер, оқушылар! Бұл ойын қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығына арналған іс-шара болып табылады. Оқушылар өз білімдерін жоғары дәрежеде көрсетеді деген үмітпен, байқауымызға қош келіпсіздер! Соған орай қазақ тілі мен әдебиеті, география, тарих саласында сұрақтар қойылады. Біздің мектептің 8 сыныптың оқушылары арасында «Қызықты қазақ тілі» деген интеллектуалдық ойынды өткізуге рұқсат етіңіздер.

- Ең алдымен, сайысқа қатысушылармен танысып өтейік.

8 сыныптың оқушылары

- Әділқазылар алқасымен таныстыру.

1. Гуманитарлық әдістеме бірлестігінің жетекшісі: Сембаева Қ.

2. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі: Төлеу К.

3. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі: Сембаева А.

Сонымен қатар, біздің ойында есепші барлық ұпайларды санап, тақтаға жазып, көрсетеді. Есепші әділ-қазыларға санауға көмектеседі.

8 сынып оқушысы: Бижанов Е.

2. Кіріспе сөз.

Тіл- өте маңызды құрал. Тіл болмаса адам өз ойын жеткізе алмас еді. Өткен тарихымыз, халқымыздың әдет ғұрыптары, салт-дәстүрлері, бізге ана тіліміз арқылы жетеді. Қазақ тілі - өте бай әрі көркем тілдердің бірі. Мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР азаматының парызы.

- Бүгінгі интеллектуалды ойын бес кезеңнен тұрады:

I кезең – «Бәйге»

II кезең – «Полиглот»

III кезең – «Қиял әлемінде»

IV кезең – «Жорға»

V кезең - «Жекпе - жек»

3. Ойынның барысы:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан – деген Абай атамыздың сөзін қайталай келе, біздің ойынымыздың шартын түсіндіре кетсек. Сайысымыз 5 кезеңнен тұрады.

1 кезең «Бәйгеде» сұрақтар берілген, оған бірінші болып қолын көтерген оқушы жауап береді. Егер де ол жауап бере алмаса, келесі қол көтерген оқушы жауап бере алады. Әр жауап 3 ұпайдан есептеледі. Кезеңнің соңында ұпайы аз 4 оқушы ойыннан шығарылады.

2 кезең «Полиглотта» аяқталмаған мақалдарды оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілінде толықтырып жауап береді. Қазақ және орыс тілдерінің жауаптарына бір ұпайдан беріледі, ағылшын тілінде жауап берілген жауапқа 3 ұпай беріледі. Толық жауапқа 5 ұпай.

3 кезең «Қиял әлемінде» Ойыншыларға тақырып беріледі. Тақырыпқа сәйкес қызықты әңгіме құрастыру керек.

4 кезең «Жорға» ұпайы жоғары оқушылар қалып сайысқа түседі **«Жорға»** ережесі бойынша оқушылар жеке – жеке сұрақтарға жауап беруге тиіс.

5 кезең «Жекпе – жек» ұпайы жоғары екі оқушы шығып берілген «Қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер құрайды.

«Батылдық - балалық шақта шыңдалады» десек баланы бала ететін тәрбие құралының бірі - ойын екендігі белгілі. Ал енді, бірінші кезеңді бастайық.

«Бәйге» турын бастаймыз.
Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз,
Шәкірттерге әділ шешім беріңіз
Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шығарар,
Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз.

1 - кезең «БӘЙГЕ»

1. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы кім? /Алтынсарин/
2. Ұлы жүздің биі кім? /Төле би/
3. Қазақстан облысының саны қанша? /14/
4. Киіз үй неден тұратынын айт. /Шаңырақ, кереге, уық/
5. Бауыржан Момышұлы кім? /батыр, жазушы/
6. Тудың авторы? /Ш.Ниязбеков/
7. Елтаңбаның авторы кім? /Ж.Мәлібеков, Ш. Уәлиханов/
8. Әнұранның авторы кім? /Ж. Нәжмеденов, Ш.Қадлдаяқов, Н.Назарбаев/
9. Жалғаудың түрлерін ата. /көптік, септік, жіктік, тәуелдік/
10. Неше септік жалғауы бар? /7/
11. «Ерінбесең – емерсің» тақырыбы не туралы? /еңбек/
12. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді? /жуан, жіңішке/
13. Қатаң дауыссыз дыбыстарды ата. /п,т,с,қ,к,ш,щ,ч,ф,ц,х,һ/
14. Фонетика нені зерттейді? /тіл дыбыстарын/
15. «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» мақалының тақырыбы не? /достық/
16. Сөз таптары нешеу? /9/
17. Жұрнақ түрлерін ата/сөз тудырушы, сөз түрлендіруші/
18. Сын есімнің шырайларын ата? /жай, салыстырмалы, асырмалы, күшейтпелі/
19. Етістіктің неше шағы бар? Оларды ата./3 осы, келер, өткен/
20. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар? /9/
21. Қазақ тілінде буынның неше түрі бар? /3/
22. Қазақстанның бас қаласы? /Астана/
23. Қазақстанның мемлекеттік тілі? /қазақ/
24. «Мен, сен, ол» есімдіктің қай түріне жатады? /жіктеу/
25. Бие сүтінен не әзірлейді? /қымыз/
26. Бір жылда неше күн бар? /365/

27. «Мұғалім» сөзінің синонимі/ұстаз/
28. «Үлкен» сөзінің антонимі./кішкентай/
29. Ішекті аспаптарды ата./домбыра, қобыз, жетіген, сазген,адырна/
30. Алматы мен Талдықорған өңірлерінің атауы? /Жетісу/

Ең көп ұпай жинаған қатысушы қалады.
Сөз әділқазы алқасына беріледі.

II кезең – «Полиглот»

«Жеті тілді білсең, бар әлемді билейсің»
деп бекер айтылмаған болар.

Осы кезеңде, сіздердің назарларыңызға мақал-мәтелдер беріледі. Керекті сөздің орнын тауып, үш тілде аудармасын табу керек.

Кім жылдам, әрі тез болса сол оқушы табысты болады.

Отан - ... да ыстық. (от – огонь -...)

Отансыз адам,

Ормансыз(бұлбұл – соловей-...)

... – ғылым – тілсіз мұғалім. (кітап – книга-...)

... - отбасынан басталады. (отан – родина-...)

... – білім бұлағы (оқу – учеба-...)

... тас жарады,(тіл – язык- ...)

Тас жармаса, бас жарады.

Гүл өссе жердің көркі,

... өссе елдің көркі.(қыз-девушка- ...)

Атадан жақсы ұл туса,

Есіктегі басын төрге сүйрер.

Атадан ... ұл туса, (жаман – плохой - ...)

Төрдегі басын жерге сүйрер.

- Қорытынды жасаймыз.

Ең көп ұпай жинаған 6 қатысушы қалады.

Сөз әділқазы алқасына беріледі.

Келесі кезеңіміз III «ҚИЯЛ ӘЛЕМІ»

Ойыншыларға тақырып беріледі. Тақырыпқа сәйкес қызықты әңгіме құрастыру керек. 3 минут уақыт беріледі.

Білімнің ұшқырлығын танып сен,

Асыл тасып, асықпа, қалыспа сен.

Уақыт деген зымырап, зулап жатыр,

Шапшаңдық бұл сайыста керек екен.

1 топ «Мектеп»

2 топ «Отбасы»

Жанкүйерлерге сұрақтар:

1. Қазақтың ұлттық музыкалық аспабы (домбыра)

2. «Дружба» сөзінің қазақшасы қалай? (достық)

3. Халқаралық тіл (ағылшын)

4. Экология апатқа ұшыраған теңіз (Арал)

5. Бала дәрігері (педиатор)

6. Астана қаласының символы (Бәйтерек)

7. Мұсылмандар діні (Ислам)

8. Жаздан кейін не келеді? (күз)

9. Бір жылда 12 не бар? (ай)

10. Наурызда пісірілетін тағам? (наурыз көже)

11. Солтүстік Қазақстанның бас қаласы (Петропавл, Қызылжар)

12. Қазақтың ішекті аспабы (домбыра)

13. Христиандардың ең басты мерекесі қалай аталады? (пасха)

14. Қазақ алфавитінде неше әріп бар? (42)

15. Қазақ қыздарының ұзатылғанда киетін бас киім (сәукеле)

Бұл кезеңде өз мәресіне жетті. Ендігі, сөз әділқазылар алқасының назарына беріледі. Бұл сайыта ең үздік деген 4 оқушы алдыға шығады.

IV кезең - «Жорға»

1 - жүргізуші:

Ойын толық жатқандай асып, тасып,

Біреу мығым, біреулер шалыс басып.

Бұл ойыннан өтеді ғұлама ойлар,

Жеңсең де жеңілсең де қал ма жасып.

Жоғары, жоғары, жорғала

Шапшаңдыққа таң қал ма.

Ойын деген нарталас,

Жеңілемін деп ойлама!

Ең үздік деп аталған екі оқушымызға қол шапалақтап, демеу берейік!

Алдымен, ұпай аз оқушыдан бастап, сұрақтар қойылады.

1. Жай сөйлем дегеніміз не?

2. Жай сөйлем нешеге бөлінеді?

3. Жақты, жақсыз жай сөйлемнің ережесін айт.

4. Жалаң, жайылма сөйлем дегеніміз не?

5. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?

6. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

7. Себеп – салдар салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

8. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

9. Кезектес салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

10. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

11. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

12. Етіс дегеніміз не?

13. Етістің түрлерін ата. Мысал келтір.

14. Бұйрық рай дегеніміз не?

V кезең – «Жекпе – жек» Әр топтан қалған оқушылар шығып берілген «Қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер құрайды. /қазақ, ас, тақ, тас, тандыр, қазы, тары, арық, ар, ата, қаз, ара, нар, атан, тана, асық, ық, ыс, Қазақстан, тарак, сандық, сан, қатар, қақ, ат, қасық, ана, зат, атыз, сатқын т.б./

Ойынның шешуші сәті төрешілер өздеріңізде. Әділ жауабын беріңіздер!

Жеңімпазды анықтап, марапаттау.

Бүгінгі көріп тамашалаған интеллектуалды шоу «Қызықты қазақ тілі » ойыны мәресіне жетті.

Зейін қойып тыңдағандарыңыз үшін алғысымыз шексіз.

Қорыта келе, іздену, тиімді әдістерді тауып, пайдалана білу, сабақ барысында үнемі түрліше әдістерге сүйеніп отыру керек екендігін қазіргі таңда әр оқытушы түсінеді. Ғалым Ахмет Байтұрсынов былай деген екен «жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуға қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек» [3]. Бала тәрбиесі қай заманда қай қоғам үрдісінде болсын үздіксіз ізденуді ізгі мұрат еткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению 2 изд. – М: Просвещение, 1991.

2 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –Алматы, 2000.

3 Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? Жаңа мектеп. 1928, №4.

ӘОЖ 371.39

К.Б. Киятова

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Р. Тоқатаев атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі, математика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ МЕҢГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мақалада қазіргі білім беру саласындағы басты талап барлық білім беру мекемелеріндегі оқушылар жалпы білім алып қана қоймай, алған білімдерін өмірде тиімді пайдалана білуі жайлы айтылған. Сабақ беру барысында әдіс – нақты бір міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық, не теориялық тұрғыдан игерудің біршама біркелкі тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы. Педагогикада білім беру мен тәрбие әдістерін жасау мен оларды жіктеу проблемасы негізгілердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: оқыту, әдіс, модуль, формула, білім.

В статье сказано требование в области современного образования для студентов всех учебных заведений в системе общего образования. Применение методов в преподавании – это сборник нескольких путей и операции практического или теоретического освоения действия, направленного на решение определенной обязанности. Проблема создания и классификации методов обучения и воспитания является одной из основных в педагогике.

Ключевые слова: обучение, метод, модуль, формула и образование.

The article says the requirement in modern education to students of all educational institutions in general education. Application methods of teaching - a collection of several ways and operation of practical or theoretical development of actions aimed at solving specific duties. The problem of creating and classification methods of training and education is a major in pedagogy.

Keywords: training, method, module, and the formula obrozavanie.

2015 жылдың ақпан айының екісі. Таң ата «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы Акционерлік қоғамының филиалы «Алматы облысы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институты» мекемесіне облыстың әрбір ауданынан келген мұғалімдер жинала бастадық. Жиналған мұғалімдердің мақсаты – Кембридж университетінің білім беру факультеті мен Педагогикалық шеберлік орталығы бірлесіп әзірлеген үшінші базалық деңгей оқу бағдарламасы шеңберінде өз білімдерін жетілдіру. Сабағымыздың алғашқы күні институт директоры Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үшінші деңгей бағдарламасының өзектілігі және мақсатымен таныстырды. Осы таныстырылымнан кейін балалардың

алған білімдерін өмірде нақты қолдана білуге үйретуде, оқушыларға бағыт беруде, алға қойған мақсаттарды іске асыруда басты рөлді мұғалімнің атқаратындығын терең ұқтым.

Қазіргі білім беру саласындағы басты талап – барлық білім беру мекемелеріндегі оқушылар жалпы білім алып қана қоймай, алған білімдерін өмірде тиімді пайдалана білуі мен жүйелі жүзеге асыра алуға дағдылануы қажет. Осы талапты ескере отырып Үшінші деңгей бағдарламасын меңгеруге кірістік. Үшінші базалық деңгей бағдарламасы бірінші «Бетпе-бет» кезеңі, мектептегі тәжірибе кезеңі, екінші «Бетпе-бет» атты үш кезеңнен тұрады.

Үшінші базалық деңгей бағдарламасының бірінші «Бетпе-бет» аудиториялық оқу кезе-

ңінде тренелеріміз Анар Тұрғанқызы мен Мариям Нариманқызының жетелеуімен топтық жұмыс, топтарда жұмыс жүргізу әдістемесімен, оқу сапасын арттыру мақсатында сыныпта АКТ пайдалану әдістемесімен таныса отырып, осыған сәйкес теориялық білімге қол жеткіздік. Осы бағдарламаны оқып үйрену барысында білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулершілер еңбектерімен таныстық. Атап айтқанда, Пажарестің мұғалімнің ұстанымға негізделген ой-тоқтамдары, Шультманның мұғалімде «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған қасиеттері идеясы, Пиаженің «эпистемиялық субъектісі» мен Гарднердің зияткерлік қырлары туралы соңғы уақыттағы зерттеулерін талдай келе, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер оқушылардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатындығына көз жеткіздік.

Бағдарламаның басым бөлігінде түрлі әдіс-тәсілдер қарастырылғанымен, бағдарламаның негізгі мазмұны сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Сындарлы оқыту теориясы – оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Сындарлы оқыту теориясын жүзеге асыруда бағдарламаның жеті модулін өз сабағымызда шеберлікпен ықпалдастыра қолдану қажеттігін түсіндім. Бұл жеті модуль:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- оқыту мен оқуда АКТ-ды пайдалану;
- талантты және дарынды балаларды оқыту;
- оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- оқытуды басқару және көшбасшылық.

Бірінші «Бетпе-бет» кезеңінде теориялық біліммен терең қаруланып, сонымен қатар:

- топтық жұмысты ұйымдастыра білуді;
- топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық атмосферасын құруды;

- оқыту мен оқу үдерісін алдын-ала сыни тұрғыдан ойлай отыра жоспарлауды;

- оқушыларды оқу үдерісіне тартуды;

- оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалауды;

- тиімді түрде жүйелі бағалау үшін критериалды бағалауды енгізуді;

- топта зерттеушілік әңгіме жүргізуді меңгердім.

Өз сабақтарымызда жеті модульді қолдану - сапалы және табысты оқытуға жетелейді. Жеті модульді ықпалдастыра отырып сабақ өту нәтижесінде оқушылардың пәнді жете түсіну қабілеттері дамып, алған білімдерін өмірде тиімді пайдалана алады деп ойлаймын. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулін өз сабағымызда оқушыларды топпен жұмысқа үйрету, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мен білім ортасын құру, оқушыларда өзіндік мақсаттың болуына жағдай жасау арқылы жүзеге асыруға болады. Бағдарламаның жеті модулінің бірі «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» оқушыларға білім беруде өте маңызды. Бұл тек қана сабақ үстінде оқушының сыни тұрғыдан ойлауы емес, сонымен қатар мұғалім де өзінің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту қажет. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі шеңберінде оқытудағы жаңа тәсілдер, оқытуды тиімді бағалау, талантты және дарынды балаларды оқыту бірге қарастырылады.

Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау, оқыту және оқу бойынша рефлексия жүргізу үшінші деңгей бағдарламасының негізгі мәселесі болып табылады. Оқу тәжірибеме Бағдарламаның жеті модулі қалай ықпалдасқаны көрсетілген тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспарын ұсынып отырмын.

№	Сабақтың тақырыбы, мақсаты	Сабақ үрдісінде қолданылатын модульдер, әдіс-тәсілдер	Сабақтың нәтижесі	Бағалау
Жалпы мақсаты: Геометрия пәнін оқытуда бағдарламаның жеті модулін қолдану арқылы оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету, сол білімдерінің негізінде есептер шығарту, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, топтық жұмыс жасау арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.				
1	Фигураның ауданы туралы ұғым. Тік Төртбұрыштың ауданы. Оқушылардың аудан туралы туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Тік төртбұрыш ауданын табу формуласын меңгерту. Топтық жұмыс ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету Оқыту үшін және оқуды бағалау АКТны қолдану Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту Оқытуды басқару және көшбасшылық «Шаттық шеңбері», «Есепте топқа бөлін!», «Венн диаграммасы», «Оқулықпен жұмыс», «Жұптасып, ойлан бөліс!», «wiki парақшалары» конференция құру, «Тілек ағашы» рефлексия	Оқушылар аудан туралы білімдерін кеңейтеді, тереңдетеді. Жай фигураның ауданы мен тең шамалас фигураның аудандарын таба біледі. Алған білімдерін өмірде қолдана алады. Топтық жұмыс арқылы ынтымақтас-тыққа үйренеді. Үй жұмысын wiki парақша-ларында жариялайды.	«Жабық сұрақ» «өз-ара бағалау», бас бармақ әдісімен бағалау, тілек ағашы мен кері байланыс алу
2	Тіктөртбұрыштың ауданы. Тіктөртбұрыштың ауданының формуласын қолдану негізінде есептер шығарту, тіктөртбұрыштың ауданы арқылы тіктөртбұрыштың ауданының формуласын өз бетінше есептеуді меңгерту, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, есептер шығаруда тиімді әдісті таңдай білуге дағдыландыру. «Диалог әдісі» арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету Оқыту үшін және оқуды бағалау АКТны қолдану Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту Оқытуды басқару және көшбасшылық «Сіз білесіз бе тренингі», «wiki парақшалары», «Семантикалық карта», «Ойлан, ізден, тап!», «Төртбұрыштан үшбұрышқа», «Топтасамыз есептейміз!», «Менің көңіл күйім» рефлексия	Тіктөртбұрыштың ауданының формула-сын есептер шығаруда қолдана алады. Тіктөрт бұрыштың ауданы арқылы тіктөртбұрыштың ауданының формуласын өз бетінше есептейді. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Диалогтық қарым-қатынас арқылы оқушылардың белсенділігі артады.	Ақ, жасыл, сары түсті квадраттар арқылы бағалау. Бағалау парақшасы, «Жарайсың» «Тамаша» «Керемет» сөздері арқылы ын-таландыру «Смайликтер» гестикерілу арқылы кері байланыс алу

3	Параллелограммның ауданы. Параллелограмм ауданын табуды тіктөртбұрыштың ауданының формуласы арқылы тең құрамдас фигуралар көмегімен постермен жұмыс арқылы табуды меңгерту. Параллелограмм ауданы мен оның элементтерін есептей білу дағдысын қалыптастыру. Топтық жұмыс арқылы белсенді сынып қалыптастыру	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету Оқыту үшін және оқуды бағалау АКТны қолдану Талантты және дарынды балаларды оқыту Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту Оқытуды басқару және көшбасшылық «Бұл кім?», «Ақылдас та, топтас!», «Ой шақыру», «Постермен жұмыс», «Сұрақтар қою», «Теореманы қолданамыз», «Үйренеміз, үйретеміз», «wiki парақшалары»	Параллелограмм ауданын постермен жұмыс арқылы табуды меңгереді. Параллелограмм ауданы мен оның элементтерін есептей біледі. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді. Топтық жұмыс арқылы белсенді сынып қалыптасады.	ББҰ кестесін әр кезеңде оқушылар толтырады, алған ұпайларын жазып отырады. «Жарай-сың» «Тамаша» «Керемет» сөздері арқылы ынталандыру
4	Параллелограммның ауданы. Параллелограммның ауданының формуласын практикалық жұмыс жасау арқылы есептер шығаруда қолдануды меңгерту. Фигуралардың ауданы тақырыбы бойынша оқушылардың алған білімдерін жинақтау, қорытындылау. Топтық тапсырмаларды орындау арқылы өзіне сенімді болуға, бағалай білуге үйрету.	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету Оқыту үшін және оқуды бағалау АКТны қолдану Талантты және дарынды балаларды оқыту Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту Оқытуды басқару және көшбасшылық «Өрмекші торы», Бағалау критерийін (дискрипторын) енгізу, «Ыстық орындық», «Білімімізді қолданамыз», «Жылдам есептейміз», «Көшбасшыларды анықтаймыз», «Екі жұлдыз, бір тілек» рефлексия	Параллелограммның ауданының формуласын практикалық жұмыс жасау арқылы есептер шығаруда қолдануды меңгереді. Фигуралардың ауданы тақырыбы бойынша оқушылардың алған білімдерін жинақтайды, қорытындылайды. Топтық тапсырмаларды орындау арқылы өзіне сенімді болады, бағалай білуге үйренеді.	«Фигуралар» «Ынталандыру» «Жарайсың» «Тамаша» «Смайликтер» «Екі жұлдыз бір тілек» кері байланыс

Қорытындылай келе, бұл білім жетілдіру білім мен идеяларды құруы болып табылады. Бағдарламасы мұғалімдердің оқушыларға да. Бұл жолда мұғалім оқытудағы жаңа тәдайын білім мен идеяларды ұсынуы емес, сілдерді қолдану арқылы табысқа жетеді. оқушылардың пәнді игеруі үшін өздерінің

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 жыл
- 2 Жаңа форматта білім беру үлгілері. (білім алушылардың іс-тәжірибесінен), – Алматы, 2013.

ӘОЖ 371.481.022

Ж.Б. Мырзаханова

Алматы облысы, Ақсу ауданы, Егінсу орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР- ДЫ ҚОЛДАНУ

Мақалада бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үрдісіне жобалап оқыту технологиясының қолданылуы ерекшелігі, жобалап оқытуда бастауыш сынып оқушыларына тигізетін кері әсері, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі туралы айтылған. Жобалар әдісінің оқыту мақсаттарының ауқымы: оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу, іскерлігін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдайлар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Осы қажеттіліктерді оқушыларға меңгерту барысында жобалық оқыту әдісі тәжірибеге енгізілді.

Түйін сөздер: *бастауыш сынып, жобалап оқыту технологиясы, әдіс, мұғалім, мектеп, оқушы, іс-әрекет.*

В статье написано определение особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе, а также развитие у них общих умений и навыков, необходимых в исследовательском поиске, – одна из основных практических задач современного образования. Проблема исследования заключается в том, что технология проектной деятельности не проработана в методике начального обучения. В то время как существует необходимость использовать эту технологию для осуществления связи теории с практикой в начальной школе. Использование метода проектов позволяет развивать творческие способности, логическое мышление, стремление самому открывать новые знания и умение проявлять их в современной действительности. Метод проектов даёт ученикам возможность учиться весело и интересно, создаются условия для активизации личностного потенциала, индивидуализации освоения знаний, коллективных форм их применения. В результате проектной деятельности учащиеся становятся активными участниками образовательного процесса, продукт их творческой деятельности может иметь научную значимость и является предметом инноваций.

Ключевые слова: *начальная школа, технология проектного обучения, методы, школа, ученик, действие.*

The article is written definition of project features the use of technology in primary school, as well as develop their general skills needed in the research finding, - one of the main practical problems of modern education. The problem of the study is that the technology of the project activity is not worked in the methodology of elementary education. While there is a need to use this technology for communication between theory and practice in primary school. Using project method allows to develop creativity, logical thinking, the desire to discover new knowledge and ability to show them in contemporary reality. Project-based learning gives students the opportunity to learn fun and interesting, the conditions for activation of personal potential, individualization of development of knowledge, collective forms of their application. As a result of project activities, students become active participants in the educational process, the product of their creative work may have scientific value and is the subject of innovation.

Keywords: elementary school, technology project-based learning, methods, school, student, action.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Сонымен қатар халыққа Жолдауында ел дамуының негізгі кепілі - білім саласын ешуақытта назардан тыс қалдырған емес. Білім сапасын көтеріп, мұғалім беделін арттыру, жаңа мектеп, балабақша салу сынды жұмыстар елбасының тікелей тапсырмасымен кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Алдағы үш жылда мектеп жетіспеушілігін жойып, білім ордаларын мүмкіндігінше екі ауысымға ауыстыру керектігін алға тартты. Сондай-ақ, үлгерімі жоғары студенттер мен оқушылардың қолдау көрсетудің тиімді жүйесін құру қажеттігін айтып өтті. «Мәңгілік Ел» стратегиясын қолдаушы да, жалғаушы да осы ұстаздар қауымы болмақ. Өйткені, мұғалімдер оқушыларға дұрыс бағыт – бағдар бере отырып еліміздің болашағын қалауға атсалуды. Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда ұстаздарға артылар міндет зор.

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келді. Кез келген оқыту техноло-

гиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесімен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін, оқушы жазылмаған ақ қағаз секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті – баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілетін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімдердің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп модуль туралы қысқаша тоқталуға болады:

1 Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің бір тұтас кешені деп айқындалған. Бағдарламаны жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2 Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.

Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау.

3 Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсаты мен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға

бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4 Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой-өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді.

5 Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6 Жаңа инновациялық технологияны пайдалану

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру арқылы оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейді.

7 Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу

Белгілі бір шарттық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктігінде ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуге жас ерекшеліктерін ескере отырып орындату қажет.

8. Білім беруді басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға сияды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымызда таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді.

Психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, ойлау стилі бастауыш сыныптан-ақ оқушыларда жеке қалыптаса бастайды. Оқушылардың бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологияларды адамзат іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдана білудің қажетті дағдыларын игеріп үлгеруіне мүмкіндік туады. Ақпараттық технология білім беру үрдісін ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын жеңіл меңгеруін, компьютерде жұмыс істеу дағдыларымен қарулануын жүзеге асырады.

Оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті, психологиялық тұлғалық әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек. Бастауыш мектеп бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның өзіндік оқу-танымдық әрекетін дамытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білу үшін, ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, бөлшектеу, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану. Өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеріп, бақылау икемділігін бойына сіңіру әлде қайда маңызды.

Шығармашылық ойлау мен өз ойын еркін жеткізе білу икемділіктерінің дамуы негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымы мен дарындылығы жетіле түседі. Мәселен, бастауыш мектепте информатика, ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сияқты пәндермен ұштастыра отырып оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге құштарлығы басым екендігі айқын көрінеді.

Жаңа технологияларды енгізу барысында мұғалімнің даярлығы мен жаңаға оқыту мазмұны жайында білген жөн. Ол үшін мұғалімдер тарапынан мынандай келесі шараларды біліуіміз тиіс

Мұғалім нені білу керек?	Мұғалім не істей алуы керек?	Мұғалім қандай іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру керек?
1. Жаңа технология көмегімен шешілетін мәселелерді ; 2. Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді; 3. Жаңа технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін; 4. Жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс –тәсілдерді; 5. Оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін;	1. Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру; Дамыта оқыту бағытында; Модульдік курс үшін; Әлеуметтендіру бағытында; Ұжымдық жүйеде оқыту; Басқа технологиялар үшін; 2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау. 3. Әр сабақты жоспарлау 4. Жаңа технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау. 5. Оқу модулін құрастыру. 6. Оқу жобаларының мазмұнын анықтау.	1. Жаңа технологияда пайдаланылатын жекелеген әдістер мен тәсілдерді қолдану. 2. Әртүрлі типтегі сабақтарды өткізу. 3. Өткізілген сабақтарға талдау жасау. 4. Жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекеттерінің әдістерін оқушыларға үйрету.

Мысалы ретінде 1-ші сыныпта ана тілі пәнінің жобалау әдісімен оқытылса төмендегідей болады.

Пәні: Ана тілі

Сыныбы: 1 – сынып

Тақырыбы: Малдың төлін сүйюі

Мақсаты:

1 Жануарлардың төлдеріне деген махаббатын оқушыға ұғындыру. Адам мен баласының арасындағы сүйіспеншілікті салыстыра білу.

2 Мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіре отырып, сөйлеу қорларын кеңейту. Зерттеу, жобалау жұмыстарына бағыт беру.

3 Ата-ананы сыйлауға, құрметтеуге баулу.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру

II. Үй тапсырмасы: Төрт түлік малдың қасиеттері мен ерекшеліктері.

Зерттеу сұрақтары: 1. Түйе, бота, нар туралы білгім келеді? 2. Жылқылар туралы білгім келеді? 3. Сиыр мен бұзау туралы не білесіңдер? 4. Қой мен ешкіні неге бірге қосады?

1 – топ: «Түйе»

2 – топ: «Жылқы»

3 – топ: «Сиыр»

4 – топ: «Қой»

5 – топ: «Ешкі»

III. Берілген тапсырмалар бойынша ойларымен бөлісуі.

IV. «Әдеби мәтін» кезеңі

- «Малдың төлін сүйюі» өлеңін оқып, түсіндіру.

- Өлеңді оқушыларға тізбектей оқыту, талдау.

V. Не үйрендік? Не білдік? (Оқушылар пікірін тыңдау)

VI. Үйге тапсырма:

1.«Малдың төлін сүйюі» өлеңін мәнерлеп оқу,

2. Кесте толтыру (үлгі бойынша аяқтау)

VII. Қорытындылау. Бағалау.

Сонымен, оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын ғана емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау, жобалау технологиясының негізі. Оқушының зерттеу және жобалау мүмкіндіктерін бағалай келіп, баламен жұмыс барысында жобалау әдістері мен зерттеушілік оқыту әрекеттерінің пайдасын түсіне білу. Жобалаумен қатар зерттеушілік жұмыстар да атқарылады. Зерттеу жұмыстарының барлық кезеңдерінде негізгі күтілетін нәтиже-баланың жаңадан алған білімін игеру қабілетін, алған материалды талдау, өңдеу және зерттеу әдісінің дағдыларын дамыту. Бастауыш сыныптар үшін жобалау әдісі арқылы мынадай тақырыптарды оқытуға болады: Ауа райы және оны болжау, Табиғаттағы су айналымы, Күн, су, ауа –

біздің достарымыз, Жаңа өсімдік қалай пайда болады? Ертегілер елінде. Бірақ қазіргі таңда елімізде жаңа технологияларды меңгерту әдіс барлық мектептерде толық қолданылмайды.

Жалпы оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, сабақтың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейін қарқындату, яғни оқу үрдісінің сапасы мен тиімділігін танымдық іс-әрекет белсенділігін көрсету, пәнаралық байланыстарды тереңдету, қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту. Оқып үйренушінің жеке тұлғасын дамыту ақпараттық қоғам жағдайында жабдықталған өмірге өзіндік дайындықтар жүргізу, әртүрлі ойлау қабілетінің түрлерін байланыс жолдары қабілеттілігін дамыту, күрделі жағдайлардағы шешім нұсқаларын ұсыну немесе тиімді шешімдерін қабылдау біліктілігін қалыптастыру, компьютерлік графика мен мультимедия технологияларын

пайдалану арқылы эстетикалық тәрбиелеу, ақпаратты өңдеуді жүзеге асыра білу, ақпараттық мәдениетті қалыптастырып, мәселені модельдей білуді дамыту және ең бастысы тәжірибелік-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра білуді қамтамасыз ету.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Ендеше қазақ мектептерінің білім деңгейін арттыру және онда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру үшін мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алатын бағыты болуы тиіс. Осылай айтылған ой-пікірлерді тұжырымдай келе білім беруді ақпараттандыру, мектеп пәндерінің оқыту сапасын арттырады және ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Осы технологияларды тиімді пайдалану арқылы құзіретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» М.М. Жанпейсова, – Алматы, 2002.

2 Қалым Г.М. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Педагогикалық альманах, 2011. – 1.

3 Түсіпова А. Компьютер-оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы. – Қазақстан мектебі, 2004. – №7.



Т.Ә. Үмбетова

Алматы облысы, Бірлік ауылындағы №35 мектеп-гимназиясының
тарих пәнінің мұғалімі

КЕШТІҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ШӘМШІ – ВАЛЬС КАРОЛІ»

Мақала ән әлемінің падишасы, «Қазақ вальсінің королі» атанған халық артисі, ұлы сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармаларына арналған. Шәмші Қалдаяқов әндері арқылы өсіп келе жатқан жаңа ұрпаққа тәрбие берудің жолдары айтылған. Жалпы жұмыс барысында, эстетикалық тәрбие беру аясында Шәмші Қалдаяқов әндерін кейінгі жас ұрпақтарға таныту және кеңінен уағыздау туралы да көрсетілген.

Түйін сөздер: *ән, өнер, вальс, тәрбие, эстетикалық тәрбие.*

Статья посвящена популярному казахскому композитору, «король казахского вальса» Шамши Калдаякову, в его композиторском рисунке поразительно сочетаются обостренная эмоциональность, электризирующая зал, и прохладная точность произнесения поэтического слова, сдержанность стиха. Его мелодии всегда легко узнать среди произведений других композиторов. Шамши Калдаяков – композитор и прошлого, и настоящего, и будущего. Он обобщает в своей музыке все эти интонации.

Ключевые слова: *песня, искусство, вальс, воспитание, эстетическое воспитание.*

The article is devoted to the popular Kazakh composer, the «King of the Kazakh waltz» Shamshi Kaldayakov in his composing figure strikingly combines aggravated emotional, electrifying the hall, and cool precision casting poetic word, restraint verse. His melodies are always easy to find among the works of other composers. Shamshi Kaldayakov - composer and past, present, and future. He summarizes his music all the intonation.

Keywords: *song, art, waltz, education, aesthetic education.*

Мақсаты: Эстетикалық тәрбие беру аясында Шәмші Қалдаяқов әндерін кейінгі жас ұрпақтарға таныту және кеңінен уағыздау. Жастарға берер тәлім-тәрбиелік мәні зор екенін ұғындыру.

1-жүргізуші:

Қайда жүр деп танысы,
Алаңдайды Арысы,
Толқындары Каспийдің –
Шәмші ағаның вальсі.

2-жүргізуші

Балғын жас та, кәрі де,
Тау да, тас та-бәрі де
Тербетіп тұр қосылып,
Шәмші ағаның әніне – деп М. Мақатаев
жырлағандай

Бірге: Құрметті өнер сүйер қауым!

Композитор Ш. Қалдаяқовқа арналған
«Шәмші – вальс королі» атты кешімізге
қош келіпсіздер.

Мұғалім:

Қазақ әні мен мәдениетінің алтын қорына елеулі үлес қосқан Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық мұрасы – ұлтымыздың баға жетпес байлығы, рухани қазынасы. Халқымыздың жан жүрегіне жақын, болмысымен үндес Шәмшінің әндері – жас талғамайтын, мәңгі жасайтын жауһар дүние.

Ән: «Бәрінен де сен сұлу» .

1-жүргізуші:

«Жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар» дегендей, ән шығарғандардың бәрі бірдей әйгілі боп кете бермейтіні мәлім. Біреу жорға, біреу жортақ – әркім әліне қарай сілтемек. Шәмші Қалдаяқов шашасына шаң жұқтырмайтын қазақ әнінің хас жүйрігі.

2-жүргізуші:

Әсем де әуезді әндермен халықтың жүрегін баурап алған Шәмші аға көзінің тірісінде-

ақ халық композиторына айналған ұлы сазгер. Ендігі біздің міндетіміз – ағамыздың әндерін бұзбай, әсем қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Шәмші әндерінен папури

1-жүргізуші:

Қазақстан Республикасының халық әртісі, қазақ ән әлемінің падишасы, вальс каролі Ш.Қалдаяқов сезім патшалығының сиқыршысы секілді болатын. Шәмші әндеріне деген халық махаббаты күннен-күнге арта түсуде.

2-жүргізуші:

Ш. Қалдаяқов қалыптасқан ұғымдардың көбіне сия бермейтін, жаратылысы бөлек, өзгеше мейірімді жан болатын. Ол тіл мен өнерді қатар сүйген, тұла бойынан ән мен әуен төгіле жөнелетін тумысы бөтен, ерекше дарын иесі еді. Жастардың жанына ұнайтын, іңкәр сезімін оятар, нәзік те құлаққа жағымды әндерінің бірі

Ән: «Ақ бантик».

1-жүргізуші:

Шәмші ағамыздың «Ақ маңдайлым», «Арыс жағасында», «Сыр сұлу», «Қуаныш вальсі», «Ақ бантик», «Ақ ерке – ақ Жайық», «Әнім сен едің», «Кешікпей келем деп ең», «Дүнген қызы», «Отырардағы той» т.б. әндерінің де өмірі сөз жоқ, қазақ халқымен бірге жасайтыны даусыз.

2-жүргізуші:

Ән мұрасын қастер тұтып, сол арқылы композитордың не айтып, нендей сезімді жеткізгісі келгенін ұғынып халық пен композитор арасында дәнекер, кейде елші рөлін атқарған әншілер баршылық. Шәмші әндерін алғаш орындап, бағын ашқан - Жамал Омарова, Рашид Абдуллин, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Нұрғали Нүсіпжанов, Бақыт Әшімова, Майра Нүркенова тәрізді әнді таныту шеберлігі әр алуан әншілердің еңбегі ерекше.

Ән: «Бәрінен де сен сұлу»

1-жүргізуші:

Бар қазақты тамсандырған

Таңнан – таңға ән салдырған

Өзін әнмен қарсы алдырған Шәмші едің.

2-жүргізуші:

Дарын едің алдыңа жан салмаған
Ұлт сезімін арқалаудан талмаған
Отырардың еңкеймеген рухынан
Әр қазаққа ән арқылы жалғаған.

II. Шәмші өмірінен көріністер береміз.

I-көрініс: *Сыған серенадасы.*

II-көрініс: *«Шәмші - ауруханада»*

III-көрініс: *«Кешікпей келем деп ең»*

Ән: «Ана туралы жыр»

1-жүргізуші:

«Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған» деп басталатын ана туралы жыр - жалпылама ән емес, нағыз зар мұңнан туған ән. Шәмші анасы Сапқыпжамал қайтыс болғанда бара алмады. Себебі: жұрт «баласы келді» деп қарағанда ең болмаса апарар қаражаты болмады. Ақша тауып апарам деп кешігіп, басына топырақ та сала алмады. Осы оқиғадан кейін Шәмші қатты күйзелді. Тіпті жоқшылықтың кесірінен анасының басына ескерткіш те орната алмады. Бірақ 1962 жылы «Ана туралы жырды шығарды».

2-жүргізуші:

Иә, Шәмші ағамыз елпілдеп тұратын, көңілінде бір түйір кірбің болмайтын. Өзінің сөз арасында қосатын санаулы орысшасы бар болатын. Әсіресе қатты риза болса «Молодец!», «Мошный» дегенді көп айтатын.

Ән: «Бақыт құшағында»

1-жүргізуші:

Күнәсіз шуақпын,

Жаныңа үңілген.

Мен бүгін бұлақпын,

Ілгері жүгірген – бұл ән құдіреті, оның сиқырлы биіктік әлемі, ол Шәмші жасаған махаббат, биіктік ұлылығы. Жер шарын қан тамырдай орап, жылылық нұрын шашқан махаббатсыз дүние бос емес пе?

2-жүргізуші:

Ия, кейде біз бақытымызды бағалай алмай жатамыз. Басымызда тірлігімізге керектінің бәрі бола тұрып, тойымсыз пейіл танытамыз. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ деген ғой» Шәмші ағамыз «Елдің бәрі менің образымды «Бақыт құшағында» деп ойлайды. Ал менің өмірім «Қайықтағыға» ұқсас. Мен өмір бойы ескексіз қайықта өттім» десе керек.

Ән: «Қайықта».

1-жүргізуші:

Шәмші ағамыз біреуге жалпақтап кетпейтін, не сөйлесе де байқап айтатын. Кейін жанына тигендерді аямайтын шатақтау мінезі де болған. Бірақ қайтымы тез. Табиғатынан тектілігі, мәдениеттілігі сондай, ол мейлі үлкен болсын, мейлі кіші болсын, бір адамның сөзін бөлмейтін, бір адамға дауыс көтеріп сөйлемейтін. Үнемі езуінде ғана жымыған, тәтті күлкісі тұратын.

2-жүргізуші:

-Иә бір күні студенттермен кездесіп жатқанда, артқы жақтан бір студент «Шәмші аға, осы сіздің әндеріңіздің барлығы махаббат туралы. Сіз сол арулардың бәрін үнемі көл жағасында, таудың баурайында көресіз. Неге?» деп сұрапты. Сонда Шәкең «Оу, айналайын-ау, қыздарды көлдің жағасында көрмегенде, әкесінің үйінде көрейін бе?» деп жұртты ду күлдіріпті.

1-жүргізуші: Шынында да, көп ғашық болды ма екен?

2-жүргізуші: Бекер сөз. Ол кісі еш ессіздік жасамайтын. Ғашықтығын да, сезімін де өте әдемі жеткізетін.

«Ән аға» немесе «Шәмшімен сырласу»

Мұхтар Шаханов: «Қалдаяқов өзені»

1-жүргізуші:

Шәмші әні жүректерді жарып шыққан
Шәмші әні күнде ататын талықсып таң.
Шәмші әні талайларды ғашық қылып,
Арманның айдынына алып шыққан.

2-жүргізуші:

Кім сүймес жанға дауа әсем әнді
Кім сүймес, тебірентсе сұлу жанды.
Керемет махабатты сазға қосса
Өмірді қоймайды екен сүймесіңе.

Ән: «Отырардағы той»

1 жүргізуші: Шәмші ағамыз өмірден озар шағында «Отырардағы той» деген ән жазды. Ең соңғы әнін туған жеріне арнаған композиторда арман бар ма?

Ал, бүкіл халық оң қолын жүрегіне қойып, ынтасымен шырқайтын «Менің Қазақстаным» әнін 1956 жылы 25 қазанда Жүмекен Нәжімеденовпен бірлесіп жазды. Жарты ғасырдан соң Әнұранға айналды. Міне, ұлы композитордың бақыты.

2 жүргізуші: 1992 жылы 29 желтоқсанда «Қазақстан халық әртисі» деген атақ берілді. Шәмші сол атағын бар-жоғы 60-ақ күн алып жүрді. Ал, зейнетақы сонша зарлап жүгірген зейнетақыны алмай-ақ дүниеден өтті.

Хор: Менің Қазақстаным.

1 жүргізуші: 29 ақпан. 1992 жыл Шәмші өмірден өткен қаралы күн. Қазақ әнін қырық жыл бесігінде тербеткен ұлы композитор Шәмші Қалдаяқов ақпанның соңғы күні келмес сапарға аттанды.

2 жүргізуші:

Неге үндемейсің,
Шәмші дос, неге үндемейсің,
Қолымнан алып, алыс жақтарға жүргін-
демейсің,
Баяғыдай жарқылдап, жалын атып бір,
Баяғыдай жан да демейсің, сүй де демей-
сің,
Неге үндемейсің,
Шәмші сен, неге үндемейсің
Т. Молдағалиев.

1-жүргізуші:

Бастамайды енді кеп өнер кешін
Көңілімізге түсіріп көлеңкесін.
Әні тірі ағаның – жаны тірі
Аралап жүр қазақтың кең өлкесін.

2-жүргізуші:

Шәмші ағамыз – қазақ ән өнеріне үлкен жаңалық және ұлттық бояуы қанық өлмейтін әндер әкелген дарынды сазгер екенін дәлелдеген композитор. Шәмші ағамыздың әндерін өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері бүкіл қазақ шырқап, вальстермен қаншама жас ұрпақ тербеліп-билеп келсе, сол ұрпақтың жалғасы біз боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2009.

2 Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4-том

3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

4 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.

ӘОЖ: 316.7 (100-87) Ж-79

Жомарт Ермай

Абай атындағы Қаз ҰПУ-нің Тарих және шетелдік студенттер мен жұмыс факультетінің 2-курс магистранты

«ШИПАГЕРЛІК БАЯНДАҒЫ» ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ұлт болашағының бастау көзі ұрпақ тәрбиесінде жатыр. Ұрпақ тәрбиесінің жақсы берілуі ұлт тағдырымен тікелей байланысты. Мына жаһанданған дәуірде біз ұрпақ тәрбиесіне аса қырағылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз керек. Бұл мақалада Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегіндегі ұрпақ тәрбиесі туралы тұжырымдамаларының мәнісі мен мағынасы жөнінде қарастырылған.

Түйін сөздер: *Тәрбие, ұлт, ұрпақ, тағдыр, еңбек, тұжырымдама.*

Источником перспективы нации является воспитание подрастающего поколения. Одновременно, качество воспитания взаимосвязано судьбой нации. Глобализирующий мир требует особый внимательности и ответственности в деле воспитания молодого поколения. В данной статье рассматривается значимость и содержательный аспект труда Тлеукабылұлы Өтебойдақ, в котором автор излагает свои концептуальные мысли о способах воспитания здорового подрастающего поколения.

Ключевые слова: *воспитание, нация, поколение, судьба, труда, концепция.*

The source of the prospects of the nation is to educate the younger generation. The quality of education is interconnected destiny of the nation. This article discusses about importance and substantial aspect of labor Tleukabyly Oteboydak, in which author expresses his conceptual ideas on how to raising a healthy younger generation.

Keywords: *education, nation, generation, fate, labor, the concept of.*

Қазақ ежелден ұрпақ тарбиесіне ерекше мән берген халық. Ұлтымыз жас ұрпақтың тәрбиесі үшін алдымен бұлақ басынан түніды деп, құдандалық байланысқа жылдап ойланып, айлап ақылдасып, екі жастың ата тегіне, тәрбиесіне баса мән берген екен. Тексіз жерден адам алсаң, кәдеге жарайтын ұрпақ көрмейсің, көріп алсаң көріктіні ал, көрмей алсаң тектіні ал, таба алсаң таспа сыртты құбаны ал дейді. Сондықтан да болар, халқымыз ұлттық тарбиеге барынша

қырағылықпен қараған. Тәрбиенің негізгі мақсаты: сау денелі, ақылды, адамгершілік қасиеттерге бай, ұлттық сана сезімі жоғары, иманды, ибалы, қажырлы да қайсар, тұла бойында басқада қасиеттері бар ұрпақ етіп тәрбиелеу болып табылады.

Осыдан 550 жыл бұрын Қазақ Ордасында Әз Жәнібек ханның бұйрығымен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1388-1478 ж.ж. өмір сүрген) «Шипагерлік баян» атты медицинаны, астрономияны, философияны, этно-

графияны, ұлттық салт-дәстүрді бір-бірімен тығыз ұштастырған ғылымнамалық кітабы ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде өте құпия түрде сақталып бізге жетті. Кітаптың төрттен үш бөлегі Қытайдағы аты шулы «Мәдениет зор төңкерісі» (1966-1976 ж.ж.) кезінде өртенген (1968 жылы маусымның 16 күні) болатын [1. 485-бет]. Сол өрттен аман қалған бөлігі 1992 жылы Қытайда қазақша төте жазу нұсқасымен баспадан шығып, оқырман қауымға ұсынылыпты. «Шипагерлік баян» 1997 жылы Қытайда мемлекеттік ұлт-дін істері комитеті жағынан 3-кезекті ұлттық кітаптарды бағалауда бірінші дәрежелі сыйлықты еншілесе, осы жылы Қытай Халық Республикасы ақпарат-баспасөз мекемесі жағынан мемлекеттік 3-кезекті кітап бағалауда «Таңдаулы кітап» сыйлығына ие болған екен [2. 6-бет].

Ұлттық тәрбие туралы «Шипагерлік баянда» Өтейбойдақ Тілеукабылұлы кеңінен тоқталып кетеді.

Тектік тазалық, сапалы туыт жөнінде
Ақ Орда ханы Жәнібек әздің жарлығы

Өтейбойдақтың талабы бойынша «Күллі Алаш ұранды Қазақ қараша бұқараларының өздерінің және ұрпағының мінсіз бітістік (сау денелі) болмағы үшін, Өтейбойдақ айтып берген, Әз Жәнібек хан жариялаған үш жарлық мыналар:

Бірінші, «жат төселмелік (ойнас), жат ниет, бәт (бәдік) қылық бүгіннен бастап тиым болмағы шарт. Өгарақим (егерде) мұндай істер көзге шалынса, қарамаңғазға (қара сиырға) артынша теріс қаратып мінгізіп, өртемелік қалма әлпетіне жақпаулық (бетіне күйе жағу), жаға жұрт көрмелік істемек (жұрт алдында масқаралау). Қазақта қызға қырық жерден тиым деген сөз бар. Қыз өссе елдің көркі, жаңбыр жауса жердің көркі, ер жігіт елі үшін туылады, елі үшін өледі деп ұл-қыздарын аялай білген халықпыз. Өзгенің сұқ көзін қызына сұқтана қаратпаған елміз.

Екінші, жеті атаға толмай қыз алысқандар бүгіннен бастап тиым болмақ, тіпті көз жетсе, сипаты анық болған жұбайларды қылыштамақ шарт [1.13-бет].

Қазақтың жеті атаға толмай қыз алысуы Әз Жәнібек хан тұсынан арғы заманда да бар салт болуы мүмкін, бірақ, оны ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның маңыздылығын сақтауды Әз Жәнібек хан арқылы барша Қазақ-

қа қатаң ереже ретінде жариялатқызған Өтейбойдақ Тілеукабылұлы еді. Өйткені, сонау Түркілік дәуірден бастап Қазақпен бір өскен қазіргі өзге түркі ұлттарында мұндай салт жоқ, тіптен бергі Алтын Орданың құрамында бізбен бір халық атанған Өзбек, Ноғай, Башқұрт, Татар, Қырғыз, Қарақалпақ, Түркімен, Құмық, Алтай, Қарашай тағы басқада ұлттардан дәл қазірге дейін жеті атаға толмай қыз алысуды көрмедік, оларда ұзағанда төрт атадан кейін қыз алысу дәстүрі бар, бірақ оның өзі қазақтыкі сияқты қатаң түрде сақталмаған.

Үшінші, беттен сүйетін жат қылық бүгіннен бастап тиым және Аллалық шала жаралымнан басқа науқастар әрқандай пенде баласына болсада тостағанның шетін тістетпеуі шарт. Өгар (егер) айқын ұғыныстылық болса, елу қамшы дүрелемек жарағы, оған сұрам жоқтығы айқындылық, әшкере қарсыласқан адамның өзі кім болса да жер үймек [1. 13-бет].

Қазіргі медицина ғылымы анықтағандай аурудың 90%-ы, жұқпалы аурулардың 99%-ы ауа арқылы тарайды екен [3. 407-бет]. Адамның демінде 149 түрлі улы зат, терлегенде 151 түрлі улы зат шығады деген ғылыми жорамал бар (4. 369-бет). Ал ауыздан сүю ауру жұқтырудың қайнар көзі болып табылады. Әсіресе он неше түрлі өкпе аурулары ауыздан, мұрын тынысынан шыққан леппен ілсіп жұғатыны рас.

Өтейбойдақ «адам үшін жан тәтті, баласы мерей, әйелі лаззат, үшеуін қорғау барысында миын, ақыл-парасатын, ойлам-талғам, әдіс-айласын дамытып, 18 мың ғаламның қожасына айналады дейді [1.19-бет].

Халқымызда ер әйелдің қорғаны, әйел ердің қормалы, бала бауыр етің, балалы үй базар, баласыз үй тозар деген аталы сөз бар. Демек, балалы үй байлықтың кеніші. Байлық ақшада емес, балада екені даусыз.

Шипагерлік баянда Өтейбойдақ ұрпақтәрбиесі жөнінде баланың туылардан бұрынғы кезеңдеріне айырықша көңіл бөлу туралы айтады. Мұнда адамзаттың топырақтан жаралғанын айта келіп, бала туыла салып сол

жердің, туылған мекенінің тынысытығымен (ауа) тыныс алады. Анасының сүтін емеді, сол баланың тұлғалық бітістік құрандысы (адамның дене құрамы) сол жердің топырақ құрандысымен тең болмағы шарт, баланы мекендік топыраққа үйлестіру керек дейді [1. 20-бет].

Бұл арада айтып отырғаны жүктілік кезіндегі аналар азықтанғанда және дүниеге жаңадан сәби әкеліп, оны ауыздандырғанда, жерлік топырақтан өніп шыққан азықтықпен азықтандыру, анасы да жерлік азықтықпен азықтануы керек, өйткені баланың дене құрандысы сол жердегі топырақ құрандысымен ұқсас болуы тиіс, адам денесінде бірер зат кем болса, оның емі өзі туып-өскен топырақ құрандысынан (өсімдік т.б. емдік) табылмақ, сол арада, сол пендемен бірге туып өскен шипа ем-заруаты табылмақ» дей келіп, адамның дене құрандысы мен топырақ құрандысы ұқсас деген қортындыға келеді. Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда, отандық өнімді тұтынудың маңызы айырықша болмақ. Өтейбойдақтың бұл тұжырымдасын қазіргі ғылымның анықтауында топырақта 92 (кей деректерде 110) элемент болып, оның 81-адам денесінде бар болып шыққан [4. 399-бет]. Мысалы, біздің қазіргі тұтынып отырған шайымыз сонау шалғай Африкадағы Кениянықы, онан қалса Үндістандікі. Ал балалар тағамдарының көбі шетелдерден келеді. Зерделей қарасақ, аталған елдермен біздің климаттық ерекшелігіміз мүлде ұқсамайды, топырақтарымызда өзгеше болып келеді. Олардың топырағында бар элемент біздің топырақта жоқ, біздің топырақта бар элемент олардың топырағында жоқ. Бұл туралы «Шипагерлік баянда» былай деп жазылған: әрқандай байтақтық (өңір) топырақ құрандысы, топырағының түсі ұқсас болмайды, топырақтағы құрандылық кемістік адамзатына жан шошырлық түршікпелі кемістікті ала келеді [1. 20-бет]. Өтейбойдақтың мұнда айтып отырғанына дәл қазіргі кезде біздің Қазақ даласындағы Семей полигоны мен Арал экологиялық аймағы мысал бола алады, сонымен қатар Бай-

қоңырдан зымырандардың ұшырылуы және одан шыққан улы газдың ауаны, онан қалса ашты жаңбыр болып топырақты зақымдауы, топырақ құрандысын бүлдіріп, адам денесінде кемістік тудырып отырғаны айқын дәлелі болмақ.

Өтейбойдақ адамгершіліктәрбиесі туралы былай дейді: «жақсы жігіттің белгісі әрі мырза, әрі құл болмақ (өзгелерге көмектескіш), ақсақалдар батасын бермек, баталы пенде жаман болмағандықты Алла жаратқан». Әрине мұнда шипагер болмасақта кез келген жағдайда қазыналы қарттарымызды аялап, көмекке зәру жандарға барынша көмектесіп, өзгелерді құрметтеп силауға шақырып отыр.

Өтейбойдақ тағы бір сөзінде жауыңа кек сақтасаңда, досыңа кек сақтама дегенді айтады [1. 14-бет]. Мұнда Өтейбойдақ адамдарды кешірімшілдікке, мейірімділікке шақырады.

«Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге кетеді, соңғылыққа сан құбылып, аңыз болып жетеді» (1. 20-бет]. Мұнда өтірік айтпауға, біреудің сыртынан өсек тасымауға үндеп отыр. Егер, өсек елге таралса, ол соңғы ұрпаққа дейін сан құбылып, идеологиялық жақтан бұрмаланып кететінін білеміз. Ел арасын сөз бұзады, бала естігенін айтады, көргенін істейді.

Өтейбойдақ сау денелі болып туылғаның сенің тумалығың, қалған өмір жолыңдағы істерің ізденгіштілігің, талаптылығыңнан дейді. Ал қазіргі ғалымдар тума қабілет 1%, қан мен тер жұмсалған (өз күшіңмен жеткен) таланттылығың 99% дейді [3. 336-бет]. Мұнда Өтейбойдақтың айтып отырғаны әкесі ғалым болса, баласы да ғалым болып туылмайды, баласы ғалым болу үшін әкесінің тәлім-тәрбиесін алып, ғылыми білімін игеруі, өнегесін көруі керектігін айтып отыр.

Сонымен қатар, Шипагерлік баянда Өтейбойдақтың жетіге тиспеу, қырық бірге жұғыспау, он екіден айырылмау деген тиым сөздері мен өнегелері бар.

Жетіге тиіспеу:

1. Көктемде көктеп келе жатқан өскенге тиіспеу 2. Көктемде көбеймелі жорғамалыға

(жан-жануар) тиіспеу 3. Көктемде көрінген жорғалағыштарға (кұстар) тиіспеу 4. Көктемде көзін ашпаған шикілікке (балапан, хайуанат балалары) тиіспеу 5. Қай-қашанда қонжатқа тиіспеу 6. Қай-қашанда көршіге тиіспеу 7. Қай-қашанда елшіге тиіспеу

Қырық бірге жұғыспау:

1. Ордалы сумаңға (жылан) жұғыспау 2. Қордалы қынамаға жұғыспау 3. Жалғыз ағашқа жұғыспау 4. Иендегі жалғызға жұғыспау 5. Суық торғайға жұғыспау 6. Алдан өткен абаданға (арлан қасқыр) жұғыспау 7. Елден кеткен забажанға (өкпелі ел) жұғыспау 8. Пәлелі өртке жұғыспау 9. Шығулы бетке жұғыспау 10. Жаралы жыртқышқа жұғыспау 11. Қаралы елге жұғыспау 12. Ашынған долыға жұғыспау 13. Ашыққан ұрыға жұғыспау 14. Даралы жерге жұғыспау 15. Дастарқанға жұғыспау 16. Жетімге жұғыспау 17. Жесірге жұғыспау 18. Кесірге жұғыспау 19. Еңіреген ерге жұғыспау 20. Өзің шығар төрге жұғыспау 21. Арқаны сылып ерге жұғыспау 22. Жатқа кетер қызға жұғыспау 23. Көктемдегі мұзға жұғыспау 24. Өте шығар сызға жұғыспау 25. Асып қалған асқа жұғыспау 26. Жарасы бар басқа жұғыспау 27. Парақұмар ласқа жұғыспау 28. Басқа елдік қарашаға жұғыспау 29. Балатқалы иге жұғыспау 30. Төбелесте арашаға жұғыспау 31. Тікені бар аласаға жұғыспау 32. Құламалы құзға жұғыспау 33. Дәм атасы тұзға жұғыспау 34. Иесіз жатқан малға жұғыспау 35. Киесі бар далға (зат) жұғыспау 36. Обалы бар торшыға (өрмекші) жұғыспау 37. Залалсыз қоршыға (қойшы) жұғыспау 38. Түтін ұшар шаңыраққа жұғыспау 39. Ырыс келер босағаға жұғыспау 40. Даладағы өлгенге жұғыспау 41. Шыдап жерге көмгенге жұғыспау,

Он екіден айырылмау:

1. Жағаласпай жан қалмақ қайда? Жарғыласта жаныңнан айырылма 2. Не шындық? Не сұмдық? Жау тимек ақылыңнан айырылма 3. Еркесіз ел, серкесіз шел болмас, ел бастаушы көсеміңнен айырылма 4. Тіл кесілмес атқан оқ, дау туылар, шешеніңнен айырылма 5. Өзіңді зор, басқаны жөр (бейшара) деме, көппен көресің еліңнен айырылма 6.

Кебенек іші мың әріп, мың семірмек, жаныңды алсада, сырыңнан айырылма 7. Жаман деп қатыныңнан, көшемін деп алып қойған отыныңнан айырылма 8. Ырыздықсыз пенде болмас, даяр асың малыңнан айырылма 9. Ағайын туыс, дос-жарансыз кім бар? Болмашыға өкпелеп досыңнан айырылма 10. Қырық найза қарғы (адам көргісіз) деп, қарақудай баспанау қосыңнан айырылма 11. Пенде қадір санаты бес қаруды тастама, шыбын жаның шыққанша намысыңнан айырылма 12. Өте шығар сұм жалған бокшылыққа қайырылма, адам күні адаммен ысылмақ (жетілу), өнер қай қырда, өнерпаз деген ат алсаң өлсеңдағы қайғырма, – деп тиым жасаған [1. 100-бет].

Адам пендесінде несібелік және несіптік ризық толымдылық шарттары жеті әулие мен қырық бір ырысқа бөлінбек шарт болмақ. Олардың ішінде

Жеті әулие

1 Татым (дәм)

2 Атым (ақыл)

3 Тұз

4 Қыз

5 Күн

6 Байтақ

7 Айтақ

Қырық бір ырыс

1. Жаратылым-жан ырысы 2. тіршілік-хан ырысы 3. хан-тақ ырысы 4. тақ-бақ ырысы 5. хадылдық (әділ)-нақ (шындық) ырысы 6. байлық-сән ырысы, 7. сән-сәулет ырысы, 8. сәулет-дәулет ырысы, 9. силасым-санат ырысы, 10. алмауыт-албауыр (батыр) ырысы, 11. ынтымақ-бірлік ырысы 12. ермауыт (қайытпас ер)-найза ырысы, 13. ерлі білігі (ғалым)-елдің ырысы 14. көптігі-көлдің ырысы 15. харекет-дән ырысы 16. жарасым-мән (силасым) ырысы 17. өнер-білім ырысы 18. білім-өнер ырысы 19. қос босаға-түтін (жан ұя) ырысы 20. дауасыз би (ұрпақ)-бүтін ырысы 21. шілдехана-төр (думан, қуаныш) ырысы, 22. кебін-көр ырысы, 23. жаңбыр-байтақ (жер) ырысы, 24. ірге-айтақ ырысы, 25. жақсы сөз-жан (көңіл) ырысы, 26. ғақыл бәйіт (аталы сөз) - сөз ырысы, 27. ақыл-көздің

(ой) ырысы, 28. көзкөрім-ездің ырысы, 29. мір (садақ) - жасақ ырысы, 30. қалқан-адақ (арашашы) ырысы, 31. от (шөп)-мал ырысы, 32. жағым (отын) - ел ырысы, 33. ағым (су, ақ, сүт)-мал-жан ырысы, 34. сағым (ажал)-алжан ырысы, 35. жас-бақыт ырысы, 36. қан-ақыт (құт) ырысы, 37. сиылық-сенімінің ырысы, 38. шыдамдылық-көнімінің ырысы, 39. тайсалмау-талаптың ырысы, 40. науқас-сырқаттың ырысы, 41. шипагерлік дарым-айығым ырысы.

Адам пендесі Алладан кейін жеті әулие-нің қолдауында болмағы шарт, жеті әулие-нің қорғауында болмағы парыз. Бұл жеті әулие қырық бір ырыспен төтелей, не болмаса жанасалай адам баласына несіптік ризық тапқызып, несібелік өзекті қамдамақ. Несібелік өзекпен несіптік ризық көңіл толымдылығымен қамдатуға кузамақ [1. 335-бет].

Абай атамыз «қайран сөзім қор болдау, Тобықтының езіне» десе, Өтейбойдақ атамыз «ұстамалар (тыңдаушы) болмаса, айтқан ақылың, сөйлеген сөзің бәрі бекерге шығарылады, өйткені көзі жәудіреп отырғанымен бітірер ісі болмағандықтан қасырет жеп, қайғы мүжіп, уайым қорлап, намыс аздырып, ашу тоздырмағы мен бітпек» де-

ген екен. Ол дәуірдегі халықтың ғылымға еш сенбейтіндігін аңғаруға болады. Діни наным-сенімнің күштілігі соншалық Өтейбойдақтың ғылыми тәжірибелері олар үшін жындының сандырағы, сайтанның ойыны сияқты сезінген. Ғылыммен айналысқаны үшін оны ұстап алып ағашқа байлап дүреге жыққан. Осылайша халыққа ғылым туралы ештеңе айтудан қалған, сонымен «сыр сақтау енді алтын сандығым, ол мәңгі ашылмақ емес» деп шипагерлік баянды халықтан тасада жүріп жазып, өзінен ұрпақ қалмағандықтан оны бірге туған Топай деген інісіне «соңғы ұрпақтарыңа жалғастыр» деп аманат ретінде тапсырып кетеді.

Түрлі ғылымнамалық еңбек саналатын Шипагерлік баяннан қарастырып өткеніміз Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының ұрпақ тәрбиесі туралы тұжырымдары еді. Ал бұл кітапта ұлттық тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, философиялық дүниетаным, астрономиялық ілім, қуаттар ғылымы, райлар ғылымы, нұр ғылымы, сөлдер ғылымы, жұлдыздар ғылымы, әлемдік сайыс ғылымы т.б. сияқты әлі толық зерттелмеген толып жатқан ғылымның көзі тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы. Шипагерлік баян. Шинжияң ғылым техника баспасы, – Үрімжі, 2009.

2 Нұрбақыт Сымағұлқызы, Бағдаулет Әлтайұлы. Қазақ шипагерлік негіздері. Ұлттар баспасы, 2010.

3 Әрін Саржанұлы. Өтейбойдақтың жан тану ғылым туралы. –Үрімжі, 2011.

4 Әрін Саржанұлы. Алты өзегі тұғыр-жирма екі таяныш. Шинжияң әсемөнер-фотосурет баспасы. –Үрімжі, 2011.



ӨОЖ 372.881.1

С. Қ. Шілдебаева

21-гимназияның қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕУ ТІЛДЕРІН ДАМУЫ

«Ойын элементтері арқылы бастауыш сынып оқушыларының мемлекеттік тілде сөйлеу тілдерін дамыту» атты мақаласында ойын элементтерінің түрлері бойынша оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлеу тілдерін дамыту мәселелері қаралды. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тарихи қалыптасқан бастапқы қағидалар бар: оқу материалын меңгеру, дидактиканың жүйелік, жеңілден ауырға деген ұстамы, теория мен тәжірибенің байланыстығы, көрнекілікті қолдану. Қазақ тілін тиімді оқыту үшін модульдік технологиясы қолданады. Осы технологияның бір ерекшелігі - қабылдау қабілеттерін танымдық жағдайлар арқылы дамыту, белсенді сөздік қорын дамытуға бағыттайды. Сабақтарда жағдаяттық сөйлесулер, оқыта үйрету ойындар және диалогтік сөйлесулер қолданылады.

Түйін сөздер: қоғам, болашақ, оқыту, тәрбие, шығармашылық, оқытушы.

В данной статье «Ойын элементтері арқылы бастауыш сынып оқушыларының мемлекеттік тілде сөйлеу тілдерін дамыту» рассмотрены мнения ученых о проблеме диалоговой речи и культуры речи учащихся, типы диалоговой речи. В обучение казахскому языку есть исторически сложившиеся принципы: усвоение учебного материала, дидактическая систематизация, изучение от легкого к сложному, связь теории и практики, применение наглядности. Для успешного изучения казахского языка применяется технология модульного обучения. Особенность этой технологии - развитие способностей через познавательные ситуации, активного словарного запаса. На уроках применяются ситуативные диалоги, развивающие игры, разные виды диалоговой речи.

Ключевые слова: общество, будущее, учеба, воспитание, творчество, преподаватель.

In this article, «Ойын элементтері арқылы бастауыш сынып оқушыларының мемлекеттік тілде сөйлеу тілдерін дамыту» considered opinions of scientists about the problem of dialog speech and the speech of students, types of dialog speech, speech. In the Kazakh language teaching has historically principles: learning, learning management, study from easy to difficult, the connection between theory and practice, the use of clarity. For a successful study of the Kazakh language applies the technology of modular training. The feature of this technology is the development of skills through cognitive situation, active vocabulary. The lessons apply situational dialogues, educational games, different types of dialog speech.

Keywords: society, future, learning, education, creation, teacher.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту оқушыға заттар мен құбылыстарды қабылдаудың жаңа жолдары мен құралдарын үйрету негізінде ұйымдастырылады. Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі.

Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренеді. Тіл үйренушілер өзара ұғыныстық қатынаста болса, тілді тез меңгереді, бірінің білмегенін екіншісі тәжірибе арқылы игереді.

Бастауыш сыныптардағы қазақ тілі сабағында ойнау элементтері бойынша тіл

үйрену кіреді. Осыған орай мен сабақ беру барысында ойын элементтері бойынша тіл үйретуде мынадай мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға тырысамын.

Ойынның мақсаты:

1. Баланы пәнге қызықтыру, логикалық ойлауын дамыту.

2. Сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіре отырып, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. 3. Таным әрекетін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау, алған білімді тексеру, қызығушылығын ояу, белсенділігін арттыру.

Міндеті:

1. Танымдық: баланың тану, іздену әрекетін дамыту.

2. Тәрбиелік: айналасымен қарым-қатынас жасауға, қажетті дағдыны, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Бастауыш сыныпта мемлекеттік тілді оқытуда мына талаптардың орындалуына көңіл бөлемін.

1. Оқушылардың қажетті сөздік минимумының болуы.

2. Белгілі бір мақсаққа құрылуына.

3. Ойындардың тақырыпқа сай болуы.

4. Ойын ережелерінің оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болуына.

Мемлекеттік тілді меңгертуде ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолданамын.

1. Әліпбиді дұрыс меңгерту.

2. Оқу дағдысын қалыптастыру.

3. Орфографияны дұрыс меңгерту.

4. Лексиканы меңгерту.

5. Грамматикалық құрылымды меңгерту.

6. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Ойын әдісі туралы көптеген ғалымдардың пікірлері, тұжырымдары көп. Соның бірі В. А. Сухомлинскийдің мынадай пікір айтқан. «Без игры нет и не может быть полноценного умственного развития. Игра-это огромное светлое окно, через которое в духовный мир ребенка вливается живительный поток представлений, понятий».

Бастауыш сыныптарда тіл дамытудың мынадай бірнеше мақсаттарын қатар қоямын. Атап айтқанда, дыбыстарды дұрыс оқу, қазақ тіліне тән дыбыстарды тану, тақпақ жаттау, оқығаны бойынша түсінгенін айту. Ал жаңа сөздерді меңгеретін сабақта-сөздері түсірілген мәтінді дұрыс оқу, сурет қарау, «Не өзгерді» деген дидактикалық ойынды өткізу арқылы да тілдерін дамытып отырамын.

Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, қажетті сөздерді дұрыс тауып қоюға, кішігірім әңгіме айтуға жаттығады. Балалар ойынның тәртібін білмейтін балаға үйретеді, түсіндіреді.

Оқушылар қазақша сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді оқығанда сөйлеу екпінін, яғни сөзге, буынға, екпінді дұрыс түсіруге үйренеді. Рөлге бөліп ойнайтын ойын баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі, сөздік қоры көбейеді.

Қазақ тілі сабағында үйрететін сөздерді балалар сөздік дәптерлеріне жазып алады. Бұлай етудің керектігі біріншіден, балалардың жаңа сөздерді оларға сыныпта және үйде қайталану үшін практикалық сөздік, екіншіден, өтілген лексикалық материалдың есебі болады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағында алфавитті өтіп болғаннан кейін, оның жазба түрін ұғыну, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөздің екпінін дұрыс қоя білу, жазбаша жаттығулар жүргізу, сөздік қор көбейту секілді жұмыстар алғашқы тоқсанда өткізіледі.

Оқушылар енді кітаптағы материалдарды оқуға кіріседі, өйткені олар қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерімен таныс, қазақ дыбыстарының жазылуын, оқылуын біледі. Алғашқы жылы сөздік қоры көбейіп, сұрақтарға жауап береді, кітаптан көшіріп жазуға, сөздік, есту диктанттарын жазуға дағдыланады.

Менің өз тәжірибемде сыныптағы жұмысымның негізгі түрі-ауызша сөйлеу. Бүкіл сабақ айналадағы нәрселерді көрсету арқылы сұрақ-жауап түрінде өтеді, бұған қоса сурет-

тер, ойыншықтар, модельдеу, плакаттар көрсетіп, түрлі ойындар өткізіп, сондағы көргендері бойынша әңгіме жүргіземін.

Сөздік минимумда көрсетілген сөздерді оқушыларға таныс тақырыптар бойынша өтемін (мектеп, оқу құралдары, үй-іші, киім, жыл мезгілдері, ыдыс-аяқтарт. б.). Барлық сабақ бойы оқушылар қазақшаға сөйлемдердің ішіндегі сөздердің байланысын ұғындырып, олардың қалай құралатынын түсіндіремін.

Мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап ала тұра, оқушыларды сөйлемнің түрлі типтерімен таныстырамын, өздері құрастырады және кейбір сөздердің тұлғаларын байланыстырып үйретемін. Сұрақ қойғанда оларға жауап болатын сөздерді қамтитындай болуы шарт. Мысалы: Мынау не? Мынау-сызғыш. Мынау сызғыш па? Ия, бұл сызғыш. Анар қайда отыр? Анар үйде отыр.

Бізді қоршаған нәрселер жайлы әңгімені сыныптағы заттар, немесе сурет бойынша жүргіземін. Сынып ішіндегі мүліктердің аттарын үйретіп болғаннан кейін, енді олардың сыр-сипатын, түсін көрсететін жаңа сөздерді қосып жаттықтырамын. Мысалы: Мынау қандай тақта? Мынау қара тақта. Бор қандай? Бор ақ, т.б.

Енді сабақты біртіндеп тереңдете, әңгімеге сұраулық шылауларды (ма, ме, ба, бе, па, пе) ендіріп емес, ия, жоқ сөздерін қоса үйретемін. Мысалы: Оспан сен айт, бұл не? Бұл терезе емес, есік. Мынау тақта ма? Қабырға ма? Мынау тақта емес. Бұл-қабырға. Партада не бар, не жоқ? Партада дәптер бар, бор жоқ.

Бұдан оқушылар сурет бойынша әңгіме қазақша сөйлемдерді дұрыс құрастыруға жаттығады.

Әр сыныптың лексикалық тақырыбына арналған сөздікті меңгеру мақсатында суретті сөздік пайдаланып, заттардың атын, іс-қимылын, түсін нәтижелі үйретуге мүмкіндік бар. Суретті сөздікпен жұмыс түрлері: суретті көрсете тұрып, оның атын, қимылын, түр-түсін айтқызу, мұғалімнің қойған сұрақтарына оқушыларға жеке, хормен жауап бергізу, суретті сөздіктегі кескіндерді оқушылардың сөздік дәптерлеріне салып алуы, сурет бойынша сөйлемдер құрастыруға жаттығу, өткендерді пысықтау ретінде жаттығуларды ойын түрінде жүргізу т.б.

Халық даналығы «Ойлы бала ойыннан белгілі», – дейді. Балалардың ойынға деген қызығушылығын, ынтасын өз тәжірибемде сабақ барысымен ұштастырып отырамын. Солардың ішінде сабақ барысында дидактикалық ойындарға жиі тоқталамын.

Дидактикалық ойын оқушылардың ынта-ықыласын күшейтетін, оқудың қиын процесін жеңілдететін, дамуды тездетуге көмектесетін, оқу барысында таным қызметін күшейту мен көтермелеудің қуаты қайнар көзі болатын оқыту әдісінің бір түрі.

Дидактикалық ойынды сабақта қолданғанда оның мынадай шарттарға сәйкес болуын қатаң ескеремін.

-ойынның оқушыларға беретін білімдік және тәрбиелік мәні болуы ;

-баланың жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етеді;

-сабақтың мақсатын іске асыруда оқушыларға қажетті білік пен дағдыны қалыптастыруға көмектесетіндей болуы тиіс;

-тілдік материалдарды салыстыра алуы және қорытынды жасай білуі;

-балалардың қоршаған ортамен таныстырудағы рөлі болуы.

Белгілі ресейлік ғалым Л.В. Зенковтың пікірінше, ойын берілген білімді кеңейтуге, арттыруға, сабақтағы зерігушілікті қоюға көмектеседі.

Өзімнің тәжірибемде қолданып жүрген ойын түрлеріне тоқталайын.

Жаңа сабақтың тақырыбын жасырып ұстау арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару мақсатында «Кім жылдам?» ойынын ойнату арқылы сабақ тақырыбын анықтаймын. Мысалы, кез келген екі сөзден тұратын сабақ тақырыбын анықтау үшін алдымен нүктелері жоғарыдағы әріптерді, сонан соң нүктелері астындағы әріптерді қосып оқиды.

МОЕТНБАІСҢЫМ

(Менің отбасым)

БМІЕЗКДТІЕҢП (Біздің мектеп)

Бұл ойынды жаңа сөздерді өткенде де, фонетика саласы бойынша да өткізуге болады. Мәселен:

1.А әрпінен басталатын қалалардың аттарын жазындар. Мысалы: Алматы, Астана, Атырау, Ақтау,...

2. Тек қана (а, і, ы, е) дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы:

(а) Шағала, тамаша, қараша, ...

(і) Ыдыс, Ыдырыс, ыстық, ...

(е) Мереке, береке, текемет, ...

«Адасқан әріптер» ойыны.

Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жазсаңдар.

1. м, к, т, е, п, е (мектеп) 4. қ, а, қ, а, з (қазақ)

2. р, о, б (бор) 5. а, л, а, қ (қала)

3. к, т, і, п, а (кітап) 6. і, л, б, л, і (білім)

«Кім есте көп сақтайды» ойыны.

Магнитофоннан тақпақ немесе шағын мәтін тыңдап, сабақта өткен ерекше дыбысы бар сөздерді есте сақтап айту.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды өткен соң «Бір әріпке бес жауап» ойынын қолданамын. Бұл ойын баланың қисынды ойлау қабілетін дамытып, тездікке, шапшаңдыққа баулиды.

Мысалы, Ү дыбысына: Ө дыбысына:

1. Баланың аты- 1. Баланың аты-

2. Түн құсы- 2. Жемістің аты-

3. Сан атауы- 3. Ағатын су-

4. Кішкентай үй- 4. Жәндіктің аты-

5. Үй құсы- 5. Үй жануарының аты-

«Кім көп біледі?» ойыны. Бұл ойынды «Асханада», «Отбасы», «Дүкенде», «Азық-түліктер», «Жыл мезгілдері» тағы басқа тақырыптарға өткізуге болады.

Мысалы: «Отбасы» тақырыбына байланысты сөз айтқан оқушыға 1 фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтып, көп фишка алған оқушы жеңімпаз болады.

Осы тақырыптарға рөлдік ойындар өткізу балалардың сөздік қорын байытып қана қоймай, сол сияқты сөйлеу дағдыларын да дамытуға көмегі көп.

«Қоржын ойыны» қоржыннан сөздерді алу арқылы ойналады. Таңдап алған сөздер арқылы сұхбат құру, немесе мамандық атаулары жазылып, сол мамандық туралы мәтін құрыстырады.

«Ой шақыру». Екі топқа сөздерінің орындары ауыстырылып мәтін беріледі. Мәтінді дұрыс құрастырып, оған ат қойылады.

«Өнер алды қызыл тіл» ойыны. Топқа мақал-мәтелдер беріледі. Ондағы кейбір сөз-

дердің жалғаулары жоқ. Сол сөздердің дұрыс жалғауын тауып, мақал-мәтелді орыс тіліне аудару керек. Мысалы: Күш білімде, Білім кітапта. Міне, осындай дидактикалық ойындарды сабақта пайдаланып отырып «Сандарды сөйлет» ойынын ұсынамын.

1 саны: Сан бірінші цифрдан басталады. Бір тәулікте 24 сағат бар. Бір аптада жеті күн бар.

2 саны: Екі санындағы көрініс әке мен шеше, ұл мен қыз, күн мен ай.

3 саны: Әр мезгілдің үш айы бар. «Үш, үш те болса күш». Оқушылар жаздың үш айында демалады.

4 саны: Бір жылда төрт мезгіл бар. Аптаның төртінші күні бейсенбі. Төрттік жақсы баға.

5 саны: Басталады саусағым бас бармақтан 1-ші, Балаң үйрек келеді санағанда 2-ші, Орган терек, биігі, тұрып қалған 3-ші, Шылдыр шүмек келеді кезегім деп 4-ші,

Кішкене бөбек таласпай қалған екен 5-ші. Жұма-бесінші күн. Бұл күн қасиетті күн.

6 саны:

Алты саны-ұлық па,

Ұқсас өзі құлыпқа.

Алты саны, ол-алтау,

Бестен кейін келеді,

Тапқыр бірден біледі.

7 саны: Бір аптада 7 күн бар. Жеті қасиетті сан. Мен жеті атамды білемін.

8 саны:

Қараңдаршы көз тігіп,

Сегіздікте-қос жүйрік.

Бас аяғы жоқ оның,

«8» саны, ал біліп.

Көзілдірік ол білсең

Жүрер көзге ел іліп.

9 саны:

Тоғыз алты сияқты білмегенге,

Құйрығы бірақ қарап қалған төменге.

10 саны:

Тоғызға бір қосамыз,

Он санын енді тосамыз.

Қос таңбаны кім білсе,

Олар бір мен дөңгелек.

0 саны:

Кетсе бәрі дөңгелеп,

Ұшып, қонып, не керек?

Жоқтығын заттың білдірер

Қояйық нөлді ертерек.

Бұл ойын оқушылардың танымын арттырып, жақсы көңіл-күй тудырып, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін, тілін дамытады.


Міне, баланы ойната отырып тәрбиелеу, халықтық педагогиканы бойына сіңіру қазіргі кездегі заман талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жиенбаев С. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. «Халық мұғалімі». 1989. № 8. -28-40 бб.

2 Ж. Адамбаева. Орыс мектебінің бастауыш сыныптарында тіл дамыту. – Алматы, 2002.

3 Н. Оралбаева, Қ. Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996.



Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек

Мұхтар Әуезов.

ӘОЖ 37.018.11.- 055.25

С.С. Джанкадыров

*Қазақ инженерлік, қаржы-банк академиясының
аға оқытушысы, магистр*

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Бұл мақалада халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуандығы көрсетілген. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар. Бүгінде ойынды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп ойынның аталып жүруі де жайдан-жай емес. Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алап қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Ол ол ма, осы жырлардың негізгі кейіпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарамаған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатынын, аянбай тер төгетінін байқаймыз. Мақалада ұлттық ойындарымыздың түрлері жан-жақты ашылған.

Түйінді сөздер: *Ойын-сауық, мәдени мұра, ұлттық ойындар, өнер.*

В этой статье рассматривается роль национальных игр. Игры и праздники имели и имеют огромное общественное значение. Традиционные народные развлечения в той или иной степени охватывают различные сферы хозяйственной, повседневной, духовной жизни казахского народа. Возникнув в глубокой древности в кочевой среде, традиционные игры отражают особенности мировоззрения и материальной культуры казахов и, кроме того, выполняют важные воспитательные, эстетические и ритуальные функции. Казахские национальные игры в жизни казахского народа играли большую роль. Игры поднимали настроение, развивали выдержку, ловкость, силу. Казахские национальные игры имеют большое содержание, они тесно связаны с искусством народа. Именно здесь были замечены и выделены много способных и талантливых людей. Казахские национальные игры – это традиция и наследие народа. В статье всесторонне рассматривали виды национальных игр.

Ключевые слова: *Развлечение, культурное наследие, национальные игры, искусство.*

This article examines the role of national games. Games and festivals and have had great social significance. Traditional folk entertainment in varying degrees, cover various areas of business, casual, spiritual life of Kazakh people. Originating in ancient times in the nomadic environment, traditional game is representative of the world and the material culture of Kazakhs and, in addition, serve important educational, aesthetic and ritual functions. Kazakh national game in the life of the Kazakh people have played a big role. Game cheered up, developed sustain, agility, strength. Kazakh national games have great content, they are closely associated with the art of the people. It is here that have been seen and identified many capable and talented people. Kazakh national game - it's a tradition and heritage of the people. The article comprehensively reviews the types of national games.

Keywords: *entertainment, cultural heritage, national games, and art.*

ҚР Президенті Н.Назарбаев: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде асыл мұралардың орны ерекше. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі» деген болатын. Сондықтан да, халық педагогикасына тән жалпы білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала – ойын. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде тендесі жоқ құрал. Балалар ойындарында жас ерекшелік, физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалыс, тіл ұстарту, сөздік қорды молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар тапқырлықпен үйлесімді қиыстырылған. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру қазіргі міндеттердің бірі. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі-білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ой-өрісі дамыған жанаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру [1,2].

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар.

Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен де мәнді-мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Ұлт ойындары ол бар өнердің басы, көне мәдениет пен әдеби туындылар, ең алдымен, сол халық жиналған думанды-сауықта, ойын-той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған. Сөйтіп, бүгінгі және болашақ ұрпақ ұлт ойындарының өзі еңбегінің жемісі болып табылады.

Ұлт ойындары сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты, қазақ халқының ұлттық ойындары өте ертеде пайда болған. Қазақ халқының тарихи

көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақта, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдеп-ғұрып салттарының алуан түрлілігін жырлағанын байқаймыз. Мысалы, Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолында» атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана оны бақыт жолына жетелеуге болатындығына айтқан, ұлы Абай өзінің 43-қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, оның өзі із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін айтады. Осы жырлардың негізгі кейіпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Ойынға халық ерекше мән берген [3].

Ұлт ойындары атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі. Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойын тек жастардың дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, т.б. ғана тәрбиелеп қоймай оның ақыл-ойының толысуына пайдасын тигізеді. Мысалы: Манашыұлы Тұяқпай жырында: «Балалармен ойнайды, ойнап жүріп ол бала кеудеге ақыл ойлайды» – деп түйіндейді. Бұдан көретініміз ойын тек көңіл көтеру мен ермек үшін жасалмаған, қайта халықтың жазу өнері әлі дамымаған, оқу орны болмаған кезде өз ұрпақтарын өмірге әзірлеу мүмкіншіліктерін пайдаланатын іс – әрекет қызметін атқарған. Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және алуан түрлі болып келеді [4].

Қазақ халқы ұлт ойындарына бай халықтардың бірі. Бірақ, ол ертеде ауызекі туып, жалпақ жұртқа ауызекі таралып отырған да, сондықтан көпшілігі бүгінгі күнге жетпей ұмыт болып кеткен. Қазақтың ұлттық ойындары туралы алғашқы деректер XIII ғасырдан басталады.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдылықты,

ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты, т.б. мінез-құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш-қуат молдылығын, білек күшін қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Мысалы, бәйге ойынын алайық. Ол үшін алдымен бәйгеге қосылатын атты тандап алу қажет. Ол атты баптап бағып, күтуге тура келеді, оның жейтін жемі мен ішетін суына дейін белгілі мөлшерде келтіріледі. Бәйгеге қосылатын атқа мініп шабатын бала күн ілгері осы сынақтарға қатысады. Бәйге шарты мүлтіксіз орындалу үшін төреші тағайындалады. Бәйгеге әзірліктің басы-қасында болған бала, осы өнердің сырларын жете біліп, үлкен шаруашылық мектебінен өткендей әсер алады. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауықтық жағынан ғана емес, ол-спорт, ол-өнер, ол-шаруашылық, тәжірибе-ден маңызы бар тәрбие құралы.

Болашақ жастардың жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды қолдану жас ұрпақтың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы [5-6].

Қазақ халқының XVI ғасырдағы өмірін суреттеуге арналған өзінің тарихи романында Ілияс Есенберлин: «Сарайшың бір түнде түлеп шыға келді. Қыз-бозбалалар жаңбыр жауған қызғалдақтай құлпыра қалған. Керуен сарайлар, қала аулалары ән-күйлі, ойын-күлкілі думанға толып, екі жақтың бейбіт бәсекеге шығып, әр жерде сайыс, күрес, көкпар ойындарына кіріскен» – дейді.

Қазақ халқының ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. Сондықтан оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды. Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген тарихи және этнографиялық кітабында былай деген: «Жүн сабайтындар, көбінесе жастар болады. Олар жүн сабайтын үйге жиналады да, сабалатын жүнді киіз үйдің ортасына төсеген тулаққа үйеді де, айнала отыра қалып, екі қолына алған сабаумен ұра бастайды. Әдетте, жастар бұған ойын-сауық үшін ғана жиналады. Себебі, жүн сабау үстінде жастар жарыса қимылдап, оны ойын-күлкіге айналдырады»

Қазақ халқының фольклорын, ұлт ойындарын жинаушы этнограф Ә.Диваев өзінің «Қырғыз (Қазақ) балаларының ойыны» деген еңбегінде оның бала тәрбиелеудегі маңызын айта келіп, сол кездегі қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша жас ерекшелігіне қарай жас өспірімдерді негізінен үш топқа бөлді. Осыған байланысты қазақ ойындары да сәбилер ойыны, бозбалалар ойыны және жігіттер ойыны деп бөлінеді. Мысалы, «Ақсүйек», «Орда» ойындарындағы ерекшелік олардың түнде ғана ойнайтындығында емес, бұл ойында болашақ жауынгерлерге қажетті қасиеттер: қырағылық, байқағыштық, бағытты бағдарлай білу, тапқырлық, сергектік, жүйріктік, алғырлық, батылдық, өжеттік, тағы басқалар тәрбиеленумен бірге оның түнде ойналатын тағы бір сыры-алдымен жау шебіне барлау жасау үшін түнде жерді айыра білуге, бағытты дәл табуға жаттығуда. Әсіресе, ерте замандарда жау жасырынып келіп түнде шабатын болған, сондықтан ауыл жастары түнде ауыл маңын торитын жаудан сақтық күзетінде тұрып, бұл ойынды бір жағынан ермек ретінде де, жаттығу үшін де пайдаланған.

Шынында, ұлт ойындары ауыз әдебиетінің бір саласы.

Қазақтың қай ойыны болса да айтыс, өлең-жырлар өріліп, көрермендер мен тыңдаушыларға өрелі өнеге беріп, қатты әсер етеді. Ойын негізінде жас жеткіншектің ұжымдық

ортада ой өрісінің дамуына да әсерін тигізеді. Ойынның тіл дамытудағы ролі ерекше. Мысалы, М. Горкий сөзімен айтар болсақ «бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің музыкасын ұғынады. Сонымен нақтылай айтсақ, ұлт ойындары тіл меңгерудің негізгі құралы болып саналады. Ойын үстінде бала ешнәрсеге тәуелсіз. Өзін еркін ұстайды, ар еркіндік дегеніміз барлық дамудың алғашқы қадамы болып есептеледі. Олай болса, ойын интернационалдың тәрбиенің баға жетпес құралы ретінде айтарлықтай маңызды. Ойын үстінде бала тілдің ішкі иірімдерін, халықтың ойлау жүйелерін, сөз қолдану әдістерін, сөйлеу дәстүрлерін, тілдік, психологиялық ерекшеліктерін жете түсініп, еркін білуге мүмкіншілік алады. Біздің қос тілді республикамызда орыс тілін де қазақ тілін де үйренуге, әр ұлт балаларының өз ана тілдерін, басқа ұлт тілдерін де меңгеруіне ойынның тигізер пайдасы көп».

XX ғасырдағы көрнекті Нидерланды ойшылы И. Хейзинг «Ойнаушы адам» ұғымы «Жасаушы адам» ретінде елеулі қызметті бейнелейтіндігін айтады. Шындығында іс-әрекеттің қалған түрлерінің ешқайсысында да адам ойындағыдай өзінің психофизиологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін әйгілей алмайды. Ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңілінді аулайды, демалыс сыйлайды. Баланы ойыннан ажырату – оның дамуының басты көзінен, шығармашылық импульсінен және әлемді тану үдерісін жандандырудан айыру болып табылады. Ойын – баланың барлық өмірлік бағыттарының реттеушісі. Дидактикалық ойындар таным және бастауыш білім беруде балалардың іс-әрекетінің белсендіргіші. Ол балалардағы балаға тән қасиеттерді сақтайды және дамытады, балалардың өмір мектебі және «даму тәжірибесі». Бала ойнай отырып өмірді таниды, өзін оған дайындайды, жасампаз адам ретінде қалыптасады.

Ойын-сауық қазақ үшін мереке-мейрам, той-думан, әлеуметтік-көркемдік құ-

былыс қана емес, ол үлкен этно-мәдени оқиға. Мамандар ойын-сауықтардың түбір-түйінін талдай отырып, оларды тәрбиелілік, рәсімдік, әскери-жорықтық, жарыстық және т.б. әлеуметтік қызметтерін, келесілері тәрбиелік, сауықтық, кәсіптік, белсенділік, рәсімдік, әдеп-ғұрыптық, дене шынықтырушылық, әлеуметтік жаттығу сияқты қызметтерге жіктеген [7,8,9].

Тарихпен бірге тұлға, заманмен бірге оның ұрпақтарының ойы-сауықтарының түрлері де өзгергенін, жаңарғанын, жетілгенін білеміз. Ойын-сауық қауымдастықтағы мәдениетпен қарым-қатынастың жетілген, көпке жақын түрлері, ұрпақтың көңілін көтеретін және оны баулып тәрбиелейтін қызметтер жиынтығы және әдіс амалы [10].

Ойын-сауық көп нәрсені ұқтырды, көп нәрсеге куә болды. Ойын-сауықта іздегендер сұрағанына жетеді. Мұндайда ойын-рәсімге, рәсім-ойынға, рәсім-салтқа, салт-ойынға айналып кетеді. Осындай реттілікпен адамның табиғатпен үйлесімділігі жарасты, туған ел-жұртқа ұлттық ойындар туындады. Ойын тұлға еркіндігінің терең негіздерін қалайды. Балалық шақта аз ойнаған адам іштей еріксіз, оның санасында еріктілік пен шығармашылық күші жетісе бермейді. Шығармашылық бастаулар ойында қаланады. Еркіндік, шығармашылық және ойын бірінен-бірі ажырамайды. Ойын барысында адам: 1) еркін, болмыстан қысым сезінбейді, ол сыртқы әлем заттарымен де, адам қабілетімен де еркін қатынаста болады; 2) адамдық және әлеуметтік қатынастарды жасайды. Ойын жауапсыз қылық емес. «Ойнап айтсаң да, ойлап айт», деген ескертпе бар. Ойынның шарты тіл табысу:

Тіл алмасаң, түбінде өкінерсің,

Өлген соң шықпастай боп бекінерсің.

(Балықшы илә гибрит қиссасы, 215).

Жақынды оңынан тапқан, қиянат шығармады. Тіпті ойында әр қимыл-өнер, әр өнерге лайықты қимыл-әрекет ойлап табылады. Көпшіліктің алдындағы сөз өнері үлкен-кішінің өрісін ұлғайтып, өресін биіктетті. Сөз бен ойдағы, мінез-құлық пен жүріс-тұрыстағы

көрік өзгеге үлгі бола алады. Үлкен де кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Қорыта келгенде, өмір кейде ойын-сауыққа ұқсас, ойын-сауықсыз адамның өмірін көз алдына елестету киынға соғады. Өмірдің мағынасы, оның қызығында, қуанышында, қанағатында. Қызығу, қуану, қанағаттану-өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Өнерпаздық-ұқыптылық пен ынталылық нәтижесі, тәртіптілік пен қабілеттілік көрінісі, халықтың болашақ дамуының кепілі. Өнерпаздық ойын-сауықтың шарықтаған, шалықтаған және шиеленіскен көрінісі мен қызметі.

Қазақта ойын-тойдың көркін қыздырып, жастардың өз өнерлерін ортаға салуына мүмкіндік жасайтын ұлттық ойындар өте көп. Сондай-ақ, олардың халық ауыз әдебиеті мен ән-жыр өнерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі маңызы зор екені уақыт дәлелдеген шындық. Кейінгі жазылған ғылыми анықтамалықтарда алтыбақанға: «Алтыбақан» – қазақтың ұлттық ойыны. Алтыбақанды сырықтың екі басында үш-үштен қосақтап мосы ағаш сияқтандырып байлайды. Бақанның аша тармағы сырыққа

кигізіліп тұруға тиіс. Бір деңгейде байланған екі арқанға екі адам қарама-қарсы отырады да, төменірек байланған арқанға аяқтарын тірейді. Бұларды бір адам тербетеді» – деген түсініктеме беріліп жүр. Білмейтін адам оны қазіргі балалар ойнайтын әткеншектен еш айырмасы жоқ деп ойлар. Бұл анықтама аталмыш ұлттық ойынның түп мақсаты мен діттеген міндеті мүлде бөлек екенін өзіміз де ұмытып бара жатқанымыздың белгісіндей. Өйткені, алтыбақан ертедегі ауыл өмірінде жастардың кешкілікте бас қосып, халық аспаптарының сүйемелдеуімен ән салатын, айтысатын, әзіл-оспақ айтатын, анығы көпшілік болып көңіл көтеретін ойын-сауығы болған. Әткеншек арқанында тербеліп отырған екі адам міндетті түрде ән салуға тиіс болғандықтан, бұл ойын жастардың өнерін, ойын, көзқарасы мен танымын қалыптастыруда зор тәрбиелік қызмет атқарған.

Жастардың бойында ұлттық рухты қалыптастырып, оларға қазақи бағыттағы тәрбие беруді аса қажетсініп отырған қазіргі уақытта мұндай ұлттық ойындардың аса маңызды екені айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://bilim.idhost.kz/tarbie-sagaty/2549-ulttyk-oyyn-halyk-murasy.html>
- 2 «Жанталас», – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1973, -356.
- 3 Е. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары», – Алматы: Рауан 1991.
- 4 М.Сәтімбекова. «Тәрбиелеу мен білім беруді жаңарту негізі» – Алматы: 2004.
- 5 Төтеней Б. Қазақтың ұлттық ойындары (Тарихи-этнографиялық зерттеме) – Алматы, 1998.
- 6 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 7-том, – Астана, 2006 ж, -452-бет.
- 7 Атабаев А.С. Ұлттық ойындар- халық мұрасы. – Алматы, Кітап, 2006, -255 б.
- 8 Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы, 1995, -91б.
- 9 Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі. – Алматы, 2004, -200 б.
- 10 Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері. – Алматы, 2003, -190 б.

ӘОЖ 37.376.1

Э. Ганибаева

Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Психология және педагогика» мамандығының 2-курс магистранты

БАТЫР БАБАЛАР ЕРЛІГІ – ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ НЕГІЗІ

Мақалада жастарды патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері қарастырылған. Патриотизм, қазақстандық патриотизм және патриоттық тәрбие ұғымдары анықталған. Жазушылардың зерттеулері мен шығармаларындағы Б. Момышұлы, К. Кайсенов және К. Маденов сынды тұлғалардың ерлік істері талданған.

Түйін сөздер: *Патриотизм, қазақстандық патриотизм және патриоттық тәрбие, ерлік.*

В статье рассмотрены проблемы патриотического воспитания молодежи. Определены понятия: патриотизм, казахстанский патриотизм, патриотическое воспитание. Анализируются героические поступки Б. Момышұлы, К. Кайсенова и К. Маденова в исследованиях и произведениях писателей.

Ключевые слова: *патриотизм, казахстанский патриотизм, патриотическое воспитание, подвиг.*

The article deals with the problem of patriotic education of youth. Patriotic education determined patriotism, Kazakhstan patriotism and patriotic education. Analyze B. Momyshev heroic deeds, and K. Kaysenov K. Madenov research and works of writers.

Keywords: *patriotism, Kazakhstan patriotism and patriotic education, feat.*

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады. Алдымен негізгі ұғымдарға түсінік берейік.

Патриотизм дегеніміз не?

Патриотизм – мемлекеттің өміршеңдігіне

әсер ететін негізгі рухани ізгі тірегі бола отырып, қоғамның дамуына, азаматтың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына отаны үшін жан қиярлықтай іске баратын патриоттық сезім қандай да болмасын ұлт пен мемлекеттің дамуы мен күн көруін қалыптастырып негіздейтін әлеуметтік құбылыс.

Патриотизмде отанға деп жан қиятын, беріліп еңбек ететін барлық ұлттың ең жақсы әдет-ғұрып өрілген. Патриотизм бауырмалдылықпен тығыз байланыста болып, ұлтшылдық, сенаратистік, космополитіктен алшақ. Патриотизм – бұл отанын сүйетін әр азаматтың өзін-өзі осы жолда паш етуі жөніндегі әлеуметтік мінез-құлық, Ресей суверинитеті мен біртұтастығын сақтауы үшін қызмет етуі, елінің ұлттық қамсыздығын, бір қалыпта дамуын қадағалауы, әр адамның, әлеуметтік топтардың, қауымның әр саласындағы ортасында жүрген халықтың өз мүддесінен отанның мүддесін жоғары қоюы.

«Қазақстандық патриотизм – әрбір азаматтың өз отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну. Барлық отандастарды ұлты мен конфессиясына қарамастан жете құрметтеу, олардың салтын, дәстүрін, тарихы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге құрметпен қарау. Туған жерге деген махаббаты, Қазақстанды барлық азаматтардың бірыңғай отаны ретінде түсінуі».

Патриоттық тәрбие конституциялық және құқықтық нормаларды, патриоттық идеяларды насихаттау, туған елге, салт-дәстүрге, тілге деген құрметті, Отан алдындағы парызы, сүйіспеншілік, адалдық, мақтаныш сезімін қалыптастыру, мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға, Отанды қорғауға дайын тұру [1].

Мектеп оқушыларынан бастап, студенттер мен жастарды патриоттыққа, патриоттық құндылыққа тәрбиелеу бүгінгі таңда кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екені ешқандай дәлелдеуді қажет етпейді. Жастардың патриоттық сезімін оятатын, оларға патриоттық рух беретін, адамгершілікке, ізгіліктілікке тәрбиелейтін, олардың бойында адами қасиеттерін қалыптастыруға негіз болатын қазақ халқында тарихи тұлғалар жеткілікті. Зиялы қауым өкілдері мен педагогтар, болашақ педагогтар тарихи тұмарға айналған тұлғалардың ерліктері мен батырлықтарын, қайсарлықтарын, Отан сүйгіштік қасиеттерін дәріптеп, жастарға үлгі, өнеге ретінде айтып, оны олардың бойына сіңіруге ат салысуы тиіс. Қазақ халқының патриоты дегенде ойға оралатын алғашқы тұлғалар Бауыржан Момышұлы мен Қ.Қайсенов екені белгілі. Бауыржан Момышұлының «тұла бойы тұнған патриотизм» деп нық сеніммен айта аламыз. Ұлы Отан соғысы кезінде ерен ерлігімен ел қорғаған балардың тізімін жалғастыра беру болады. Сондай ұлы тұлғалардың бірі – Ратушаға ту тіккен қазақ батыры – Кенжебай Мәденов.

Бауыржан Момышұлы – әділеттіліктің, шындықтың, адамгершіліктің, Отанға деген

сүйіспеншіліктің, асқан ақылдылық пен даналықтың, ер азаматқа тән батырлықтың символы іспетті. Ал, Бауыржан Момышұлы шығармалары тұнып тұрған патриоттық тәрбие, әрбір айтқан сөзі, жазып қалдырған әңгіме, жыр дастандары мен шығармалары жастарды патриоттық құндылыққа тәрбиелейді. Мұның дәлелі ретінде бұл жөнінде қалам тартқан жазушылар мен ақындардың, зерттеуші ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Біз зерттеу жүргізген жазушылар мен ғалымдарының еңбектеріндегі батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының ұрпаққа мұра етіп қалдырған, жастардың патриоттық сезімін оятатын әңгіме-дастандарынан үзінділер келтірейік.

М.Қалдыбаевтың «Ұмтылмас кездесулер» атты шығармасында: «Командир болу деген сөз – ұстаз, тәрбиеші болу деген сөз. Әскери іс оқытумен, тәрбиелеумен жүзеге асады» деген Бауыржан Момышұлы сұрапыл соғыстың ең ауыр, ең күрделі кезеңі туралы жазылған «Москва үшін шайқас» романында оқиғаны жалаң баяндамайды, әр жауынгердің көңіл-күйін түсінеді, әр жауынгердің ұстазы, тәрбиешісі бола білгендігін көрсетеді. дұшпандарды артымыздан ертіп Москваға не бетімізбен барамыз, жігіттер сүйегіміз осы жерде қалсын, бір адым кейін шегінуге жол жоқ», – деп солдат кеудесіндегі патриоттық сезімді оятады [2; 147].

Бауыржан Момышұлының асқан батырлығы мен батылдылығын оның әрбір шығармасынан байқауға болады. Соның ішінде, оның күнделігінде жазылған: «Дарвин маймылдан жаралған, ал мен Көк Бөріден жаралғам!» деген сөздерінен де байқауға болады.

Б.Момышұлының кейбір ұшқары мінездері аңызға айналып, ол туралы қаншама аңыз-әңгімелер, анекдоттар таралып жатқанмен, ол – жөн-жосығын білетін, қазақтың аңыз-әңгімелерін, ертегілерін білетін өте сауатты адам болған. Ол туралы келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» атты естелік кітабында [3] өте жақсы баяндалған. Атасы-

мен бірге тұрған жылдардағы қызықты, бақытты сәттерін, қиыншылықтарын бейнелеген. «Халық қаһарманы» Бауыржан Момышұлының не нәрсеге де бей-жай қарамағанын, адалдығымен, әділдігімен, турашылдығымен өзін биік ұстағанын, еңсесі биік болғанын байқауға болады. Ол қажет жерінде пікірін, ақылын айтып отырған. Осыған кітаптан мысал келтіре кетсек, келінінен садақаның дастарханына шараптар қойылғанын естігенде Б.Момышұлы былай деген екен: «...Өлім – жаратылыстың бұлтартпай бұғаулайтын тұзағы. Біреуге ерте, біреуге кеш келеді. Уақыт шіркін мидың ине көзіндей тесігінен құм сағаттай сырғып өте шығады. Смерть – это приговор природы, не подлежащий обжалованию! Сонық анық біле жүріп өмір сүру адамзаттың ұлылығы. Қалай десек де өлімнің аты ызғарлы, тіпті асарын асап, жасарын жасап, немере, шөбере, туажат сүйіп өлсе де, тіршіліктен адам қайтады. Құрай сынды дей алмайсың. Суық қара жерге, қараңғы көрге мәңгі жалғыздыққа аттанады. Айналасындағыларды дір еткізіп, бір сәт алды-артына көз жіберуге мәжбүр етеді. Тірілер тірлігіне іштей тәубә етіп, жарық дүниенің қадіріне жетуге тырысады. Міне, не үшін құрметтеу керек өлімді! Марқұмды ақ жауып, арулап көмген соң артын күтеді. Қайтқан адамның үйіне жетісі, қырқы, жылы, асы деп туған-туысқан, жекжат-жұрағат, жан ашыр жолдас-жоралары жиналады. Жақсы қасиеттерін еске түсіріп, өнегелі істерін үлгі етеді. Міне, өлімнің артын күту деген осы, бірақ бөтелкені мөлтілдетіп тізіп, ән салып ата-бабам өлім жөнелтпеген», – деп, өнегелі өсиет айтып кеткен [4; 99]. Алмас қылыштай жарқылдаған Б.Момышұлы не нәрсеге де орынды пікір айта білген.

Шындықты бәрінен жоғары қоятын, өтірікке жаны қас Бауыржанның аталы сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетері хақ.

«Халқымыздың қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткен» деген Б.Момышұлы арын бәрінен жоғары қойған, оның Ұлы Отан соғысында қажырлылығымен, жігерлілігімен аты аңызға айналады [1; 53].

Ал, патриотизмге алғашқы қадамды әдеби мұралардағы іздестіруде, әсіресе соғыс

жылдарындағы әдебиеттен, соның ішінде Бауыржаннан кең кездестіруге болады. Бауыржанның күнделігінде «Дарвин маймылдан жаралған, ал мен Көк Бөріден жаралғам!» деп жазылған екен. Шынында да, ұлтымыздың намысын жыртқан жігерлі жігіттерді Бауыржанның Көк Бөрісі неге қолдамасын! Қолдайды ғой...

Қазақстан майдангер жазушылары Б.Момышұлы, Ә.Шәріпов, Қ.Қайсенов шығармаларының («Москва үшін күрес», «Соғыс психологиясы», «Партизан қызы», «Жау тылында» және т.б.) патриоттық мүдде мүмкіндіктерін негіз етіп, сүйеніп, аталған олқылықтардың бәрі ескерілген.

Б.Момышұлы шығармаларын талдауда халықтық принцип негізінде алынады. Оның ерлік, батырлық тұлғасының қалыптасып, дамуына ықпал еткен факторларға көңіл бөлінеді. Кейінгі ұрпаққа сабақ, заң ретінде мұра етіп негізінде саралап көрсеткен адамиеттік өреге жеткізер халық тәжірибесі, елдің тарихи тағдыры, мәдениеті, игі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы озықтық мазмұндағы ырым-жоралғылары, әдеби арналары, ұлттық спорттық ойындары, қарым-қатынас барысынды ілгері дамытар қоғамдық, философиялық мінез-құлық танымдары, өзінің осылар жайлы айтқан ақыл-кеңестері мен өсиеті мазмұндалады. Жазушының жастарды ұлттық дәстүр негізінде тәрбиелеуге байланысты айтқан пікірлері өзінің қажеттілігін бүгінгі күнде дәлелдеп отыр. Тақырыптың жүйелі зерттелуі оқушының Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттырады, олардың тағдыры, болашағы, шамасы өзіне байланысты екенін мойындатады, әскери даярлықтан міндетті түрде өту қажеттігін ескерттеді, туысқан халықтар арасында ежелден қалыптасқан достық қарым-қатынасты бағалап, сақтауға үйретеді.

1943 жылы 8 қаңтарында 18 жасқа толмастан кенже ұлы Кенжебай Мәденов те өз еркімен Қызыл Армия қатарына аттанады. Ол кіші командирлер даярлайтын курсты бітіріп, 1943 жылдың қараша айында 3-Укра-

ин майданының 57-гвардиялық атқыштар дивизиясына қарасты 170-гвардиялық атқыштар полкінің құрамында станковтік-пулемет бөлімшесінің командирі болып Кривой-Рог шайқасына қатысты. 5-екпінді армия офицерлік жаяу әскерлік курсты аяқтаған соң, «кіші лейтенант» офицерлік атағын алып, 1944 жылы қарашадан бастап, 1-Белоруссия майданның 5-екпінді әскері 266-атқыштар дивизиясының, 1008-атқыштар полкі, 2-батальон ротаның 5-атқыштар взводуна басшылық етті. Оңжағалық Украинаны (Днепр өзені), Молдавия аумағын (Яссо-Кишеневтік операция), Польшаны, оның астанасы Варшаваны, Германияны (Висла-Одерлік операция) азат ету бойынша әскери шабуылдарына және Берлин шабуылына (Берлиндік операция) қатысты.

Қаратөбеден Берлинге жетіп, «Империя

кеңсесі» деп аталатын Рейхстагтан кейінгі ордасы Ратушаға бірінші болып өз взводымен кіруі, оны жаудан тазартудағы белсенді ерлік істері үшін арнайы таңдалып, жеңіс туын тігуі – ерен тұлғаның даңқты ерлігі [5].

Кенжебай Мәденовтің ерлігі туралы Бас қолбасшы, маршал Г.К. Жуковтың «Есте қалғандар мен ойға оралғандар» кітабынан бастап, көптеген әскери басшылар, жазушылар, журналистер жазды.

Жастарды отансүйгіштікке, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде Бауыржан Момышұлы, Кенжебай Мәденов сынды бабаларымыздың ерлік дәстүрі өнеге болатыны сөзсіз. Біз ата-бабаларымыздың өнегелі ерлігін үнемі жадымызда ұстап, кейінгі ұрпақтарға үлгі еткен жағдайда ғана өз Отанын шексіз сүйіп, қорғау үшін жанын салатын азаматтарды тәрбиелейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері//п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алуға дайындалған дисс. Автореф. – Қарағанды, 2007.

2 Қалдыбаев М. Ұмытылмас кездесулер. Алматы: Қазақстан, 1989. -176 б.

3 Ахметова З. Шуақты күндер. Алматы: «Жалын», 1982

4 Аманұлы Ә. Қазаққа патриотизм керек пе? // Қазақ әдебиеті. – 2000. - №35. – 1 қыркүйек.

5 Маденов М.К., Маденова Р.К., Джанзакова Ш.И. «Ратушаға ту тіккен қазақ батыры». – Атырау, «Ақ Жайық», 2015.



Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі

К.Д. Ушинский.

ӘОЖ 372.857

А.С. Махашева

*жаратылыстану ғылымдарының магистрі, ізденуші
Қырғызстан ел аралық университеті, PhD докторанты*

К.М. Каратаева

*№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің биология пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе қ.*

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада биология пәнін оқыту барысында оқушыларды ұлттық тәрбиені қалыптастыруды қарастырған. Биология пәнін оқу кезінде оқушылар біліммен, шеберлік пен дағдыларға, олардың өзіндік таным деңгейін көтеретін қабілеттерге ие болады. Оқушылардың биологиялық білімді және оқулықты игеруі – олардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру, атеистік ой-пікірін, гигиеналық, жыныстық, экологиялық, еңбек, және адамгершілік жағына тәрбиелеу міндетті шарт болып табылады.

Түйін сөздер: *биология, ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық мәселе, экологиялық мәдениет, биосфера, ұлттық салт-дәстүр.*

В статье рассматривается формирование национальных воспитания школьников при обучении биологии. В процессе усвоения биологии учащиеся овладевают учебными знаниями, умениями и навыками, что способствует повышению уровня их познавательной самостоятельности. Усвоение учащимися системы биологических знаний и овладение учебными умениями - необходимое условие формирования их мировоззрения, атеистических взглядов, гигиенического, полового, экологического, трудового и нравственного воспитания.

Ключевые слова: *биология, национальные воспитание, национальная проблема, экологическая культура, биосфера, национальная традиция.*

The article deals with the formation of national education of pupils at biology training. In the process of assimilation of biology students master academic knowledge, abilities and skills, thereby increasing their level of cognitive independence. Assimilation students of biological knowledge and mastery of academic skills - a necessary condition for the formation of their worldview, atheism, hygiene, sexuality, environmental, labor and moral education.

Keywords: *biology, national education, national problem, ecological culture, Biosphere, a national tradition.*

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика

жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту»

деп атап көрсетілген. Заңда қарастырып өткен мәселелерді ұлттық тәрбие беру арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: *«Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді»* – дейді. Сырым Датұлы: *«Мен ағайынды екеумін: бірі-өзім, екіншісі – халқым»* – дейді.

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін пәндік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнербілімді игеруі – тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны

жақсы түсінген халқымыз *«Тәрбие басы – тал бесік»* деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен.

Ата-ананы, үлкенді сыйлау, үлкеннің сөзін тындау – қай уақытта да қазақ тәрбиесінің басты ерекшелігі еді. Жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру барысында «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қонар» деген накыл сөзді үнемі есте ұстаған жөн. Қалай болғанда да ұлттық тәрбие мен ұлттық идеология бірінші сатыда тұруы тиіс. Бұл, әсіресе, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстаным болуы тиіс. Қазақ халқының тарихы дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туысқандық байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар – осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінен бөлек дара қазақы болмысы жарқырай көрініп, жүрекке жылы әсер еткен. Осындай ұлттық тәлім-тәрбие туралы мектептегі сабақтарда пәнге, тақырыпқа сай қолдануға болады. Мәселен, биология пәнінде тәлім-тәрбиеге бағыттап отырып, оқушыларды біліммен қатар, тәрбиесін қалыптастыру негізге алынады.

Мектептің негізгі сатысында биологиядан білім берудің негізгі мақсаты - тіршілікті ең жоғары құндылық деп түсінетін, экологиялық және эволюциялық ойлау стилі қалыптасқан, экологиялық мәдениеті, дүниенің ғылым бейнесіндегі тірі табиғаттың, тіршіліктің орны мен мәнін сауатты бағдарлайтын, биологияның ғылыми танымдық әдіс, тәсілдерін, іргелі ұғымдар жүйесін қажетті деңгейде меңгерген және биологиялық білімін экожүйелер мен тірі ағзалардың көптүрлілігін сақтап, қорғауға, өндірістік еңбек үрдістерін экологияландыруға, салауатты өмір сүруге тиімді қолдану біліктері бар, биологиялық сауатты тұлға дайын болуы керек. Биологиялық және ландшафтық орасан мол

алуан түрлілік пен әсем табиғат көркі үйлесім тапқан бұл жерлер рухани және дене күш-қуатының қайнар көзі ретінде адамға қызмет етеді. Елімізде көптеген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар анықталған, солардың бірі: Мемлекеттік ұлттық қорықтар, Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар, Мемлекеттік табиғи резерваттар, және т.б.

Биология пәнін оқыту барысында ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыру төмендегідей сипатта келтірілген. Бұл биология пәнін ұлттық тәрбиемен байланыстырылған мазмұнды үлгі ретінде қолдануға болады.

Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы табиғат-анаға қарыздар. Сондықтан да, табиғатқа немқұрайлы қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Адамның қоршаған ортамен тығыз байланысы, ауаның, судың, топырақтың ластануы, табиғат ресурстарының азаюы, биосфера тепе-теңдігінің бұзылуы, өсімдік, жануар түрлерінің азаюы т.б. адам денсаулығына, өмір сүру жағдайына кері әсерін тигізуде. Сондықтан жас ұрпақтың биология пәнінен алатын қажеттігі өте зор.

Әр халықтың өмір бойы жиналып қалыптасқан, өзіне тән салт-сана, дәстүрлері болады. Бұл салт-сана сол халықтың дүниеге, өмірге көзқарасы мен рухани күйінен туған. Сондықтан да ол халықтың жан дүниесінің айнасы, ұрпақтарының қадір тұтар мұрасы болып сақталады.

Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрыптары өте көп. Соның бірі – туған жер табиғатына деген көзқарасын, оны түсініп, ұғынуын, аялауы мен орнын тауып пайдалануын, адамзат игілігіне жаратуын сөз етпекпіз. Соның ішінде ежелден келе жатқан, бүгінде ұмыт бола бастаған табиғатқа сену мен сиынуға байланысты әдет-ғұрыптарға тоқталамыз. Қазақ халқы ғасырлар бойы табиғат құшағында көшіп-қонып жүріп, оның сырын жақсы білуге дағдыланған. Осының арқасында халқымыз табиғатпен етене біртұ-

тас болып кеткен. Халық ұғымында табиғат деген қасиетті сөз «туған жер», «өскен ел», «атамекен», «аяулы өлке», «ауылым» деген тұла бойға нәр беріп, жүректі шымырлататын аса қымбат сөздермен қатар тұрады. Мынау жарық дүниедегі әсем өсімдіктер мен қыруар қызықтар, рухани рахаттар, таңғажайып тамашалар Жер-Ананың жүзінде өтіп жатады. Қасиетті Жер-Ана – алып Күнді айналып жүретін 7 ғаламшардың ең құдіреттісі. Өйткені өрнекті жер жүзінде тыныстайтын ауа, сусындайтын су, сәулеттендіретін сәуле, қайнаған өмір бар. Жер – Ана бүкіл адамзатқа ортақ мерекелі мекен. Бүкіләлемдік тіршіліктің құдіретті төрт негізі бар: күн-ана, жер-ана, ауа мен су. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан адамзат оларды ардақтап, қастерлейді.

Күн – барлық тіршіліктің құдіретті тірегі. Ертеде адамзат Күнді жаратқанның жаратушысы деп, табынып, барлық тіршілікте Күннің құдіретіне сүйенген. Шын мәнінде мынау жарық дүниенің өзі күннің сәулесі мен жылылығынан қуат алып тұр. Сондықтан да күн тұрған аспан әлемін қастерлеп, «аспанға қарап түкірме», «аспанға тас лақтырма» деп, ырым-тыйым жасайды. Күннің нұры – сәулесі, құдіретті күші – Әлемдегі барлық тіршілік оттың күшімен қозғалысқа түсіп, адам өмірін өркендетіп тұр. Отты халық қастерлеп «отты баспа», «отпен ойнама», «отқа түкірме» деп, тыйым жасап, кесірді отпен алстай, отқа табынған.

Жер бетіндегі өмір сүрудің негізгі бір тірегі – су, өсімдік, жануар, адамзат сусыз өмір сүре алмайды. Судың шығып жатқан жерін «әулие бұлақ», «әулие көл» дейді. «Судың да сұрауы бар» деп, суды ысырап жасамау керек екенін ата-анамыз өз ұрпақтарына ескертіп отырады. «Сулы жер-нулы жер», «Өзен бар жерде өмір бар», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Судай таза, сүттей ақ бол» деп, халық өмір мен тұрмыстың жақсы болуы суға байланысты екенін, сондықтан бұлақтың көзін ашып, тоған тазалап, судың ағысына арна жасай білуді уағыздайды. «Суды улама» деп, су-

дың тазалығын сақтауды талап етеді. Суды дұрыс пайдалана білмегендіктен, Арал теңізінің тартылуы, өзен-көлдердің улануы халықты күйзелтуде. Өзен-көлдерден құстар мен аңдардың кете бастауы – қасірет. Ел еңбектеніп, ұрпақтарын табиғат апатына қарсы күреске тәрбиелейді.

Жер бетіндегі өмір ырғағын жасап тұрған күдіретті нәрсе – ауа. «Ауа – өмір тынысы» дейді халық. «Асқар таудың ауасы- аурудың дауасы», «Ауаны былғама, алланың демі» деп, халық кең ауаны, таза самалды қасиет тұтқан. Ең қымбатты, қажетті нәрсені «ауадай қажет» деп, халық ауаны қымбаттың қымбаты деп бағалайды. «Ауаны қылышпен еспе» деп тыйым салады. Демек, тіршіліктің төрт тірегін қастерлеу – халық салты, өмір заңы.

Қазақта «Ер туған жерінде, ит тойған жерінде» деген мақал бар. Әрбір адамның туған жері – бәрінен де қымбат. Өйткені сол жердің топырағында өсіп, ауасымен тыныстады, табиғатымен біте қайнасып, адам болып қалыптасты. Сондықтан да әр адам туған жерін қорғайды, аялайды, күтеді, қастерлейді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш», «Жол үстінде тас жатса, алып таста», «Гүлді жұлма», «Ағашты жастай қырықпа», «Шыңнан тас домалатпа», «Құмырсқаның илеуін бұзба», «Судың да сұрауы бар», «Суды ысырап қылма», «Аққуды атпа», «Құс ұясын бұзба», «Артында мал қалғанша, тал қалсын» т.б. тыйымдар мен мақалдар табиғатқа байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің ертеден қалыптасқанын көрсетеді. Ата-бабамыз ұрпақтарына табиғатты аялауды әрқашан да әдеппен аңғартып отырған.

Табиғатты аялап, оның қызықтарын көре білген халқымыз табиғат заңдылықтары мен оның сиқырлы сырларын да жақсы білген. «Ай қораланса, аяғыңды сайла, күн қораланса, күрегіңді сайла» деп, күн райының құбылуын ай бетіне, күн жүзіне, жұлдыздарға қарап болжаған. Ай шалқайып туса, «өзіне жайлы, шаруаға жайсыз» деп, ол айда жауын-шашын, жел, құбыл-

малы ауа-райы болатынын алдын ала біліп, күнделікті тұрмыста қолдана білген. Тіпті «Түнде жұлдыз жиі көрінсе, күндіз ашық болады», «Жатқанға дейін үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі қалды» деп, көктемнің келуіне байланысты ауа-райының құбылыстарын күні бұрын болжап, жыл мезгілдерінің кезеңдерін айқындап, жақсылыққа жадырап, әсем табиғатты әдеппен қорғаған. Халық арасында туған жер туралы әндер мен күйлер өнер адамдарының, өнерпаз халқымыздың туған жерді ардақтай сүйетінін дәлелдейді. Құрманғазы атамyzдың «Сарыарқа», «Алатау», Тәттімбет атамyzдың «Саржайлау» күйлері кең даламыздың тамаша табиғатын көз алдымызға келтіреді.

Айналадағы орта және адам арасындағы байланыс жайындағы білім пәнаралық және пән тұрғысында қарастырылуы керек, яғни экологиялық, биологиялық арнайы жеке пән деп қарамай, барлық оқу жоспарында пәндерді айналадағы ортаны қорғау идеясына бағындыру деп ұққан жөн. Сонда оқушылардың айналадағы табиғи орта туралы біртұтас түсінік алуына болашақ мамандардың айналадағы табиғи ортаға тигізетін нәтижелі тәсілдер ықпалы мен әсерін бағалай білуіне мүмкіндік туады.

Табиғат құбылыстарының, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің мәнін, заңдылықтарын терең түсінудегі өздігінен өзінің білім дағдылары мен іскерлігін жетілдірудегі оқушының әрбір қадамы оның дүниетанымын кеңейте түседі.

Аға ұрпақтың еңбегімен жасалатын табиғи мұраларды қорғауға тәрбиелеп қоймай, оларға бұл игі істі жалғастырушы екендіктері ұғындырылып, оған үлес қосу әрбір адамның азаматтың қасиеті екендігі сендіріледі. Туған жерді көркейтуге әрбір жас неғұрлым ерте араласса, еңбегі сіңсе, ол соғұрлым қымбат түседі. Табиғи қорларды молайтуға араласып, оның сырын жан дүниесімен сезінген оқушы кез келген шыбықты сындырмайды, құстарды зәбірлемейді, барлық игілікті еңбекпен келетінін біледі. Оқушылардың та-

биғатты қорғауға тәрбиелегенде оның адам денсаулығын нығайтудағы материалдық және рухани тәрбиелік әсері бөлекше. Адам денсаулығының қайнар көзі таза су, ауа, күн нұрының шипалық қасиетін, қозғалыс, орманбақтарындағы, мектеп учаскесінде дене еңбегі, практикалық жұмыстар организмді шыңдаушы екендігін, әрі табиғатқа пайдалы екенін, табиғат байлықтарын қорғауға керек екендігін таныту, ал табиғаттың әсем көріністеріне сүйсіну, қуану, рахат сезіміне бөленуге және жаңа күш беріп, денсаулығын нығайтуға көмектесетін пәндік тақырыптар. Бұндай мазмұндағы тақырыптардың тәрбиелік мәнін аша отырып оқыту – табиғаттың адам организмін сауықтырушы, денсаулығын қамтамасыз етуші ұлы емші екендігін білдіреді.

Биология пәнін оқыту барысында ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыру жолдары келе-седей:

1) Ұлттық табиғи саябақтарда табиғат қорғау жұмыстарымен бірге табиғат қорғауды насихаттау, экологиялық білім мен тәрбие беру, туризмді үгіттеу жұмыстарын жүргізу үшін, өзі тұратын мекенге байланысты далалық саяхаттарды ұйымдастыруға болады. Оқушылар саяхат жасау барысында, өз туған жерінде қандай өсімдік өсетінін анықтайды. Сонымен қатар, оқушылар туған жер табиғатының қазіргі жағдайын көре отырып, талдау жасауға мүмкіндік болады.

2) Биология сабағында еліміздің табиғат алаптары сиреп, құрып кетуге айналған жан-жануарлар мен өсімдіктердің аса маңызды тіршілік ортасын сақтауға тәрбиелеу үшін жазушылардың еңбектеріндегі үзінділерден мысалға келтіруге болады Мәселен, белгілі жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбеков өз шығармаларында халқымыз бен табиғат арасындағы үндестікті, бірлікті ерекше атап өткен: «Көшпелі өмір салты табиғи географиялық дара бітімдегі биосфераға бірден-бір үйлесетін халық. Ата-бабамыз туған жеріне кіндік қанын ғана тамызып қоймаған, қажет болса, жүрек қанын да төге білген». Халқымыздың қажырлы да қайсар, батыр да ба-

тыл ұлы Бауыржан Момышұлы атамыз: «Сұлулық дегеннің тамыры табиғаттану деген нәрседе жатыр. Мысалы гүлді алайық. Сол гүлдерге біз сұлу емессің деп айта алмаймыз. Ол табиғаттың жасаған сұлулығы. Аңдардың ішінде де сұлуы аз емес. Құстарды да алып қарағын. Олардың ішінде де қаншама сұлулар бар. Сол себепті, қарағым, сұлулық деген нәрсенің өзі табиғаттың творчествосы. Осы күнде ғалымбыз деп жүрген, бірақ табиғатқа қарсылық ету күнә» деп, табиғат сұлулығын сезіне білу және аялау қажеттігін ерекше ескерткен жөн.

3) Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі жастарға үлгі-өнеге боларлық асыл мұралар даналық ұғымдар түрінде, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз әңгіме, ырымдар мен тыйымдар туралы хабардар ету арқылы жеткізуге болады. Жоғарыда биология пәніндегі мазмұнды ұлттық тәлім-тәрбиемен байланыстырылған күйінде сипатталған мысалдарды қолдануға болады.

Биологияны оқыту барысында оқушыларға ұлттық тәрбие беру білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп шәкірттің дүниетанымын кеңейтеді, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді, қоршаған ораны қорғауға икемдейді.

Қорыта айтқанда, биология пәнін оқыту барысында ұлттық құндылықтар, мәдениет, салт-дәстүрлер, ырымдар туралы мәліметтерді қолдана отырып, жастарға ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіре аламыз. Биология пәнінде жастарға ұлттық тәрбие беру өте маңызды. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау – бұл ұлттық міндет. Ол тек жақсы дамыған индустриалды мемлекеттерде ғана емес, барлық материктерді тұщы сулы бассейіндерді, теңіздерді, адамдар мен тірі организмдерге қажет ауа қабатын да қамтиды. Оқушыларға мектепте оқытылатын биология пәнінің өзіндік ерекшелігі осында. Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, әңгімелерді, өсиеттерді биология сабағында әр тақырыпқа қатысты сабақ барысында қолданса оқушылардың ұлттық тәлім-тәрбиесін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2011.
- 2 Нұрғазина А.С., Молдашева К.А. Ұлттық тәрбие және оны жаратылыстану ғылымымен байланыстыру.//Ұлттық тәрбие.-2014. -№1(21)-б.54-56.
- 3 www.ped.kz/zharatylystanu-ba-yty/biologija/page-2
- 4 www.islam-orkeniet.kz

ӘОЖ 37.034

А.А Наукенова., Р.М Шокатова

Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжінің арнайы пән оқытушылары

Г.Г Жумиева

*№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің психологы
Ақтөбе қаласы*

**АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДА
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақала оқушылар бойына адамгершілікті қалыптастыру мәселесін зерделеу өзектілігіне негізделген, адамгершілік тұлғаның қасиеттері мазмұны мен маңызы көрсетілген, тәжірибе жүзінде іске асырылған әдістемелер және оқушылардың адамгершілік негіздеріне диагностика жасау мәселені шешу қажеттілігі дәлелдейді. Авторлар, сондай-ақ оқушылардың адамгершілік қасиет негіздерін қалыптастыруды мектепте білім беру процесін жетілдірудің жалпы ұсыныстарын берген.

Түйін сөздер: *адамгершілік, жеке тұлға, оқушы, тәрбиелеу, әдістеме, қалыптастыру.*

В статье обоснована актуальность исследования проблемы формирования основ гуманности у ученика, обозначены сущность и содержание гуманности как качества личности, представлены данные методики реальной практики работы и диагностики основ гуманности у учеников как подтверждение необходимости разработки данной проблемы. Автором даны также общие рекомендации по совершенствованию педагогического процесса в школе в области оптимизации формирования основ гуманности у школьников.

Ключевые слова: *нравственность, личность, ученик, воспитывать, методика, формирование.*

In the article the urgency of studying the problem of forming the foundations of humanity pupil, marked the nature and content of humanity as personality traits, presents the methods and practices of the actual diagnosis of the foundations of humanity at the school as a confirmation of the need to develop this problem. The author also gives general recommendations for improving the educational process at the school to optimize the formation of the foundations of humanity schoolchildren.

Keywords: *morality, personality, pupil, educate, technique formation.*

Бүгінгі таңда болашақ ұрпақ тәрбиесі ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтардан нәр алумен ұштастырылып жүргізілуді талап етеді. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Бүгінгі кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б.

Адамгершілік – ең жоғарғы құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адам өмірінің мәні – маңызды іс-әрекет пен мақсат, мұрат, күш-қайрат және өмір сүру жолдарымен бағаланады. Адам мақсатын адамгершілік қасиеттер арқылы жүзеге асырады. әл-Фараби «Барлық халық бейбіт өмір сүрсе, жер беті бақытқа толады» деп адамгершілік тәрбиенің биік сатысы екендігін айтады. Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі деп, ағар-

тушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, әр бір адам үшін жоғарғы құндылық – отбасы, адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапаларына құндылықты қатынас және ең жоғарғы инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету. Ұлттың болашағын ойлаған қазақ зиялылары, жастарды халқымыздың ежелден келе жатқан үлгі – өнегесі бойынша тәрбиелеуде, адамгершілікке бағытталған идеялары жас ұрпақты Отанын сүйетін, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге бағыттайды.

Халқымыздың тәлім – тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көз жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік-адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізгі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әдеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» деген заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың даналық сөзі аса көрегендікпен айтылғанын өмірдің өзі дәлелдеп берді. Жақсы адам жарлыдан, адамгершілік арлыдан шығады. Тәрбиелі адамнан-тәлім, ғалымнан - ғибрат, өнерліден-өнеге, данадан-ақыл үйрену. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В.Сухомлинский «егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы—өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-біздің қоғам алдындағы борышымыз.

«Нұр отан» партиясының 11 ақпанында өткен XIII съезінде жастар тәрбиесіне басты

назар аудару Н.Ә. Назарбаев жан-жақты дамыған «болашақ Қазақстандықты» тәрбиелеу – мемлекеттің жастар саясатының мақсаты деп атап көрсетті. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі адам капиталына тікелей тәуелді. Ал адам капиталы ұғымының түпкі иірімінде тек қана ғылым-білім жатқан жоқ, онда рухани тәрбие маңызыда зор. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп данышпан Әл-Фараби айтқандай, жастар «жан жемісін татпай, өмірдің терең мағынасы мен шын мақсатын түсіне алмайды», – дей келе қоғаммен жеке тұлғаның тарихи жағдайдағы қоғам өмірімен тығыз байланысты екендігін байқаймыз. Тәрбие – қоғамдық процесс.

Еліміздің егемендігін нығайту, олардың елін-жерін сүйетін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету «білім беру жүйесінің басты міндеті». «Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» – деп Ата Заңда көрсетілген осы бір мағыналы ұғымды өскелең ұрпақ жастайынан бойына сіңіріп өсуі керек. Патриотизм Отан сүйгіштік, патриоттық тәрбие мәселесі адамзат өркениетінің оң бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат, асыл мұрат, азаматтық парыз. Жалпы халқымыз сан ғасыр бойғы даму тарихында өз ұрпағына патриоттық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор, рухани-мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Мақсатты жүзеге асыру үшін патриоттық тәрбие жөніндегі халық қағидалары, әдіс-тәсілдер қолданылған.

Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады. Адамгершілік тәрбиесінің теориялық мәселелері Әл-Фараби, Ыбырай, Абай т.б. еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Мәселен, Әл-Фараби «адам өз өмірінің қожасы,

сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек». Ол не нәрсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады» деп жеткізсе, Абай адамгершілік, әдептік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырды.

Қырғыз халқының дана ұлдарының бірі Ш.Айтматов: «Өз халқының және басқа халықтардың тарихи тәжірибесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді», - дейді.

Тәрбие мәселесі – ұрпақтан ұрпаққа таралып, жетілдіріліп отырған өмір мектебі. Осы өмір мектебінің оқулықтарын қазіргі таңда халық даналығы қазынасының, рухани өмір беттерімен, тарихы мен мәдениетінен, әдебиеті мен өнерінің, салт-санасы дәстүрінен, осылардың үлгілерінен іздеген жөн. Өйткені өз тілін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін білмеген адамның рухани деңгейі төмен.

Тәрбиенің негізгі мақсаты дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парсатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым қатынаста болады. Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады. Адамгершілік қатынастар моральдық нормалармен өлшенеді. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асыра аламыз. Адамгершілік құндылықтарды жеке

тұлға бойында қалыптастырудың бірден бір жолы – білім беру ісінде жүзеге асыра аламыз. *Біріншіден*, білім беру барысында мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы болып табылғандықтан, сабақ тақырыбына байланысты мақал-мәтелдерді мұғалім айтып, ол мақаланы қалай түсінгендігін, берер тәрбиесі туралы қысқаша пікірлер алмасулар арқылы адамгершілік қасиеттерді тұлға бойына қалыптастыра аламыз. Мәселен, «жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» – деген мақал арқылы мұғалім білім алушыларға адамның қандай жағдайда адамгершілік қасиеті болмайтынын жете түсіндіріп, оны болдырмауға ой тастайды.

Екіншіден, адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Сондықтан адамгершілікке үгіттейтін қойылымдар қойып немесе қалада білім алатындарға театрға апарып көрсетуге болады. Сонымен қатар, ұлттық төл ертегімізді оқыта отырып, ертегінің моральдық жағдайы қандай деген сұрақтарды қойып білім алушылардың ойлауына түрткі болады. Бұл туралы атақты педагог Сухомлинский «Бала кезде үш жастан оны екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәріне де ертегіден алады» деп жеткізген.

Үшіншіден, білім алушы бойына адамгершілік құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдардан хабардар болуы керек. Кез келген адам өзінің халқын, жерін елін сүймесе, адамгершілік құндылықтар тұлға бойында табылуы мүмкін емес. Өйткені, адамның сезімі мен адамгершілік қасиеті бір-бірімен тығыз байланысты. Адам ұлттық құндылығын, салт-дәстүрін, тарихын, философиясын білсе, жүрегінде деген өз ұлтына мақтаныш пен махаббат сезімі ұялайды. Отансүйгіш адам өз еліне, халқына опасыздық жасай алмайды. Яғни, бұл жаман қылықтар істемегені адамгершілік қасиетінің

болғандығы деп түсінеміз. Сондықтан сабақ барысында, білім алушылардың салт-дәстүрлерден хабардар болуын қамтамасыз ете отырып, салт-дәстүрдің тәрбиелік мәнін түсіндіруіміз тиіс. Сонымен қатар, мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы білім алушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз.

Төртіншіден, білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде тәрбие жұмыстарының маңызы жоғары. Тәрбие сағаттарында оқушылармен жеке жұмыстарда жүргізіледі. Ол балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеуде елеулі орын алады. Тәрбие сағаттарының тақырыптары топ

жетекшілерінің жоспарларында белгіленуі тиіс. Олар, негізінен, идеялық-адамгершілік тәрбиелері, мәдени мінез-құлық мәселелеріне, газет-журналдардағы ең өзекті мақалаларды, жаңа кітаптарды, спектакльдерді, кинофильмдерді талқылауға, өмірі қызық адамдармен кездесулер өткізуге арналады.

Қорыта айтқанда, адамгершілік құндылықтарды жеке тұлға бойында қалыптастырудың бағыттарын мысалмен жоғарыда келтірілді. Бұл бағыттарға қосымша басқа түрлерін қосу әр мұғалімнің шығармашылығы жағдайында туындайды. Тәрбие саласындағы басты мақсатымыз рухани-адамгершілікті ұрпақ тәрбиелеу болса, ұлт келешегі-жас ұрпақты дұрыс жолға түсіру әрбір ұстаздың міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924.
- 2 Бала тәрбиесі. – 2006, №2. – 2008, №4.
- 3 Бастауыш мектепте оқыту – 2007, №4.
- 4 М. Қабиджанұлы. Даналық сөздер жинағы. – Ақтөбе, 2007.



Ешуақытта басқа ұлттың, басқа діннің адамдарын ренжітуге болмайды. Қандай жаманшылықты өзіңе тілемейсің, басқаларға да сондай тілекші бол.

Қазақстандықтардың барлығы бір-біріне тілеулес болғаны жөн

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5–11-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді	6
Қорғанбек Аманжол. Сағыныш (Мақтай аға рухына)	12
Совет-Хан Ғаббасов. Тіршілік тылсымдары (немесе, «Мәңгілік қазақ календарының» сыры)	13
Джанзакова Ш.И., Нурмуханова Б.С. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі дарындылық мәселесінің талдануы	15
Ромашев Қ.М. Отты жылдар жаңғырығы арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу	20
Садыкова А.Е., Советканова Д.М. Негізгі орта мектептің білім беру жүйесін жетілдірудің жолдары	23
Тұрғынбаева Б.А., Бейсенбаева Ғ.Қ. Шетелдік нормативтік құжаттарда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтендіру мәселесінің қарастырылу жағдайы	29
Баракбаева Т.А., Дағжан. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары	34
Сатыбаева А.С., Маханова Н.Б. География сабағында оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолдары	38
Қдыралиева Ж.Б. Қазақ халқы салт-дәстүрінің жастарға берері мол	42
Ағыбаева З.Ш. Интеллектуалдық ойын «Қызықты қазақ тілі»	45
Қиятова. Оқытудағы жаңа тәсілдерді меңгеру – заман талабы	49
Мырзаханова Ж.Б. Бастауыш сыныпта білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану	53
Үмбетова Т.Ә. Шәмші – вальс каролі	58
Жомарт Е. «Шипагерлік баяндағы» ұлттық тәрбие	61
Шілдебаева С.Қ. Ойын элементтері арқылы бастауыш сынып оқушыларының мемлекеттік тілде сөйлеу тілдерін дамыту	66
Джанкадыров С.С. Ұлттық ойындарымызды ұлықтайық	71
Ганибаева Э. Батыр бабалар – ерлігі жастарды патриоттыққа тәрбиелеу негізі	76
Махашева А.С., Каратаева К.М. Биология пәнін оқыту барысында ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыру жолдары	80
Наукенова А.А., Шокатова Р.М., Жумиева Г.Г. Адамгершілік құндылықтарды жеке тұлға бойында қалыптастыру	85

**Мақалаларды журналға басып
шығарудағы талаптары**

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесі мен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс: 74310**

**Требования к оформлению статей,
публикуемых в журнале**

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс: 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Жадыра Байбатшаева
Беттеген/Верстка – Жадыра Байбатшаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 25-үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 87026338899
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 22.05.2015 ж. Пішімі – 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі – 11,5 б.т.
Таралымы – 400. Тапсырыс – № 32